

**«Дін мен дәстүр» пәнінен
лекциялардың қысқаша мазмұны
бакалавриат, 3 курс, к/б, күзгі көктемгі (5) семестр, 2 кредит**

Модуль 1 Дін мен дәстүр сабақтастығы

Лекция 1. Дін мен дәстүр пәні

Қарастырылатын мәселелер: дін мен дәстүр пәні: пәннің мақсаттары мен міндеттері; пәннің зерттеу нысаны мен салалары. Дін – дәстүрлердің қалыптасуының алғышарты ретінде: діннің пайда болуы және оған әсер еткен факторлар. Дін және мәдениет. Дәстүрге түсінік. Салт-сана мен діни танымның бір арнада тоғысуы. «Жаным арымның садағасы» мағынасын түсіндіру. Діннің дәстүрдегі орны. Терминдерге түсініктеме. Діни ғұламалардың пікірлері. Дін, мораль, дәстүр және заң. Өткен замандағы салт-дәстүр бұлжымас заң рөлінде.

Қазақстан Республикасы көп ұлтты, көп конфессиялы мемлекет. Бір шаңырақтың астында 130дан астам ұлт өкілдері өмір сүреді. Елбасымыздың көптеген дін өкілдерінің бір-біріне діни төзімді болу мақсатында әр үш жыл сайын әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, түрлі форумдар мен кездесулерді өткізудің өзі халықтар ынтымақтастығын нығайту, елімізде дінаралық келісім, үндестік және татулықты, елдің бірлігі мен тыныштығын сақтаудың белгісі.

Елбасымыз 2015-2018 жылдарды дін мен дәстүр жылдары деп жариялады. Оның мақсаты - өскелең ұрпақтың діни сауаты мен түсінігіне дұрыс бағыт беру. Дін және дәстүр пәнінің де оқу процесіне енгізілуі себебі де студенттердің дін мен дәстүрдің сабақтастығын түсінуі, білуі үшін жасалған.

Дін мен дәстүрдің қоғамдағы алатын орны жоғары, ұлттық құндылықтар дұрыс қалыптасу үшін де атқарар маңызы өте зор. Дін – адамдық ізгі қасиеттерімізді асқақтатса, салт-дәстүр – ұлт болып қалыптасуымыз үшін қажет. *Дәстүр – ұлтты рухани жандандырып, оның ішкі және сыртқы келбетін көрсетіп тұрады. Демек, дін мен дәстүр – қашанда бір-бірімен сабақтас ұғым.*

Әр халықтың өзіне тән, қоғамның дамуына байланысты ерекшеліктері болады. Мәселен, еліміздің ұлан-байтақ жерді алып жатуының өзі ғасырлар бойы халқымыздың бойындағы, батырлық пен ерлік дәстүрін тудырған. Қазақ – ұлттық дәстүрге ерекше мән беретін халық.

Дін де, дәстүр де қоғамды біріктіруші рухани бастаулар болып табылады. Дін дегеніміз - моральдық нормалар жиынтығын және мінез-құлық типтерін, рәсімдерді, діни іс-әрекеттерді және ұйымдағы адамдардың бірігуін қоса алғанда, сана-сезімге негізделген белгілі бір жүйе.

«Дін» сөзінің араб тіліндегі мағынасы – сыйлық, үкім, есеп, жаза, мойынсұну, бағыну, құлшылық, дегенді білдіреді.

“Біздің салт-дәстүріміз, әдет-ғұрпымыз ислам дініндегі құндылықтармен біте қайнасып, сабақтасып кеткен. Кез келген мәдениетіміздегі құндылықты, салт-дәстүрді алып қарасақ діннен негізін табамыз. Қарапайым халық олардың діндегі сүннет, мұстахат, уәжіп екенін білмеуі мүмкін. Бірақ, ол діндегі негізгі құндылықтардың бірі. Ал, дәстүрдің анықтамасына тоқтала кетсек, «салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діни мен сеніміне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, күнделікті қолданыста бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабилданған мінез-құлық ережесі немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін термин”.

Ол қоғам мен халықта қалыптасқан мінез-құлқының, іс-әрекетінің рухани негізі. Уақыт өткен сайын салтқа өзгеріс еніп, қоғамға бейімделіп келеді. Дәстүр мәдениетпен тығыз байланысты, сондықтан мәдениеті дамыған ел дәстүрге де бай. Ата-ананы

құрметтеу, үлкенді сыйлау, адалдық, әділеттілік, мейірімділік сезімдері озық дәстүрлерге жатады.

Салт-дәстүрдің тәрбиелік маңызы ерекше. Мысалы, қазақ халқының дәстүрлі әдеп-ғұрыптарының бірі — «Жол беру». Жасы кіші адам үлкенге бөгет жасамай, жол босатады, үй ішінде төрге отырғызады, астан дәм татар кезде де осы әдеп сақталады.

Қазақтың әдеп ғұрыптары мейірімділік пен қамқорлыққа да толы, мысалы, «Ерулік беру», ауылға басқа жақтан бір үй көшіп келсе, көрші қолаң немесе жақындары жаңа үйге «ерулік» деп ас пісіреді, табақ тартып, қонақасы береді. Осылайша қазақтар танысын, танымасын бір-бірін бөтенсінбей, өз ортасына тарта білген.

Сол сияқты, «Жылу жинау» бір бақытсыздыққа ұшырағанында, үй мүлкі, малынан айырылғанда ауыл тұрғындары, көрші-қолаңы, туған туыстары мал, дүние, ақшалай көмек көрсетеді.

«Асар жасау», үй салу, егін ору, шөп шабу тәрізді қауырт жұмыстарды көптің күш-қайратымен, көмегімен тез атқару үшін үй иесінің ауылдастарын, туған-туыстарын шақырып, бірлесе қимылдауын асар жасау деп атайды. Үй иесі жәрдемдесуге келгендерге тамақ дайындап, сый құрметін көрсетеді. Асарға келгендер атқарған жұмысына, көмегіне ақы алмайды.

Халқымыздың тәрбиелік құралдарының күнделікті қолданылатын үлгі, өнеге түрлерінің бірі – тыйым. Қазақта «қызға қырық үйден тыйым» деп аталатын тәрбие бар. Мағынасы: қыз балаларға, іс-қимыл, жүріс-тұрыс дағдысы, қыз намысы туралы жан-жақты мағлұмат беру арқылы қыз балалардың бойына рухани – адамгершілік, әдептілік, сыпайылық, имандылық, тазалық қасиеттерді дамыту. Сондай ақ «қыз елдің көркі» деген мақал бар, яғни қыз бала тәрбиесіне тек ата-анасы жауапты емес, бүкіл ауыл, ел жауапты болып отыр.

Жастарға тәрбие беруде дәстүрдің озығы мен тозығы бар демекші заман талабына сай озық тұстарын ұтымды пайдалану керек.

Қазіргі өскелең ұрпақтың көбі «Жігіттің құны жүз жылқы, ары мың жылқы», деген мақалдың мән-мағынасын біле бермейді. Сондай – ақ, халықта «Ер жігіт елінің ұлы, намысының құлы», «Малыңа сүйенбе, арыңа сүйен», «Ерді намыс өлтірер, қоянды қамыс өлтірер» секілді мақалдары кең тараған. Яғни, ер азамат намысты, арлы болу керек деп, аталарымыз ұрпақтарына өсиет еткен. Қазақтың ар мен намыс туын биік ұстаудың нәтижесінде бабаларымыз өз елін, кең даласын сақтай білді. Тұтастығы бұзылған жоқ, туы жығылған жоқ.

Біздің қазіргі әдет-ғұрып деп ұстанып жүрген ата-баба мұраларының көпшілігін бабаларымыз сол кезеңдерде «сүннетті ұстану» ниетімен қалыптастырған. Сүннет дегеніміз – пайғамбар жасаған және жасауды насихат еткен іс-әрекеттер. Бұған дәлел – көптеген әдет-ғұрыптар мен наным-сенімдеріміздің хадис және сүннеттерімен үндесіп жатуында.

Ислам діні ұлтымыздың бітім-болмысы мен мәдениетінде дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарында өзіндік із қалдырған. Халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде сақталған діни дәстүрлер: сүндеттеу, неке кию, Құрбан айт пен Ораза айт, жарапазан, садақа беру, пітір беру, бата беру, тәуіптік емдеу әдісі, тасаттық жасау діни жоралғылардың өміршеңдігін көрсетеді. Сондай-ақ мазарлар мен кесенелер, мешіттер мен медреселер халқымыздың тарихында ұлт руханиятының асыл қазынасы ретінде қызмет атқарды. А.Сейдімбек мәдениетіміздегі ислам дінінің орны туралы былай дейді: «Ислам діні тек қана наным-сенім аясымен шектелмей, сол діндегі елдердің өмір салтына, моральдық-этикалық нормаларына, мәдени-рухани үрдістеріне, дәстүріне айналып отыр».

Елбасымыз Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды», — деп ұлттық құндылықтардың айрықша орнын атап өтті.

Ата-бабадан аманат болып жеткен сол дәстүрлердің бір парасы сан ғасырлардан бері ұласып келе жатқан ұғым-ұстанымдар болса, ал басым бөлігі асыл діннің әсерінен

пайда болған дағдылар. Расында да белгілі бір қауымның қалыптасуы үшін алдымен ортақ тілі мен діні, тарихы мен салт-дәстүрі, Отаны болуы тиіс.

Лекция 2. Дін мен дәстүрді зерттеу.

Лекцияда қарастырылатын мәселелер: дін мен дәстүрді зерттеу. Діннің дәстүрмен байланысы. Зерттеудің міндеті, әдістері және жүйесі. Дәстүрдің көне ескерткіштері. Терминдердің түсіндірмесі. Дін – әрбір ұлтты ұлт етіп қалыптастыратын бірден-бір фактор. «Жақсы заңың болғанша, жақсы дәстүрің болсын» халық нақылы. Ғұрыпты дәлел ретінде қарастыру. Дәстүр мен діннің айырмасы. Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар. Теріс әдеттер. Әділетсіздік. Ұлттық сана. Діни дәстүр. Діни рәсімдер. Ұлттық дәстүрдегі діни дүниетаным. Халықтардың мәдени және тарихи мұраларындағы дәстүрдің негізгі функциялары мен әлеуметтік маңызы. Дәстүр мен әдет-ғұрып қатынасы. Күнделікті дәстүр: тұрмыс және үйреншікті өмір. Қасиетті және тұрмыстық немесе күнделікті дәстүр.

Дін мен дәстүр сабақтастығы көптен бері қаузалып келе жатқан тақырып. Біз осынау маңызды мәселеге қатысты шарғи көзқарасты білдіруді жөн санадық. Көздегеніміз қазақтың салт-дәстүр тарихын бүге-шігесіне дейін зерттеу емес, ол осы саладағы мамандардың ісі, мұратымыз қазірге дейін сақталып келе жатқан әдет-ғұрып, салт-сананың негізі мұсылманшылықта жатқандығын дәлелдеу. Себебі, соңғы кездері қазақты түрлі деңгейде Исламнан алыстатуға тырысушы пікірлер пайда болды. Кейбірі теріс пиғылмен әдейі әрекет етсе, енді бірі білместікпен надандық дәуіріне тартады. Бірі қазақ халқының негізгі діні бақсылық десе, енді бірі қазақ сахарасында басқа да діни дәстүрлер басым болды, қазақ мұсылманшылықтан алыс болды деген негізсіз пікірлерін тықпалайды. Ата-баба дінін мансұқ еткен адасқақ ағымдардың тағы бірі «Қазақ даласында бірқұдайшылдық, таухид ілімі жиырмасыншы ғасырдың тоқсаныншы жылдары ғана келе бастады» деген қасаң пікір ұстанады. Олар өздерінен бұрынғының бәрін мүлде мансұқтайды да, «таза дінді біз әкелдік» деген көзқарас ұстанып, діни ортада бүлік шығаруға тырысады. Пайымдауларына қарасақ, қазақ халқы бұрын-соңды Құдайдың бір екендігін білмегендей. Таза монотеистік дінді, таухид ілімін Алаш еліне алғаш әкелушілер өздері сияқты. Сайып келгенде, осындай бұра тартушылықтардың барлығы дін мұраттарын дұрыс түсінбеуден, максималистік көңіл-күйден, шала сауаттылықтан шыққан. Осы тұрғыдан алғанда дін мен дәстүр сабақтастығын, салт-сана мен діни танымның бір арнада тоғысатындығын дәлел-дәйектер арқылы дәлелдеудің орайы туды. Сан ғасырлардан бері қалыптасқан дәстүрлі діни танымдымызды әлгіндегідей әнтек әрекеттен, жаңсақ жорамалдардан қорғауға деген қажеттілік туындады. Келелі сөз айтып, кесімді пікірлерімізді білдіруге тура келді. Ар-ұжданның ақ туын көтерген ата-бабаларымыз кейінгі ұрпағына осыншалықты кең-байтақ атамекенді аман-есен жеткізді. Сонымен қатар бізге ең басты байлық – дін дәстүрлерімен өрілген теңдессіз ділімізді, ұлттық болмысымызды, салт-сана, әдет-ғұрыпымызды атаның батасымен, ананың ақ сүтімен бойымызға дарытып кетті. Ендеше «жаным арымның садағасы» деп мұсылманшылықты ту еткен сол баһадүр бабаларымыздың салып кеткен сара жолынан айнымағанымыз жөн. Керісінше, ежелден қалыптасқан мұсылманшылық дәстүрлерімізді, мазһабымыз бен мектебімізді қайта жаңғыртып, ғасырлардан жеткен мұраларымызды мансұқ етпей, қолда барды бағалай білгеніміз дұрыс. Қоғамды ынтымаққа ұйытатын, бірлікке бастайтын құндылықтарды қадірлеуіміз қажет. Дәстүрлі дінінен, ділі мен тілінен, әдет-ғұрыпынан ажыраған елдің болашағы жоқ. Сол үшін рухани құндылықтарымызды құнттай білгеніміз жөн. Әйтпесе, Құран Кәрімде ескертілген ақиқат жолынан айнып, адасқан қауымға айналып кетуіміз бек мүмкін. Тарих беттерін парақтап отырсақ, сонау 751 жылы Талас өзені бойындағы Атлах шайқасында ақиқат пен жалғанның ара-жігі айқындалды, Орта Азиядағы түркі халықтары шығыстағы алпауыт көршісінің шеңгелінен біржола құтқарылды. Яғни Ислам дінінің келуімен ата-бабаларымыз азаттыққа, дербестікке қол жеткізді, дамудың жоғары сатысына көтерілді. Одан берідегі қазақ қазақ болып, жоңғар

қалмақтарымен арадағы үш жүз жылдық аумалы-төкпелі арпалыста өткен заманда да дініміз басқа болған соң ғана ассимиляциядан аман қалдық. Одан кейінгі орыс отарында болғанда, Кеңес империясының атеистік идеологиясы үстемдік еткен заманда да, ұлттық болмысымыздың сақталып қалуына себеп болған сол мұсылманшылық ұстанымымыз. Ендеше қазірде ортамызға от ала келген ағымдар мен пікірлік-ділдік басқыншылыққа қарсы тек сол дәстүрлі мұсылманшылығымыз арқылы ғана қарсы тұра аламыз. Дінімізге, дәстүрімізге берік бола алсақ қана елдігімізді сақтап, дербестігімізге ие болып қала аламыз. Өйткені дін әрбір ұлтты ұлт етіп қалыптастыратын, тілі мен ділін, мәдениетін, мемлекетшілдігін, ойлау жүйесін жаңа деңгейге көтеретін бірден-бір фактор.

Лекция 3. Батыс елдеріндегі дін мен дәстүр

Лекцияда қарастырылатын мәселелер: Еуропа елдерінің халықтарының мораль және салт-дәстүрлері: ежелгі Греция халықтарының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің тарихы. Ежелгі Рим халықтарының әдет-ғұрыптарының тарихы. Еврей халқының әдет-ғұрыптарының тарихы. Орта ғасырдағы еуропалық халықтардың діні және салт-дәстүрлері. Жаңа уақыт дәуіріндегі еуропалық халықтардың діні мен әдет-ғұрыптары. Жаңа және заманауи дәуірдегі еуропалық халықтардың діні және әдет-ғұрыптары: буржуаздық дәуір.

Антик дүниесінің өнері деп аталатын ежелгі Грекия мен Рим мәдениетінің әлемдік өркениетте алатын орны ерекше. «Антик — (көне, ежелгі)» деген ұғым. Қайта өрлеу дәуірінде дүниеге келген, бұл терминді итальян ойшыл-гуманистері грек-рим мәдениетіне байланысты қолданған. Бұл атаудың түп-төркіні «ежелгі», «көне», «қадым заман» мағынасын беретін «антиквус» деген латын сөзінен шыққан. Көне мемлекеттердің мол, мәдени мұрасы Еуропаның барлық халықтары өнерінің, көркем әдебиетінің, философиясының, театрының және т.б. дамуына, саяси және құқықтық көзқарастарының қалыптасуына елеулі ықпал жасады. Өмір шындығын нақты бейнелеп, көркемділік пен қарапайымдылық, шыншылдық пен шеберлік қасиеттерімен белгілі болған грек және рим сәулетшілерінің, мүсіншілерінің және кескіндемешілерінің даңқты мәдени туындылары — көне заман тарихы туралы ұғымымызды кеңейтіп қана қоймай, мәдениеттің асқақ үлгісі ретінде күні бүгінге дейін өз мәнін жоймай отыр. "Геродот мүсіні" «Көне», «қадым заман» мәдениетінің негізін қалаушылар ежелгі гректер екендігін ешкім жоққа шығара алмайды. Олар өздерін «Эллиндер»; ал өз елдерін «Эллада» деп атаған. Антик дүниесінің мәдениеті біздің заманымыздан бұрынғы бір мың жылдықтың алғашқы ғасырларында қалыптаса бастаған. Оның он бес ғасырдай уақытын қамтитын ұзақ ғұмыры біздің заманымыздың V-ғасырда Рим империясының құлауымен аяқталды. Мәдениет тарихының қай кезеңін алсақ та, ол өзінің баға жетпес мәдени құндылықтарымен ерекшеленеді. Сондықтан да болар, ғалымдар көне мәдениеттің ішінде, әсіресе, грек мәдениетіне ерекше мән береді, өйткені ежелгі Грекияның өдебиеті, өнері, философиясы және т.б. ғасырлар бойы Еуропаның барлық елдерінің ақындарына, мүсіншілеріне, суретшілеріне, жазушыларына, композиторларына сарқылмас шалқар шабыт берді. Шындығын айтсақ, біздің дүниежүзілік мәдениетпен таныстығымыздың өзі де гректердің таңқаларлық мәдени қазынасы мен үшқыр ақыл-ой иелерімен танысудан басталады. Мұндай ақыл-ой даналығы рухани және саяси-әлеуметтік өмірдің барлық салаларында — поэзияда, саясатта, ғылымда, құқықта, кескіндеме, сәулет, мүсін және т.б. өнер салаларында кеңінен көрініс тапты. Көне мәдениеттің жарқын беттері Эсхил, Софокл, Еврипид, Геродот, Фукидид, Демокрит, Платон, Аристотель сияқты ұлылар есімімен тығыз байланысты болды.

Грекияның көне мәдениетінің тамыры тереңде жатыр, өйткені, оның бастауында б.з.д. III—II мыңжылдықтарда Грекия жері мен Эгей теңізі аралдарын мекендеген тайпалардың өркениеті жатыр. «Эгей» өркениеті мәдениеттің қайнар бұлағы болды, міне сондықтан да грек халқының ежелгі мәдениетінің ең ерте шағы Эгей өнерімен сабақтас.

Б.з.д. II-мыңжылдықта Эгей мәдениетінің аса маңызды орталықтары Крит аралы мен "Зевс" Пелопоннес түбегіндегі Микены болғандықтан да Эгей өркениетін Крит-Микены мәдениеті деп атайтын болған. Грек аңыздарына қарағанда Крит — ұлы жебеуші, найзағай тәңірі Зевстің туған жері. Аңыз бойынша гректердің ең басты құдайы Зевс бұқа бейнесіне еніп, Финикия патшайымы, асқан сұлу Еуропаны алып келеді, ал одан аралдың болашақ билеушісі Минос туған. Атақты Геракл өз ерліктерінің бірін дәл осы Крит аралында жасаған, құтырған бұқаға бас үйреткен. Гомер де өз дастандарында бұл арал қалаларының бай екендігін мадақтай көрсетеді. Ал шындыққа белгісіз кейбір аңыздарда Зевс пен Еуропаның баласы Минос ел билеуші патшалардың ішіндегі ең әділеттісі болыпты-мыс дейтін деректер бар. Алайда Критті осындай есімді патша тек мифологиялық шығармаларда ғана емес, грек тарихшыларының еңбектерінде кездесетінін естен шығаруға тағы да болмайды. Крит жайында египеттік текстерде де кейбір деректер ара-тұра кездесіп қалады. Грек тілі Үндіеуропалық тілдер семьясының жеке тобына жататын жаңа грек тілінде сөйлейді. Диалектілері, наречиелері мен говорлары бар. Ежелгі грек тілінің лексикасы, латын тілімен қатар қазіргі ғылым мен ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуына негіз болды. Жаңа грек окйнесі оңтүстік диалектілердің негізінде құрылып, 18-19 ғғ. қалаларда кеңінен таралды. Койнеден басқа жаңа грек тілінде 4 диалект ерекшеленеді: понтийлік, каппадокийлік (понтийлікке жақын, бірақ түрік тілінің күшті әсеріне ұшыраған), цакондық, төменгі италийлік. Жаңа грек әдеби тілінің екі түрі бар: кафаревуса – «тазартылған», дәстүрлі аттикалық норманы жалғастырушы және димотики – «халықтық», Орталық Грекия говорларының негізінде қалыптасқан. Жаңа грек тілінің лексикасы өз құрамында ежелгі грек тілінен келе жатқан, сонымен қатар роман, славян, түрік тілдерінен енген архаизмдердің жаңа қабаттары, және көптеген қатарларын біріктіреді. Ежелгі жазба ескерткіштері б.д.д. 14-12 ғғ. жатады, силлабикалық критомикендік жазбамен жазылған. Алфавиттік грек жазбасының алғашқы ескерткіштері б.д.д. 8-7 ғғ. жатады.

Діни сенімдері – православиелік. Гректер үлкен европеидтық нәсілдің үнді-жерорта теңізі нәсіліне жатады. Кейбір солтүстік топтар балқандық-кавказдық нәсілдерге жатады. Гректер этносының негізін ежелгі грек қоғамы құрайды, ол б.д.д. 2-ші мыңжылдықта Балқан түбегінің оңтүстігіне, Эгей теңізінің аралдарына және Кіші Азияның батыс жағалауларына байырғы халықпен сіңісіп кеткен ионийліктер, ахейліктер, эолийліктер мен дорийлер тайпаларының қоныс аударуынан кейін қалыптаса бастады. «Гректер» этнонимі алғашқыда солтүстік Грекиядағы тайпалардың біріне қатысты болғанға ұқсайды және атап айтқанда, Беотия мен Эвбея аралындағы Грайя қалаларының атаулары бойынша танымал. Сосын ол римляндардың қолданысына еніп, барлық эллиндерге таратылған. Ежелгі гректер Еуропа мен Таяу Шығыс мәдениетінің дамуында үлкен роль атқарған жоғары антикалық өркениетті құрды. Гректердің Қазақстанға алғаш рет келуі әр түрлі оқиғалармен күндерге байланысты: олар темекі өсіру бойынша мамандар ретінде шақырылған 20-жылдардан 30-жылдарға дейінгі кезең. Келесі кезеңдер олардың Солтүстік Кавказдан (1937, 1938, 1942 жж.), Қырымнан (1944 ж.), Грузия мен Абхазиядан (1949 ж.) күштеп қоныс аударылуларына жатады. Гректер Қазақстанның түгелдей дерлік аумақтарына қоныстандырылды. Гректер жаңа климаттық жағдайларға жылдам бейімделіп, өздерінің генетикалық жан-жақтылығы мен еңбекқорлығының арқасында өздерін қызметтің әр түрінде: ауыл шауашылығында, құрылыста, денсаулық сақтау, білім, ғылым жүйесінде және т.б. көрсете отырып, жергілікті халықпен тез тіл табысып кетті.

Мәдениеті, әдет-ғұрпы мен дәстүрі

Гректердің мәдениеті, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерінің тамыры тереңде жатыр. Гректер ежелгі халықтардың арасындағы дара некелік қағидасын ұстанғандардың алғашқысы. Христиандықты қабылдап, діни сенімге сәйкес, азаматтық некеден басқа неке қию және шоқындыру рәсімдерін өткізеді. Понтийлік гректердің өздеріне тән мәдениеті, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері бар. Дәстүрлі понтийлік гректер үйлерін биік іргетасқа

немесе екі қабатты етіп салған, оның бірінші қабаты мал ұстау үшін пайдаланылған. Қазіргі уақытта үйлер кірпіштен және басқа да құрылыс материалдарынан салынады. Понтийлік гректер Түркиядан Кавказға қоныс аударылған кездің өзінде еуропалық үлгідегі фабрикалық киімдер киген. Ерлер «қалалық костюм» - пиджак, шалбар, картуз және фуражка киген. Әйелдердің костюмдері дәстүрді ұзағырақ сақтады. Грек әйелдері шальвар, белдемше және бас орамал киіп жүрген. Гректердің тұрмысында дәстүрлі понтийлік былғары аяқ киім – чаруши көп уақытқа дейін сақталды. Қазіргі уақытта гректердің киімдері заманауи сипатта болып табылады.

Күнтізбелік рәсімдер

Жаңа жылды 14 қаңтарда (ескі үлгі бойынша) атап өтеді. Жаңа жылда маска киген адамдардың шеруі өтеді. Маска кигендерден басқа жаңа жылдық түнде үйлерді жарапазан айтушылар аралайды, олар арнайы жаңажылдық жарапазан айтады, үй иелері оларға тәтті-дәмділер мен ақша береді. Рождествоны 7 қаңтарда атап өтеді (ескі үлгі бойынша). Рождествоның алдында қырық күндік ораза ұсталады. Рождестволық дастархандағы міндетті тағам кутья (колва) болып табылады. Рождестволық кеште балалар жарапазан айтып үйлерді аралайды. Шоқындыруды 19 қаңтарда (ескі үлгі бойынша) атап өтеді.

Ұлттық тағамдары

Ұлттық тағамдарды гректер тек мерекелерде және ерекше салтанатты жағдайларда ғана дайындайды. Гректерге тән тағамдар әбден пісірілген тауық еті қосылған ұнтақталған бидай жармасынан дайындалған бидай ботқасы болып табылады. Жарманы тауықпен бірге, тауық еті тарамдалып кеткенше үнемі араластырып отырып пісіреді. Сонымен қатар қуырылған жұмыртқа және жүзім жапырақтарына немесе орамжапырақтың жапырақтарына оралған туралған ет пен күріштен голубцы дайындалады. Қазіргі понтийліктерге айналадағы грек емес халық пайдаланатын тағамдардың барлығы тән болып табылады.

Эгей теңізі аймағында ежелгі тұрғындарының ой-санасында барша табиғат күштері мен құбылыстары аса құдіретті, мәңгі жасайтын тіршілік иелері құдайлар кейпінде бейнеленіп, адам баласына тән барлық сезімдермен (қуаныш, қайғы, ашу-ыза, қызғаныш, өшпенділік т.б.) керемет кіршіксіз адамдар түрінде елестеген.

Ежелгі грек мифтері ішінара тәңірілік әрекеттер туралы баяндаса, ішінара ғажайып құдірет-күш, ептілік пен батылдық дарыған әр алуан ерлі-зайыпты құдайлар ұрпағы есептелетін қаһармандардың ерліктері мен бастан кешкен оқиғаларын суреттеуге арналған. Жерорта теңізі әлемі халықтарының арасында кеңінен тараған бұл бағзы хикаялар мен аңыздарды римдіктер де пайдаланған. Жаңа дәуірде ол хикая аңыздар ежелгі грек мифологиясы дейтін ортақ атаққа ие болды. Гректер құдайлар Грекияның ең биік тауы Олимпте тұрады деп сенді. Оларды Олимп құдайлары деп атады (Зевс және негізгі құдайлар). Гректер Олимптегі құдайлар тұрмысын шонжарлардың тұрмысына ұқсатты. Шонжарлар тайпаларды қалай басқарса, Зевс бастаған «Олимпиялықтар» адамдар мен табиғатты солай басқарды. Құдайлар да мансапқор, катал, кекшіл келеді-міс. Құдайлар біреуді бай әрі шонжар, енді біреуді кедей, тағы біреуді құл етіп жаратқан. Кімде-кім құдайлар орнатқан тәртіпке қарсы шықса, ол адам құдайлардың қаһары мен аяусыз жазаға ұшырайды-мыс.

«Бұлт айдаушы» Зевстің еркімен жаңбыр жауады немесе қуаңшылық болады. Өзін ашуландырған адамдар мен құдайларды құдіретті Зевс алтын жебелермен – жай оғымен жайратады-мыс.

Гректер «Жерді тербетуші» – теңіз құдайы Посейдоннан қаһарлы Зевстен кем қырықпаған. Посейдон өзінің үш тісті орасан зор найзасымен жерді сілкіктіп, теңізге алапат дауыл тұрғызып, кемелерді суға батырып жібереді. Күн құдайы Гелиос ақша қардай аппақ аттар жегілген алтын арбасымен аспанда жүріп өткенде күн туады-мыс. Жарық пен өнердің құдайы – Аполлон. Күзде өсімдіктердің қурауы мен көктемде табиғаттың жандануы құнарлылықтың әйел құдайы Артемидаға байланысты болған. Адам өлген соң, оның жаны жер асты патшалығының әміршісі қатыгез Аид билік ететін, өлген

адамдардың қапас жер асты патшалығына түседі-міс. Аидтың аяғының астында үш басты төбет отырады, ол жер асты патшалығына келгендерді кіргізеді де, бірақ одан ешкімді де шығармайтын болған.

Гректер басты құдайларды мәңгі өлмейтін, сұлу, тұлғалы, алып адам бейнесінде елестетті. Ал орман құдайлары сатырларды үсті-бастары жүн басқан ешкі аяқты, ешкі құлақты адамдарға ұқсатты. Бұлақтардың әйел құдайларын қыз түрінде бейнелеп нимфалар деп атады. Шаруашылықтың әр саласының, егіншіліктің, мал шаруашылығының, аңшылықтың, қол өнердің әрқайсысының қамқоршы құдайлары бар деп саналды. Шарап жасау ісінің құдайы Дионис адамдарға жүзім өсіріп, шарап жасауды үйретсе керек. Оның құрметіне мейрамдар өткізіліп отырған. Гректер металл өңдеуді игере бастаған кезде ұсталардың жарылқаушысы – Гефест құдай туралы аңыз шықты. Гефест жер астындағы ұстаханада өзі жұмыс істейді екен. От пен түтін атқылап жатқан жанар таулар оның жер астындағы ұстаханасынан шығады. Гефест үстіне қолөнершілердің қарапайым киімін киеді, беті-қолы қап-қара, күйе болып жүреді-міс. Сауда-саттықтың өркен жаюына байланысты оның жарылқаушысы – Гермес құдай пайда болды. Ол Зевстің тапсырмасын орындап, бір қаладан екінші қалаға ұшып жүрген. Сондықтан көбіне ол сандал, қалпақ киген қанатты адам кейпінде бейнеленген. Зевстің әйелі Гера – неке, ана мен баланың қамқоршысы. Артемида – аңшылық құдайы, Аполлон – өнер, жарық құдайы, Афродита – сұлулық, махаббат құдайы, Арес – соғыс құдайы, Афина – қалалардың қамқоршысы, Тюхэ – бақыт құдайы, Ника – жеңіс құдайы, Фемида – заңдарды сақтаушы құдай, Мойралар – тағдыр құдайлары, өлім құдайы – Танат, ұйқы құдайы – Гипнос, Пан – орман құдайы, табиғаттың қамқоршысы, Эрида – араздық құдайы т.б..

Лекция 4. Шығыс славяндардың діні мен әдет-ғұрыптары

Лекцияда қарастырылатын мәселелер: шығыстың халықтарының әдет-ғұрыптары Орыс халқының салт-дәстүрлері мен моральдық заңдылықтары.

Шығыс халықтарының күнтізбелік салт-дәстүрлері. Шығыс халықтарының діні мен әдет-ғұрыптары. Шығыстың дәстүрлі қоғамдары.

Мифологиялық сана - дәстүрлі Шығыс қоғамының мәдениеті. Шығыс халықтары әлемінің архаикалық бейнесі: күнделікті өмірдің аксиологиялық негізі. Архаикалық күнделікті өмір: салт-дәстүр. Дәстүр және рәсім.

Ежелден және XX ғасырдың басына дейін славяндық адам мен табиғат арасындағы қарым-қатынас негізінен дәстүрлі мағынада негізделген. Ол пұтқа табынушылық пен православие элементтерін біріктіретін халықтық дінге негізделген. Дәстүрлі менталитеттегі адам ол – халықтық күнтізбеге сәйкес ырымға сенетін, қолөнермен айналысатын және ауыл шаруашылығына иелік ететін адам болып табылады. Табиғат адамның алдында пұтқа табынушылық пен православиелік сипатта көрінеді. Сондықтан табиғатпен байланыста болған адам ерікті түрде емес, Құдайдың көмегімен, пұт-құдайлар мен жақсы рухтардың көмегі арқылы әрекет етті.

Ежелгі діни және мифологиялық көзқараста адам өзінің әлеммен үйлесімділігін сезген және соны санасында бейнелеген. Көптеген осы халықтарды зерттеген ғалымдар адам мен табиғат арасындағы байланыс осы пұтқа табынушылықтан шыққан дейді. Кез-келген ұлттың мифологиясы космолизмге, яғни тірі және өзара байланысты әлем идеясына негізделген. Пұтқа табынушылық космолизм славяндық өнерде жарқын көрініс тапқан. Тұрмыстық заттар мен поэзиядағы заттардың бейнесі космостық символдар мен бейнелерге ұқсатылып жасалуы да осыдан шығады (мысалы, Әлемнің символикалық моделі - ағаш-табақ, табиғи және ғарыштық күштерді бейнелейтін пұт құдайлар). Пұтқа табынушылық адамды әлеммен бірлікте қарайды.

Орыс халқында жаңа туылған баланы суға (немесе су себу) малып алу дәстүрі бар. Бұл рәсім шоқындыру рәсімінен гөрі көне болып келеді. Бұл ғарышқа жаңа адамды

енгізудің ең көне рәсімі болып табылады. Әкесі, яғни, отағасы жаңа туған сәбиді салтанатты түрде апарып, оны Аспанға, жаңа шығып келе жатқан Күнге, отқа, өсіп келе жатқан Айға, Жер-Анаға қойып, суға малыш алатын болған (немесе күн суық болса су шашатын болған). Осылайша, бала «әлемнің» бүкіл барлық күштеріне «қорғауға» берілетін болған.

Үйрек культі – әр үйде стол үстінде үйрек фигурка тұратын болған. Ол осы ежелгі славяндардың мифологиясындағы үйрек әлемді жаратқан деген мифпен байланысты болса керек. Ол кейіннен дәстүрге айналып әкесі қызының үйлену тойына үйрек фигурасын сыйлыққа беретін болған.

Орыс халқында ерекше саналатын салт-дәстүрлердің бірі – ыдыс сындыру ырымы. Бұл дәстүр адам өміріндегі өзгерістерге байланысты орын алады. Мысалы, адам дүниеге келгенде, үйлену тойында немесе адам қайтыс болғанда.

Сәби дүниеге келген уақытта арнайы шыны ыдыста күріштен немесе бидайдан ботқа пісіріледі. Қонақтар тамақ ішіп болған соң, дастарханға осы дәм әкелінеді. Кімде-кім ыдысқа көп ақша салса, сол адам ыдысты сындыру құрметіне ие болады. Шыны ыдыс сынған уақытта ішіндегі ботқа сол қалпында, яғни шашылмаған күйінде тұруы қажет. Бұл дәстүр отбасы бақытқа, ырысқа, байлыққа кенеледі деген мағынаны береді. Алғашқы болып астан жас босанған ана дәм татады. Егер ас келген қонақтардан артылып жатса, үй иесі қалған ботқаны малдарына, одан қалса бақшаларына шашады. Сол сияқты сәбиді аспалы немесе ағаш бесікке салып оны үш рет темір пышақпен аластайды. Егер ер бала болса, пышақ, ал қыз бала болса жастығының астына қайшы қояды. Бұл дәстүрді баланы бәле-жаладан, тіл-көзден аман болсын деп жасайды.

Үйлену тойында ыдыс сындыру салтының мағынасы, егер жас келін босағаны адал аттаса, той күннің ертеңіне қайын енесі өзінің қымбат бір ыдысын сындырады. Ыдыс өте майда бөлшектерге бөлініп, ұнтақталып шағылуы тиіс. Бұл дәстүр бас қосып жатқан екі жастың өмірі молшылық пен байлыққа толы болсын деген мағынаны білдіреді.

Сондай-ақ суыт хабар келіп, отбасында біреу қайғылы жағдайға душар болғанда немесе адам қайтыс болғанда олар міндетті түрде қара көйлек киіп, бастарына қара орамал тартады. Адам о дүниелік болғанда қызық дәстүрлерінің бірі дастарқан теріс жайылып, үстіне қойылған ыдыстар төңкеріліп қойылады. Тіпті қасықтар да күнделікті өмірден өзгеше, яғни төңкеріліп қойылады. Бұл дәстүрдің мағынасы әруақтар сенімен бірге тамақтанады деген мағынаны білдіреді. Сонымен қатар қайтыс болған адамды жерлеп келгеннен кейін, артынан туыстары іші суға немесе бидайға толы ыдысты сындырады. Онысы «артында қалған ұрпақтары аман болсын, арты мол болсын» дегенді білдіреді екен.

Адамды жерлегенде табыттың астына темір зат салып, ал бас жағына іші суға толтырылған ыдыс қояды. Бұл ырымның мағынасы аруақтар тыныш болсын, шөлі қанып жатсын дегенді білдіреді.

Қазақ халқындағы секілді орыс дәстүрінде де ер адам үйдің басшысы, отағасы, отбасының қорғаушы, қамқоршысы саналады. Ер адам тұтынған заттар киелі деп есептеліп, құрметпен қараған. Мәселен, үйлену тойынан кейін, қалыңдық өз ер азаматының аяқ киімін шешіп жоғары қояды, бұл ер азамат қашанда әйел адамнан жоғары тұру деген мағынаны білдірсе керек.

Орыстарда қасықтарға қатысты ерекше дәстүрлері бар. Бірнешеуіне тоқтала кетсек.

Мысалы, олар ер азаматтарына құрметпен қарайтыны соншалықты күнделікті ас ішетін қасығын тағамды араластыруға пайдаланбаған. Бұлай ырымдауына себеп егер ер адам қасығын пайдаланса, сол үйден ырыс, байлық кетеді деп жорамалдаған. Сондай-ақ ер адамдардың қасығын балаларды көз тигеннен сақтандыру үшін тұтынған. Ер адам қайтыс болған соң оның қасығы киелі деп саналып, таза жерде сақталған.

Сондай-ақ өздерінің пайдаланған қасықтарын қыздар мен жігіттер бір-бірлеріне ұсыну арқылы өз сезімдерін білдірген.

Жаңа үйге қоныс тепкенде, үй тұрғызғанда да орындалатын өзіндік дәстүрлері бар. Мысалы, жаңа үйге кіргенде аулаға әтешті жібереді. Бұл дәстүр әтешсіз аулада мал болмайды, болған күнде де сиырдың сүті сұйық болады дегенді білдіреді. Орыстардың өзге халықтан ерекшелігі ырым-тыйымға қатты сенгіш келеді. Мысықты бірінші болып үйге енгізудің себебі, алғашқы болып үйге кірген бірінші қайтыс болсын деп ырымдаған. Ескі үйден жаңа үйге қоныс аударғанда, ескі үйдің жанып тұрған отын немесе күлін ала барған.

Кішкентай балаға қатысты салт-дәстүрлерінің бірі нәрестені шіркеуден шоқындырып алып келгеннен кейін оны арнайы босағаға жатқызады. Бұл дәстүрдің мағынасы «Жас сәбиді жамандықтан босағаның киесі қақсын, әрқашан аман сақтасын, есейгенде босағасы берік болсын» дегенді білдіреді. Сондай-ақ тоғыз айға толмай қайтыс болған баланы босаға іргесіне жерлеген. Сондықтан орыстардың салты бойынша босағаны басуға, босағада тұрып тамақ жеуге, қал-жағдай сұрасып, амандасуға болмайды. Тек әкешесінен бірдей айырылған жетім балар ғана босағада тұрып, нан мен тұз жеуіне болады. Бұл кішкентай балаларын ата-анасын ойламасын, қорқыныштары сейілсін деген мағынада айтылады. Жалпы орыс халқының босағаға қатысты дәстүрлері де қазақ халқына өте қатты ұқсас. Себебі біздің халқымызда да босағаны киелі санайды.

Терезеге қатысты тиымдар. Орыстар терезенің сыртқы қоршаған ортамен байланысы көп деп есептеген. Мысалы, терезеден түкіруге, мысықты лақтыруға, суды төгуге, сүйектерді тастауға болмайды. Адам қайтыс болғанда терезе алдына бал салынған суы бар ыдыс қояды. Адамның денесінен ұшып шыққан жаны осы сумен жуынып, тазаланады деп ырымдаған. Суды күнге дейін қойып қойған. Егер шоқындырылмаған бала қайтыс болса, оны терезеден табытпен шығарған.

Рождество Христово мерекесі - христиандықтардың басты мерекелерінің бірі. Бұл мереке Иисус Христың Вифлеемде дүниеге келуі құрметіне орай атап өтіледі.

Қазіргі таңда да Православ Рождествосы католиктердің мерекесінен 13 күннен кейін тойланады. Католиктер Рождество мерекесін 25 желтоқсанда тойласа, православтықтар мерекені 7 қаңтарда атап өтеді.

Пасха - христиандық бойынша Христың қайта тірілуінің нұрлы мейрамы христиан дінінің ежелгі әрі ең маңызды мейрамы, Христың өліп, қайта тірілуінің құрметіне тойланады. 2 ғасырдан бастап, Пасха христиандардың ресми діни мейрамына айналған. Осылайша, 325 жылдан бастап Пасханы көктемгі күн мен түннің теңелуі күнінен (бұл құбылыс Наурызға сәйкес, наурыздың 21-інде болады) кейін бірінші толған айдан кейін келесі жексенбіде тойлайды. Осылайша, Пасханың уақыты әр жылы әр күнге түсіп отырады, бірақ сәуір айында немесе мамыр айының басында болады. Бұл мейрамның тойлайтын күні ай күнтізбесі және күнтізбесінің екеуі бойынша есептеледі.

Христиандар Пасха күнінде жұмыртқаларын түрлі түске бояйды, ал Ресей мен Балқан елдерінде сол түрлі-түсті жұмыртқаларын бір-бірімен қақтығыстырады. Бұрын орыс селоларында жұмыртқаларды төбенің басынан домалатып жарыс ұйымдастыру дәстүрі болған.

Балқан елдерінде Пасха мейрамында мұсылмандар Құрбан айттағыдай қой сойып, салтанатты тағамдарын дайындайды. Бұлғарстанда бір мейрамында бір қойын түгелдей қуырылып дастарқанға қояды. Бір қойды таба алмаса, қой санынан дөнер кәуап сияқты «бедро» деген тағам жасайды немесе шашлык кәуапты ғана қуырып жасайды.

Еуропада католиктер мен протестанттар Пасхалық қояндарын жасайды. Оны ойыншық немесе қоянның сипаты бар шоколад түрінде жасайды. Германияда түрлі-түсті жұмыртқаларымен фонтандарды, хауыздарды және бұлақ көздерін әшекейлейді.

Православ христиандар бір-бірін бетінен сүйеді, Пасха мейрамымен құттықтайды, бір-біріне «Христос тірілді!» дейді, оған «Шынымен тірілді!» деп жауап береді

Иван Купала мерекесі-көне замандардан бері славяндар үшін күн мейрамы. «Иван Купала» – кезінде маусым айының 23-нен 24-не қараған түні (жаңаша 7 шілде) аталынып өтілетін және жазғы күннің тоқырауына сәйкестендірілетін мейрам. Бұл түні адамдар

ұйықтамай таңды күткен, бұл уақытта, арам күштер, су перісі, мыстан тіріліп келеді деген наным болған. Сиқырлы құпияға толы бұл күнді адамдар таңғажайып елестермен байланыстырады. Бұл күні алаулар жағып, адамдар өзендерге шомылған.

От тазалықтың нышаны саналып, жастары алаудың үстінен секіріп, өздерін тазалайтын болған. Жыл сайын бұл түні әлемнің тағдыры шешіледі: не Жарық дүние орнайды, не әлемді қара Түнек жалмайды деп саналған.

Әр жылы шайқаста Жақсылық күштері жеңіп шығады. Және осы мереке кезінде көп нәрсені істеп үлгеру керек деп саналған, яғни, далаға жағылған оттан секіріп өту, сауықтыратын суларда жуыну, Купала түнінде ғана ерекше емдік күшке ие болатын шөптерді жинау, сүйіктісіне бал ашу, қырыққұлақ гүлін табу, қазынаны іздеңіздер, сиқырлы гүл шоғын жинаңыз, тілек тілеңіз.

Оған қоса, малдан барлық ауруларды аластату үшін үйірді шоғы сөнбеген күлден айдап өту керек.

Үштік – Құдай үш бейнеде (ипостасияда) деген сенімге негізделген христиан догматы. Үштік догматы бойынша Құдай әке, Құдай ұл, киелі рух Құдайы бар. Осы үшеуі киелі Үштікті құрайды деп біледі. Киелі Үштік мейрамы Пасхадан 50 күннен соң тойланады.

Диқандық кәсіппен айналысатын халықтар арасында көктемде келетін егіс жұмыстарына арналған неше түрлі әдет-ғұрып мерекелері атап өтіледі. Қараңғылық пен өлім құдайы болып табылатын қары мен аязы көп қысты қуып, керісінше ұйқысынан жаңа оянған табиғат әлеміне жарық пен жылу әкелуші гүл көктемді қарсы алу, Европа халықтарына христиан календарына сәйкес қыспен қоштасу ауыз бекітудің алдында жүреді.

16 ғасырдан бұл мереке орыс халықтарында "Масленица" деп аталса, Батыс Европа халықтарында "Карнавал" деп аталады. Жаңа жыл санауы бойынша әдетте "Масленица" ақпан айының екінші жартысына немесе наурыз айының басына келеді. "Масленица"дан кейін барша славяндықтар ауыздарын бекітіп, үлкен мереке "Пасханы" қызыл жұмыртқамен қарсы алады.

Мерекенің "Масленица" аталу себебі, бір апта бойы өте көп майлы тағамдар желінеді, әсіресе, майға пісірілген жұқа дөңгелек құймақтар (блины) мол болады. "Неліктен құймақ құйған", - деген сұраққа, мынандай болжамдар мен ырымдар бар екен. Біріншіден, оның дөңгелек формасына қарап көктегі күнге теңеген, сол жанұяға жылу әкеледі, жарық әкеледі деген. Екіншіден, ол ұннан жасалғандықтан көктемгі жаңа егістен мол астық алу үшін әр үйде оны мол істеуге тырысқан. "Масленица" барлық мерекелердің ішіндегі ең думанды да қызықты мерекелердің бірі, сондықтан кәрі-жас демей, алыстағы ауылдарда да, үлкен қалаларда да ойын-сауық, ән-күй мол болып, қыстың қалған қарына мәз-мәйрам болғандар биік таулардан, төбелерден сырғанаған екен.

Мереке барысында адамдар бір-бірінің үйіне барып құттықтасып, дәм татысыпты. Көшеде сәнді киінгендер арасынан еркектердің әйел болып, әйелдердің керісінше еркек болып немесе аюдың, ешкінің, шайтанның костюмдерін кигендерді де кездестіруге болады. Әдетте, бұлай киінгендер сырнайшылары бар көңілді топтар арасында жүреді. Міне, осындай топтағылар мерекеге арнайы істелген сырғанақ орнына барып, халықтың көңілдерін көтереді. Биік таудан сырғанау үшін халық неше түрлі амал-шаралар ойластырыпты: біреулер қол шамамен сырғанаса, екіншілер тақтаймен, тағы біреулер ұзын орындықты төңкеріп бірнеше кісі бір-ақ отырып, теуіп түскен, оны "катание на козлах" деп атаған. Жастар жағы қалыңдықтарына деген сезімдерін білдіру үшін, сырғанаған бойда оның бетінен 25 рет сүюі керек екен.

Мереке қызғанда, қос-қос ат-шаналар шегіліп, әрине олардың әбзелдері әшекейленген, доғаларына бірнеше қоңыраудан таққан, көршілес ауылдастарын құттықтап, дәм-тұз татып, әндетіп, сырнайлатып, көңіл көтеріп қайтады екен.

Ресейдің қары қалың, мол жерлерінде "Масленицада" қармен атысып ойнайды. Ол үшін әдейілеп үлкендер қардан қамалдар салып, екіге бөлінген команда бір-бірін қардың астына алады. "Масленицамен" қоштасу көбіне орыс халықтарында сақталыпты, ал украин, белорус халықтарында мұндай әдет ондай кең тарампаған көрінеді. Украиндықтар "масленицада" жасы жетіп, тұрмыс құрмаған жастарды қалжыңмен жазалау үшін, олардың аяғына, не қолына ағаш тақтай байлап, сүйреткізіп қояды. Мұндай әдет "волочить колодку" деп аталған. Осыған орай украин халқы бұл мерекені "колодка" не "колодий" деп атаған екен.

Жазаланушы жастар, ақша беріп құтылады да, жиналған ақшаға бәрі қосылып көңіл көтерген екен.

Украинаның кейбір губернияларында өткен ғасырда осы әдетті, керісінше балаларын уақытында үйлендірмеген ата-анасының аяқтарына байлапты. Әрине олар да күн төлеу арқылы ғана құтылған.

Кейінірек ағаштың орнына лента, не бас орамал, кейде қағаздан жасалған гүл байлаған екен.

Белорус халқының масленицасы да орыс халқымен салыстырса, ондай кең көңілді-думанды болмайды екен, тек орыс халықтарымен көршілес жерлерде көңілді өтеді екен.

Айта кететін бір жайт, украин халқы да, белорус халқы да масленицаға міндетті түрде құймақ орнына вареники істеген екен. "Масленица" діни мереке болмағандықтан, оны шіркеуде атап өтпейді, алайда масленицаның ақырғы күні - жексенбіні - "Прощенное воскресенье" деп аталғандықтан, шіркеу діни мереке ретінде осы күнді ғана қабылдаған. Бұл күні барша халық бір-бірінен кешірім сұрап, кезінде болған өкпелерін ұмытып, қауышулары тиіс екен.

Жексенбінің тағы бір екінші аты бар, ол "мясоед", яғни бұл күні барлық қалған-құтқан еттің бәрін жеп, түк қалдырмау керек, өйткені дүйсенбіден бастап ауыз берік болады. Осыған орай әдетте қайын аталар күйеу балаларын осы "мясоедқа" шақырған екен.

Жалпы айтқанда орыстарда өзге халықтар секілді ерекше аталап өтілетін мерекелері бар. Олардың қатарына пасха, «Рождество», «Русалка», «Ярило», «Петровки», «Купало», «Башихо», «Троицын день», «Башихо» деп аталатын мерекелері бар.

Культ (латынша cultus - құрметтеу, бас ию) — ерекше тылсым күшке сену бағытында жасалатын қимыл, әдет-ғұрып, салт-жоралар жиынтығы. Культ - орталығы түрлі ғибадат етер заттары бар храм, табынатын үйлер. Көп жағдайда көркем шығарманың классик, үлгісі де культтік қызмет атқарады.

Лекция 5-6. Ведалық дін мен брахманизм. Индуизм. Үндістанның материалдық және рухани салт-дәстүрлері

Қарастырылатын мәселелер: Ежелгі үнді мәдениетіндегі брахманизм, джайнизм, индуизм, вишнуизм және шиизм діни бағыттарының көрініс табуы. Ежелгі Үнді әдебиетінде, мүсін өнері мен сәулет өнеріндегі діни көзқарастарының көрініс табуы.

Индуизмнің пайда болуы және негізгі ережелері.

Ведалық дін және брахманизм. Индуизм. Үндістанның материалдық және рухани салт-дәстүрлері. Ведалық дін және брахманизм. Вишну, Кришна, Шива және үнді пантеонының өзге де құдайлары. Үндістандағы Ислам және оның таралу себептері. Джайнизм. Сикхизм. Діннің материалдық мәдениетке әсері. Отбасылық және неке қатынастары. Үндістандағы білім беру және оқыту жүйесі. Индуизмдегі діндарлар мен мерекелер. Тыйым және ережелер. Киім: индуизмдегі діни және әлеуметтік-мәдени айырмашылықтар.

Жер шарындағы қасиетті де, күдіретті мәдениеттердің бірі — Үнді мемлекетінде қалыптасып өркендеген **үнді-будда мәдениеті**. Үнді елінің ғасырлар бойғы мәдени дәстүрлері оның талантты халқының діни сана-сезімінің қалыптасып, дамуымен тығыз байланысты болды.

Үнді жеріне келген **арийлер** өздерімен бірге б.з.б. 2000 жылы шыға бастаған көне мәдени мұралардың бірі — Ведаларды ала келіп, оны жергілікті халықтың арасына кеңінен тарата бастады. Ведалар дегеніміз — діни сарындағы дұғалардың, құрбандық шалу кезінде айтылатын суреттемелердің, табиғаттың поэтикалық бейнесінен хабардар ететін өлеңдердің жиынтығы. Үндінің атақты жазушысы Рабиндранат Тагор ведалық гимндерді «Халықтың қуанышшаттығы мен оның өмірге деген сүйіспеншілігі мен қорқынышының поэтикалық куәгері» деп өте жоғары бағалаған болатын. «Жаратушы әні» гимнінде бізді қоршаған дүние былай деп сипатталады: «Ең алғашқы кезеңде дүние хаос жағдайында болды. Бірақ, уақыт өткен сайын адамзат баласының тіршілік етуге деген құлшынысы байқалды, соның нәтижесінде жарық, одан кейін аспан мен су патшалығы пайда болды. Міне, дәл осы кезден бастап жер бетінде тіршілік қалыптасты, ал құдайлар дүние жаратылғаннан кейін барып пайда болды». Шамамен, б.з.б. 800 жылында қалыптасқан упанишадтар үнді-арийлердің діни көзқарастарының дамуындағы басты қадам болып саналады. Өйткені, упанишадтар адамның ішкі жан дүниесі, оның өмірінің мән-мағынасы, адамды ақиқат пен шындыққа апарар жолдар мен олардың бұл өмірдегі маңызы, өлім мен мәңгілік ғұмыр жайындағы діни-философиялық толғауларға толы болып келеді. Ең бастысы — упанишадтарда **Брахман** мен **Атман** идеялары кеңінен көрініс тапқан. Брахман — абсолютті шындық, абсолютті руханилық, бұл дүниеде одан тысқары еш нәрсе де жоқ, олай болса бізді қоршаған ортаның мәні де осы Брахманда. Ол Атман болса осы жағдайларды ескере отырып — жеке тұлғаны мойындау. **Упанишадтар** діни философиялық ой-сананың дамуына түрткі болды, сөйтіп көп ұзамай-ақ оның алты мектебі қалыптасты.

Үнді-будда мәдениетіне тән қасиет дін мен философияның өзара тығыз байланыста болып, ұштаса білуінде. Бұл туралы **Гегель** былай деп жазды: «**Үнді мәдениеті** — жоғары дамыған сан-салалы күдіретті мәдениет, бірақ олардың философиясы дінмен сабақтас, өзара тығыз байланыста болып келеді. Философия ғылымы айналысатын мәселелерді діннен де көптеп кездестіруге болады. Сондықтан да болар, ведалар — діннің ғана негізі емес, сонымен қатар философияның да негізі болып саналады»

Бір-бірімен өзара тығыз байланыста, ірі табиғи бірлікте болуына қарамастан үнді философиясының алты классикалық мектебі де адамның әлемге дүниетанымдық қарым-қатынастарының сан саласын қамтып, танып-білудің түрлі әдістерін қарастырады. Мысалы, «миманса» — діни салт-жораларды түсіндірумен айналысады және діни құрбандықтар шалуды жақтайды. Құрбандық шалу — адамның құдай алдындағы өз парызын (**дхарма**) өтеуі болып саналады, онсыз «карманың» құрсауынан адам еш уақытта да шыға алмайды. «Карма» бүкіл үнді мәдениетінде айрықша орынға ие болған. Кең мағынада алғанда, **карма** дегеніміз — әрбір адамның тіршілікте жасаған іс-әрекеттері мен оның салдарларының жиынтығы, осы арқылы оның болашақтағы тағдыры анықталады, ал тар мағынасындағы кара адамның тіршіліктегі жасаған іс-әрекеттерінің қазіргі өмірі мен болашағына әсері. Кей жағдайларда, жоғарыда атап көрсеткен «мимансаны» атеистік ілімге де жатқызады, өйткені ол дүниенің атомдардан тұратындығын мойындайды. Сөйтіп дүниені материалистік түрғыдан сипаттаудың арқасында Құдайды мойындаудың мәні жойылады.

«Веданта» брахманизмде ерекше орын алады, тіпті қаншама ғасыр өтсе де оның бүгінгі таңда да көптеген жақтаушылары бар. XIX ғасырда Веданта мәселелерімен үндінің атақты ғалымы Вивеканада, ал XX ғ. Р. Тагор, тіпті мемлекет қайраткері Д. Нерудің өзі де айналысқан. Веданта дүниенің жаратылуын **Брахманмен** байланыстырады. Бұл күйді Атман деп атайды, ол адамды ажалдан құтқарады. Сөйтіп өліп бара жатқан тіршілік иесі қайтадан жаңғырады.

«Санкхья» материалдық дүниені де, рухани дүниені де мойындайды. Бұл ағым бойынша материя үнемі қозғалыста және тәуелсіздік жағдайында өмір сүреді, бірақ еш нәрседен бейхабар күйде болады. Рухани дүниенің енжарлығы басым, бірақ бұл жерде саналылық басымдылық танытады. Ендеше, материя мен рухты, яғни «соқыр» мен «ақсақтың» бастарын біріктірсе олардың бойындағы кемшіліктер мүлде жойылады, сөйтіп бұл дүниеде жаңа құбылыстар пайда болады, адам бейнесі қалыптасады. Оның тәндік болмысына қайғы-қасіреттер жазылған, ал одан арылу үшін руханилық материалдыктан бөлінуі шарт. Бұл — өмірге келу мен өлімдер тізбегінің торынан шығып, нағыз бостандық пен әділеттілікке жету жолы. Санкхья будда дінінің идеялық жағынан қалыптасуына да үлкен ықпал жасады. Осы бір орайда, иогтардың ерекше рухани жағдайға жетудің көптеген әдістерін жасағандығын айта кеткен жөн. Оған өзін-өзі шектеу (аскетизм) және қалыпты жағдайдан мүлде басқаша көңіл күйде болу және т.б. жатады, Үнді поэзиясының тамаша туындысы «Махабхараттада» санкхья ілімі мен йог тәжірибелерін өзара байланыстырып, біріктіру қажеттігі атап көрсетіледі. Иогта психикалық белсенділікті шектеп, басу тәсілдері мен кез келген ақыл-ой қызметін тоқтату әдістерін қолдануға ерекше назар аударылады. Демек, иогтардың шынайы дарындылық қасиеттері мен құдіреттен басым түсу қабілеттерінің сыры осы бір жағдайларға да байланысты болып келеді.

«Ньяя» логика заңдарына сүйенеді, оны ұғынып-білу — адамның жан дүниесін тазартуға себепкер болатын ой-пікірлердің қалыптасуына көмектеседі. Ньяя негізінен брахманизмнің соңғы жүйесі — вайшешикаға жақын болып келеді. «Вайшешика» адам өміріне пайдалы шындықтың алты түрін көрсетеді (субстанция, сапалылық, іс-қимыл (карма), жалпылық, ерекшелік мәнділік). Вайшешика бойынша, физикалық дүние атомдардан тұрады және ол мәңгілік болып саналады. Бірақ физикалық дүние атомдардан тұрғанымен, оның басты қозғаушы күші карма заңдарына сәйкес әрекет ететін құдай болып саналады.

Брахманизмде о дүниемен салыстырғанда адам өмірінің өткінші екендігі және оның мәнсіздігі туралы идеялар басты орын алған. Адамның о дүниедегі тағдыры оның бұл дүниелік ғұмырындағы адамгершілік іс-әрекеттеріне байланысты. Ендеше, бұл дүниеде күнәкар болғандар, атап айтқанда: адам өлтірушілер — жыртқыш аңдарға, ет ұрлаушылар — қаршығаға, астық ұрлаушылар — сабаукүйрыққа, брахманды өлтірушілер — ит пен есекке, ал маскүнемдікке салынған немесе ұрлық жасаған брахманның өзі де сарыбас жыланға айналады. Брахмандарды сыйлап-құрметтеу, күншіл болмау, адамның өзін-өзі ұстай білуі, мейірімді бола білу және т.б. қасиеттер қоғамның әрбір мүшесінің өз орнын табуына мүмкіндік беретін басты шарттар болып саналады.

Б.з.б. VI ғасырда үнді елінде, кейіннен дүниежүзілік дінге айналған, будда діні қалыптаса бастады. Оның негізін қалаушы ханзада, кшатрийлер варнасына жататын Будда болды. Оның шын аты — Сиддахартха, ал оның анасы әйел патша Майя еді. Ұлы ханым Майяның шапағаты жер жүзіне тарады, оның жүрегінің тазалығы, өз-өзіне сенімділігі, парасаттылығы мен салмақтылығы, бұл қасиетті ананың қадір-қасиетін арттыра түсті.

Буддизммен қатар джайнизм ағымы да дами бастады. Оның негізін қалаушы — Махавира (Вардамана) болады. Бұл сектаның жолына түсушілер кармадан азат болудың басты құралы ретінде — аскетизмді насихаттады. Нағыз джайнистердің фанатизмінде шек болмады. Олар бұл өмірдің барлық рахатынан саналы түрде бас тартты, басқаны былай қойғанда, олар өмірлерінің соңғы сәттерінде тамақтанудан да бас тартты. Джайнизм брахманизммен ымыраға келудің арқасында осы уақытқа дейін Үнді мемлекетінің қоғамдық-саяси өмірінде өз ықпалын сақтап отыр. Махавираның жолына түскендер негізінен саудагерлер болды.

Будда өзінің діни уағыздарында брахманизмді де, джайнизмді де сынға алады. Брахманизмдегі байлық пен сән-салтанатты өмірге бойұрушылық, ал джайнизмдегі аскетизм Будданы қанағаттандырмады, сондықтан да ол орталық межені қалап алады. Ол

өзінің негізгі діни көзқарастарын «Бенерес уағыздары» атты еңбегінде жүйелі түрде баяндап берді. Онда былай делінген: «Рухани тіршілігі таза адам бұл өмірде екі нәрседен арасын аулақ салу керек. Оның біріншісі — сауық-сайран мен думанды қызыққа толы өмір, бұл адамның рухына қарама-қайшы келетін бейшаралық, өткінші өмір, ал екіншісі — ерікті түрде қалап алынған азапты, қатыгез өмір, бұл өмір де мәнсіз, мағынасыз. Рухани дүниесі бай адамдар өмірдің аталған екі жағынан да өздерін алшақ ұстағандары жөн. Ең бастысы, адамдар танымға, білімге бастайтын, олардың ақыл-ой өрісін кеңітетін дұрыс жолға түсулері қажет». Бұл жол тармақтары көп сегіз салалы жол. Олар: **адал сенім, әділ шешім, шындық сөз, шындық өмір, шыншыл ұмтылыс, шындықпен еске алу және адамның өз бойындағы қасиеттерін үнемі байыту** болып табылады.

Буддизм бойынша, өмірдің азаптары жайындағы қасиетті шындық мынандай: **өмірге келу — азап, қартаю — азап, жүрегін қаламайтын адаммен қосылу — азап, жақсы көрген адамыннан айрылысу — азап, көздеген мақсатыңа жете алмау — азап.** Ал аталған осы азаптардан құтылудың басты жолы — сегіз салалы қасиетті өмір жолын тандап алу.

Будда ілімі адам бойындағы ізгілік, адамгершілік қасиеттерді одан әрі дамытуды насихаттайды. Онда былай делінген: «Бұл дүниеде өшпенділікті өшпенділікпен жеңуге болмайды, адам ашу-ызасын ақылға жеңдіріп, зұлымдықты қайырымдылықпен ауыздықтауы қажет. Ұрыста мың адамды жеңіп шығуға болады, ал нағыз жеңіс адамның өзін-өзі жеңіп шығуы болып табылады».

Будда дін жолына шын берілген адамдарды төрт қағиданы мүлтіксіз орындауға шақырды. Олар: зұлымдықтың алдын алу, зұлымдық пен қатыгездікке жол бермеу, ізгілік пен қайырымдылыққа даңғыл жол ашу, адамгершілік қасиеттерді батыл қолдау. Будда ілімі үнді халқының сүйіспеншілігіне бөленіп, кең қолдау тапты. Будда өз шәкірттеріне арнаған сөзінде былай деді: «Сендер бұл ілімді дүние жүзінің барлық елдеріне таратындар. Оларға кедейлер мен бұл өмірден жәбір көрушілердің, байлар мен тектілердің бірдей екендігін, күндердің күнінде үнді қоғамындағы барлық касталардың осы діннің туы астына бірігетіндігін халыққа түсіндіріңдер». Шындығында да, будда дінін әлемнің көптеген халықтары мен қоғамның түрлі топтары шын ықыластарымен қабылдады. Адамзат дүниесіне, адамға және оның жасампаздық іс-әрекеттеріне құрметпен қарап, зорлық-зомбылық пен қатыгездіктерден бас тартуға шақырып, адамгершілік пен ізгілік принциптерін алға тартқан бұл дін Үндістан мен Қытайда, Тибет пен Жапонияда, Непал мен Тайландта, Цейлон мен Вьетнамда, Моңғолия мен Комбоджада кеңінен тарап, миллиондаған халықтың құрметіне бөленеді.

Будда дінінің кеңінен таралуы жағдайында оның екі тармағы өмірге келді. Оның біріншісі — махаяна, Бирма мен Тайландта, ал екінші тармағы — хинаяна Цейлонда қалыптасты. Махаянаның қалыптасып, дамуына ерекше еңбек сіңірген Нагарджуна болды. Будда дінінің бұл саласында Будда құдай дәрежесіне жеткізіліп, оған құдайдай табыну уағыздалды. Ендігі жерде адамдардың барлық саналы іс-әрекеттері Буддамен байланыстырылды. Мұндай жағдай, бір жағынан, брахманизмге білдірілген үлкен құрмет болатын, сөйтіп буддизм үнді халқының бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі діндерімен одан әрі жақындаса түсті.

Қытайда будда дінінің идеялары б.з.б. I ғасырда тарай бастады. Будда дінімен бірге Қытайда үнді өнерінің де ықпалы күшейе бастады. Ол Қытайға ғана емес Кореяға, одан әрі Жапонияға да қанатын кең жайды. Тибетте буддизм ламаизм түрінде қалыптасты. Ламаизм бойынша жоғарғы шіркеу қызметкерлері құдайдың сүйікті құлдары болып саналады, ал монахтар (ламдар) діндар адамдарға ұстаздық етумен айналысады.

Қытайда буддизм конфуцийлік-даосистік дінмен қатар өмір сүрді. Буддизм мен даосизмнің өзара ұштасуының нәтижесінде дзэн-буддизм ағымы пайда болды. Сыртқы дүниені менсінбеушілік, жеке бастың мәселелеріне баса назар аудару, интуитвизм бұл ағымның басты белгілері болып табылады. Дзэн-буддизм кейіннен Жапонияға да тарай

бастады. Жауынгер-самурайлардың ықпалымен бұл ілімде әскери өнерге айрықша мән беріліп, ол адамның жан-жақты жетілуінің тез жүзеге асырылатын төте жолы деп тұжырымдалды. XX ғасырдың ортасына қарай дзэн-буддизм Батыс Еуропа елдеріне де тарап, өзінің өміршендігін байқата бастады.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, махаяна үнді халқының дәстүрлі діни наным-сенімдеріне өте жақын болып шықты. Өкімет тарапынан барынша қолдау тауып, қаншама шіркеулер тұрғызып, үнді қоғамында айрықша беделге ие болған будда дінінің өз позициясын (беделін) ешбір қарсылықсыз индуизмге бере салуын қалай түсіндіруге болады екен? Бұл сұраққа мәнді жауап беру үшін будда дінінің рухани дәстүрлерінің әлеуметтік негіздерімен толығырақ танысуымыз қажет. Үнді еліне келген арийлер варналарға бөлудің (брахмандар, кшатрийлер, вайшьилер және шудралар) негізін қалады, ал құлдар мен шетелдіктер варналарға кірмеді. Варналарға бөлу — үнді қоғамының негізі болып табылатын село қауымының беделін бұрынғыдан да көтере түсті. Оларды ақсақалдар бас- қарды, қауымдар өз іштерінде туындаған мәселелерді өздері шешті және өкіметке белгілі бір мөлшерде салық төлеп тұрды. Өкімет тарапынан болатын озбырлықтардан оларды қатаң діни наным- сенімдер, салт-дәстүрлер және т.б. қорғап қалып отырды. Мұндай қауымдар шаруашылығы — натурадцы шаруашылық болды, онда жалдамалы еңбек кеңінен қолданылды. Қауымдар өмірінің тұйықтық сипатта болуы, олардың саяси қақтығыстар мен толқулардан тысқары қалуларына себепкер болып отырды. Қауым басшылары өзгеріп отырғанмен, қауым тіршілігінің қаймағы бұзылмады. Бұл жайында Д. Неру былай деп жазды: «Үндістанның саяси құрылымының негізі — өзін-өзі басқаратын село қауымы болды. Қоғамдағы өзгерістер бұл құрылымға ішінара өзгерістер енгізгенімен, оның тамырына балта шаба алмады. Ел билеу- шілерінің бірде-біреуі село қауымының құқығын бұза алмады және оларға берілген жеңілдіктерді орындауға мәжбүр болды».

Мемлекеттің басшылық орындарында кшатрийлер отырды, бірақ олардың билігін селолық қауымдар дер кезінде тежеп отырды. Әрі діндар, әрі білімді брахмандар кшатрийлерден жоғары тұрды және қоғамда үлкен роль атқарды. Демек, брахмандар да, кшатрийлер де өз варналарында қалды, брахманның отбасында өмірге келген жас сәби брахман болып қала берді, өйткені ол еш уақытта да кшатрийге айнала алмады. Касталық құрылыс жүйесінің келесі өкілдері вайшьилер (диханшылар, қолөнершілер мен саудагерлер) және шудралар (жалдамалы жұмыскерлер, жалшылар) болды. Осы аталған төрт варна Үндістанның касталық құрылысының негізін қалады. Ал Үндістанға қоныс аударып келген түрлі халықтардың өкілдері бұрынғы касталарды толықтырып отырды немесе өздерінің дербес касталарын құрды. Мысалы, кәсіптеріне сәйкес тас қалау- шылардың, ұсталардың, тері илеушілердің касталары құрыла бастады.

Касталық құрылыс жағдайында қалыптасқан ережелерді мүлтіксіз орындау талап етілді. Мысалы, касталар арасында үйленуге қатаң тыйым салынды, тіпті түрлі касталар өкілдері дастарқан басында бірге отырып тамақ та іше алмайтын болды. Буддизм осы касталардың ішінде кшатрийлердің дүниетанымы ретінде қалыптасты, сондықтан да болар, брахмандардың озбырлықтарынан зардап шеккен қарапайым халықтың басым көпшілігі кшатрийлерді батыл қолдап отырды. Осы орайда село қауымдарының буддизмнің әлсіреуіне себепкер болғандығын атап өтпеске болмайтын сияқты. Буддизм мен джайнизмнің күштемеу принциптеріне ерекше көңіл бөлінуінің арқасында диханшылыққа деген көзқарас өзгере бастады. Бір кездерде үнділер мен арийлердің мақтанышына айналған егін шаруашылығының қоғамдағы рөлі төмендеді, соның салдарынан шаруашылықтың бұл саласымен айналысушы диханшылар қоғамдық өмірде төменгі сатыдан орын алды. Сөйтіп, селолық қауымдар ешбір діни соғыстарсыз, айтарлықтай қарсылықсыз буддизмнен индуизмге бет бұра бастады. Бірақ, олар будда дінінің көптеген діни-адамгершілік қағидаларын өз бойларында сақтап қалды.

Индуизм — бір-бірінен тәуелсіз бірнеше діни наным-сенімдерден тұратын діни-мәдени ағым. Оның негізінде — **Брахманға**, **Вишнуға**, **Шиваға** табыну мен тантризм жатыр. Осылардың ішінде Вишну мен Шиваның мерейі үстем болды.

Вишну — адамдардың адал қамқоршысы, көмекшісі. Ол адамдарды зұлымдық пен қатыгездіктен қорғайды, оларды қауіп-қатерден сақтайды және адамдарға шындықты жариялап отырады. Ал оны жүзеге асырушы Будда. Сөйтіп Будданың беделі көтеріліп, құдай дәрежесіне жеткізілді.

Шива — қатал да, қорқынышты құдай. Оның үш көзі бар, денесіне жыландар жабысқан, мойнында — бас сүйектер. Шива — өнер мен ғылымның, салтанатты өмір мен махаббат сайранының құдайы. Үнді халқының санасындағы құдайлардың басқа діндердегі (христиан, ислам) құдайлардан басты айырмашылығы — олардың Жер бетіндегі тіршіліктің қайнаған ортасында болуы және оған белсене араласуы болып саналады. Вишнудің әйелі Лакшми әсемдік пен бақыт құдайы, ал Шиваның әйелі Кали қырып жою мен өлім құдайы.

Үнді-будда дініндегі бұл дүниеге көзқарастар қарама-қайшылықтарға толы болып келеді. Будда дінінде ғана емес, тіпті сансаралардың өзінде де өмірдің қайғы-қасіретке, жамандық пен жауыздыққа және тағы да басқа келеңсіз көріністерге толы екендігі жан-жақты сипатталады. Үнді-будда дініндегі адамдар төрт этикалық нормаларды негізге алуы қажет. Олар: **дхарма**, **артха**, **кама** және **мокша**.

Дхарма — будда дініндегі моральдық заңның басты бөлігі болып есептеледі. Үнділердің қасиетті кітаптарында (смрити) дхарманың тізімі, яғни түрлі касталардың міндеттері мен функциялары атап көрсетілген. Касталық жүйеде бұл парыз-міндеттерден ауытқуға жол берілмейді.

Артха — адамның күнделікті тұрмыс-тіршілігіндегі іс-әрекеттердің нормалары болып табылады.

Кама — адамның көңіл-күйінің талаптарын қанағаттандыру құндылықтарын анықтайды, солардың жолдарын белгілейді.

Мокша — торығып-түңілуден, жалғыздықтан қалай құтылу жайындағы ілім.

Дхарманың құндылығы — шындық пен ахимасқа шын берілгендікке тығыз байланысты. Ол зорлық-зомбылыққа мүлде қарсы. Сонымен бірге ашу мен жек көрушілік сезімдерді ауыздықтау, өзін-өзі ұстай білу, пайдакүнемдік пен зұлымдық мақсаттардың болмауы — дхарманың басты қағидалары. Адамдардың бұл өмірдегі табиғи іс-әрекеттері қандай болу керек деген сұраққа дхарма былай деп жауап берді: «Жауыздыққа жауыздықпен жауап берме, әрқашанда әділетті істердің жаршысы бол. Әлсіздер сенің өктемдігіңді ешқашан да кешірмейді, сондықтан да мұндай әділетсіз қылықтарға жол берме. Адам өмірде өз жолын таба білуі қажет».

Бұл дүниедегі өмірдің рахаты мен қызығын, мән-мағынасын түсіндіруде индуизм мен буддизмнің арасында пікір алшақтықтары аңғарылады. Мысалы, Кама адам өмірінің мән-мағынасына, ондағы қызықтар мен шат-шадыман өмірдің сан-саласына баса назар аударса, ал Будда діні сабырлылық пен ұстамдылықты, тұрақты махаббат пен орташа өмір сүруді уағыздайды. Үнді-будда мәдениетінің қалыптасып, одан әрі дамуына касталық құрылыс үлкен ықпалын тигізді. Өйткені әрбір варна — өздеріне ғана тән салт-дәстүрлері мен дүниетанымы қалыптасқан жәй ғана түйық әлеуметтік топ қана емес, олар белгілі бір мәдени құндылықтардың ортасы болып саналады. Брахман болу, брахманға қызмет ету, брахманнан оқып-тоқу үнді қоғамындағы басты құндылық болып саналады, өйткені брахмандар — даналықтың, әулиеліктің, киелілік пен ізгіліктің жаршысы.

Үнді елінде әлеуметтік құндылықтарды бағалауда адамдардың қоғамдағы іс-әрекеттеріне айрықша назар аударылды. Ел басшылары мен әскери адамдар брахмандардан төмен тұрғанына қарамастан, қоғамда пайдалы қызметтер атқарғандықтан үлкен құрметке ие болды. Мысалы, көне заманда өз елін сыртқы жаулардан қорғауда батырлығымен даңқы шыққан Викрамды үнді халқы осы уақытқа дейін мадақтап, қастерлейді. Бір таңқаларлық жағдай, Үндістанда оның дана басшылығы мен көзсіз

батырлығы ғана емес, сонымен қатар оны үнді күнтізбесін жасаушы ғалым ретінде де танып, даналық пен кеңпейілділік сияқты тамаша қасиеттерін үлгі тұтады. Міне, сондықтан да болар, Викрам ғасырлар бойы халық батыры ретінде үзбей жырланып келе жатыр.

Будда діні бойынша халық құрметіне ие болу — байлыққа байланысты емес, демек бұл дінде адамның өз бақытын байлық — мансаптан іздеп, баюды мақсат етіп қоюы ешбір қолдау таппайды. Олай болса, бұл өмірдің мән-мағынасы жинаған ақша мен немесе байлықпен емес, керісінше, адам бойындағы адамгершілік-ізгілік қасиеттерімен өлшенеді, бұл жағдай — үнді халқының, өзіндік ұлттық ерекшелігі болар деген ойдамыз. Үнді-будда мәдениеті басты орынға әр адамның діни-моральдық іс-әрекеттерін қоя отырып, адамның табиғатпен де, өз-өзімен де, қауыммен де үндестік, ірі келісім табуына баса назар аударады. Бірақ, үнді-будда мәдениеті халықты өкіметке қарсы әлеуметтік қарсылықтан, әлеуметтік белсенділік пен таптық күрестен сақтандырады. Л.С. Васильевтің пікірі бойынша, «Үнділіктер тағдырдың жазмышымен таласуға болмайды» деп санайды, сондықтан да олар күш қолдануға қарсы, батыл әлеуметтік қарсылықтарды жақтамайды. Олай болса, жақсы өмірді орнатуда күш қолдану сөзсіз «карма» заңдылықтарына нұқсан келтірумен қатар, оның салдарлары да қоғамға айтарлықтай зиян келтіреді».

Үнді қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан мұндай жағдай, дәлірек айтқанда, ұйымдасқан әлеуметтік қарсылықтың болмауы — үнді халқының сыртқы күштердің басқыншылық әрекеттеріне тегеурінді, батыл түрде әлеуметтік-саяси қарсылық көрсете алмай, дәрменсіздік көрсетуіне әкеліп соқты. Соның салдарынан үнді елі алғашқыда мұсылмандардың, ал одан кейін ағылшын империализмінің ұзаққа созылған азапты шеңгеліне түсті. Ол аз болғандай монғолдардың үстемдігі кезінде Үндістанның көптеген касталары мұсылмандық жолға көшті. Әсіресе, төменгі касталар ойланбастан-ақ өздерінің мәдениетінің діни негіздерін өзгертіп жіберді. Тоқымашылар, саудагерлер, қасапшылар, тігіншілер және т.б. ислам дінін қабылдады, ал кейіннен мұндай жағдай индустар мен мұсылмандар арасындағы күрделі шиеленістердің орын алуына әкеліп соқты.

Ағылшындардың үстемдігі кезінде шетел басқыншылары өз армияларын солтүстік Үндістандағы жоғарғы каста өкілдерінен толықтырып отырды: «әскери касталар» деп аталатын бұл үнділер өз Отанының жауларына қызмет жасады. Индуизм мен буддизмнің бір-бірімен өзара тығыз байланыстылығына және олардың үнді-будда мәдениетінің басты бағыт-тары болғандығына қарамастан олардың өздеріне тән айтарлықтай айырмашылықтары болды, ол ерекшеліктер олардың әлеуметтік-саяси бағдарламаларына тығыз байланысты болды. Мысалы, индуизмде ұлтшылдық сарын басым болып келеді, сондықтан да бұл ағымдағы фанатик — ұлтшылдар мұсылмандарды мейлінше жек көреді, ал бұл жеккөрушіліктің елдегі саяси ахуалға тығыз байланысты екендігін ешкім де жоққа шығара алмады.

Буддизмнің касталық құрылыстың мүдделерін қорғау мәселесіне ешбір қатынасы жоқ, сондықтан да болар бұл діни ағым саяси-әлеуметтік мәселелерді шешуде үлкен икемділік танытады. Тіпті кей жағдайда оның ұлт-азаттық және әлеуметтік қозғалыстың саяси авангарды дәрежесіне дейін көтерілген кездері де болды. Осы орайда, американ отаршыларының Оңтүстік Вьет-намды жаулап алу әрекетіне қарсылық ретінде көптеген будда монахтарының өздерін өртеп жібергендіктерін еске алсақ та жеткілікті сияқты, бірақ буддизмнің қоғамдағы саяси-әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкіндіктері шектеулі болғандығын да естен шығармаған жөн. Үнді-будда мәдениетінің қойнауында Үндістанда Махатма Гандидің (1869—1948) реформаторлық қозғалысы туындады. Ол бұл қозғалыс барысында өзінің табиғатта әрекет ететін «махаббаттың өнегелілік» заңына ұдайы сүйеніп отырды. М. Ганди бұл жайында былай деп жазды: «Махаббат заңы біздің санамыздан тыс өмір сүреді. Табиғат заңдылықтарына сүйенген ғалым қандай ғажайып жаңалықтар ашты, махаббат заңын өз өмірінде үлкен сүйіспеншілікпен қолдана білген адам да бұл өмірде айтарлықтай табыстарға жетері сөзсіз, ал кейде ғалымдардың жеткен межесінен асып та түсуі мүмкін».

М. Ганди сатьяграха («сат» — шындық, ал «аграха» — табандылық деген мағыналарды береді) қозғалысының дем беруші, басшысы болды. Ол өзінің ізбасарларының көмегіне сүйене отырып, халықты талай ғасырларға созылған қалың ұйқысынан ойтты, Үндістанда саяси-этикалық қайта құруларды жүзеге асырудың қажеттігін діни-этикалық тұрғыдан негіздеп, дәлелдеп берді. Ендеше, Ганди тарих сахнасына ірі саяси қайраткер ретінде ғана емес, сонымен қатар діни-реформаторлық қозғалыстың беделді басшысы ретінде де шықты деп толық сеніммен айта аламыз. Гандидің бұл қозғалысты ұйымдастырудағы басты мақсаты — халықты өздерінің әділетті ісі үшін табанды күрес жүргізуге баулып, үйрету болды. Ол ондаған жылдар бойы тәуелсіз үнді мемлекетін құру мақсатында дхарманы, ақиқатты және күш көрсетпеді уағыздады. Ганди: «Күш қолданбау, әділеттілік, қайырымдылық, жан тазалығы, ізгілік сияқты қасиеттер — ағылшын отаршыларын елімізден қуып шығып, қанаушылық пен отаршылдық бұғауынан босануға толық мүмкіндік береді» деген сөздерді жиі қайталайтын. Бірақ үнді қоғамын қайта құру мақсатындағы езінің жасампаздық қызметінде Ганди өзі де мүлде күтпеген қиындықтар мен адам жанын түршіктіретін талай сұмдық уақиғаларға тап болды. Мәселе ағылшын империализмінің арсыз саясатында ғана емес еді, мәселе үнді халқының өзінде де болатын. Өйткені, бұл кезеңде индустар мен мұсылмандар арасында жан түршігерлік қанды шайқастар басталып кеткен болатын. Бұл қатыгез қақтығыстардың барысында адам қаны көп төгілді, ұлттың бірлігі мен мемлекеттің мүддесі діни-қауымдық фанатизмнің құрбандығына шалынды. Біртұтас Үндістан мемлекеті екіге қажарылып, бір-біріне қас екі мемлекет пайда болды (Үндістан және Пәкістан).

Индустар қауымы діни фанатизмге жан-тәнімен беріліп қана қоймай әлеуметтік теңдікке де жауыға қарады. Қалыптасқан касталық жүйе үнді азаматтарының мемлекеттік заң алдындағы теңдігін бұзды, ал мұндай келеңсіз жағдай мемлекеттің ғана емес, сонымен қатар бүкіл үнді халқының тағдырына да өз әсерін тигізді. Қоғамдағы қалыптасқан ахуалға байланысты сорақы қылықтар белең алды. Тіршілік иесі атаулыға жамандық жасамауды уағыздаған қайырымды, ақкөңіл индустар мұсылмандарды көргенде кірпіше жиырылып, қатыгездік көрсетіп, мүлде басқаша қарым-қатынастар жасады. Брахман өзінің кедейлігіне қарамастан, басқа касталардың өкілдеріне өз қызын беруден үзілді-кесілді бас тартты. Діни фанатизм мен касталық дәстүрлер салдарынан туындаған қоғамдағы келеңсіз мұндай құбылыстар Гандиді қатты толғандырды. Ол «Мен индустар мен мұсылмандар арасында болып жатқан жыртқыштық әрекеттердің дәрменсіз куәгері болып қалмауым үшін, ұлы тәңірінің көмегін күтемін» деп жазды. М. Гандидің бүкіл саналы өмірі үнді-будда мәдениетінің құндылықтарын сақтауға, оны заман ағымындағы тағылық әрекеттерден қорғап қалуға бағытталды. Қалай болғанда да, үнді-будда мәдениетінің күш көрсетуден бас тарту, рухани тазалықты сақтай білу, табиғатты құрметтеп, аялай білу, өмірді қадірлеу сияқты өмірлік қағидалары еш уақытта да өз мәнін жоймақ емес, олай болса бл мәдениеттің басты құндылығы да, мәні де осында болса керек.

Үнді өнері брахманизмнің, буддизм мен индуизмнің діни-өнегелік құндылықтарының тікелей ықпалымен дамыды. Алғашқы дүниеге келген көркем шығармалардың мазмұны адамзатты қоршаған дүниенің мән-мағынасын шындық тұрғысынан көрсетуге бағытталды. Ведалар да, упанишадтар да көне үнді тілінде (санскрит) жазылған әдеби ескерткіштер қатарына жатады. Олардың көркемдік құндылығы бүгінгі күннің талабына да сай келіп отыр. Д. Неру үнді халқының көркемдік мәдениетін Батыс Еуропа өнерімен өзара салыстыра отырып, олардың бір-бірінен басты айырмашылықтарын да атап көрсетеді.

Біріншіден, үнді халқының көркемдік мәдениеті дінмен және философиямен тығыз байланысты болып келеді. Бұл байланыстардың тамырының тереңдігі соншалық, үнді халқының көркемдік мәдениетіне сай келетін діни-философиялық идеалдарды білмей тұрып, бұл мәдениетті түсініп, бағалау мүмкін емес. Үнді мәдениетінің қай туындысын алып қарастырсақ та, оларда діни сарынның бар екендігін аңғарамыз.

Екіншіден, үнді өнері қарапайым шаруаларға өте жақын болып келеді, өйткені мәдениеттің бұл саласының басты мақсаты — қарапайым халықтың жүрегіне діни-философиялық идеяларды жеткізу, карма заңдарын, дхарма талаптарын түсіндіру болып табылады.

Үшіншіден, поэзиямен, прозамен, драмамен, музыкамен айналысушы өнер адамдары өздерінің бойындағы қасиеттерді табиғат әлеміндегі құбылыстармен салыстырады және адамның табиғатпен, әлеммен өзара үндестігін ашып көрсетуге тырысады.

Төртіншіден, үнді өнерінің дамуына құдайларды мадақтауға қарсы бағытталған діни парасаттылық ерекше ықпал жасады. Ведалар құдайлар бейнесіне құлшылық жасауға қарсы болды, ал Будданың мүсін өнері мен кескіндеме өнері салаларында бейнеленуі буддизмнің дамуының тек соңғы дәуірінде ғана мүмкін болды.

Б.з. VII—VIII ғасырларында Үндістанда Элора үңгірінде Кайлас ғибадатханасы салынды және Элефант үңгірлерінде Брахманның, Вишнаның және Шиваның тұлғалары сымбатталып жасалды. Ал, монғолдардың үстемдігі кезінде мүсін өнері саласындағы мұндай дәстүрлерге қатаң тыйым салынды. Ислам дінінің қағидаларына сүйенген атақты Бабырдың ұрпақтары құдайларды бейнелеуге мүлде қарсы болды. Бірақ, оның есесіне үнді өнерінің басқа салаларында мәдениет пен өнердің тамаша туындылары өмірге келді. Солардың бірі — тек қана үнді халқының ғана емес, сонымен қатар бүкіл адамзат баласының аяулы да, қасиетті ескерткіші, аппақ мәрмәр тастардан асқан шеберлікпен жасалған Тәж—Махал кесенесі. Көне үнді әдебиетінің асыл мұраларының бірі — «Махабхаратта» поэмасы болды. Бұл әдеби туындының басты тақырыбы — құдайға, оның құдіретіне табыну, оны мадақтау. «Брахман — мәңгілік. Ол — ұлы, ол дана. Ол қай уақытта болса да қасыңнан табылады». — Бұл ойлар поэманың өн бойынан орын алып, тақырыптың негізгі арқауына айналған. Конфуцийде, Аристотельде, ал одан кейін Кантта кездесетін «Өзің қаламағанды, басқаға да жасама» деген қағиданың алғаш рет осы «Махабхараттада» айтылғандығын кез келген адам біле бермейді. «Бхагавадгита» — «Махабхараттаның» бір бөлімі. Бұл шағын бөлім өмірдің мәні туралы терең философиялық толғауларға толы болып келеді. Оның басты кейіпкерлері — Брахманның жердегі өкілі — Кришна мен қайырымды әскер басшысы Арджуна. Поэмада Кришна Арджунаға былай дейді: «Бұл дүниеде өлім деген жоқ, өйткені жанның көшуі — өмірді мәңгілік, ал өлімді қас-қағымдық сәт етеді».

Эпикалық «Рамаяна» поэмасының да үнді-будда мәдениетінде алатын орны айрықша. Мұнда өзінің сүйген қызы Ситаны құтқару жолындағы Рама патшаның басынан кешкен уақиғалары баяндалады. Сонымен бірге, бұл баға жетпес мәдени мұрада көне замандағы үнді халқының өмірі кеңінен сипатталып, олардың салт-дәстүрлері, тіршілік-тұрмысы туралы құнды мәліметтер беріледі. Міне, сондықтан да болар, француздың белгілі тарихшысы Мишле «Рамаяна» поэмасы туралы былай деп толғана жазды: «Батысқа қарасам көңілім толмайды, тіпті ежелгі мәдениеттің ошақтарының бірі болған — Грекияның өзі де мені онша қанағаттандырмайды, тұншығып бара жатқандай әсер аламын, өйткені олардың идеялары әрі жұтаң, әрі әсерсіз. Ал ұлы Азия мен дана Шығысқа көз жіберіңізші. Онда менің жүрегім, менің сүйікті поэмам жатыр. Бұл әдеби туынды — кең байтақ Үнді мұхитымен пара-пар».

Ведалар, упанишадтар, «Махабхаратта» және «Рамаяна» поэмалары үнді халқының даналық энциклопедиясы болып саналады. Бұл мәдени мұралардың өміршеңдігі — ондағы адам өміріне тікелей қатысты даналық қағидаларға, тәлім-тәрбиелік ойларға, философиялық толғауларға және т.б. толы болуында болар. Бұл ойымыз дәлелді болу үшін көне үнді афоризмдерінен бірнеше үзінділер келтірейік: «Адам сәні — даналық, даналық сәні — тыныштық, тыныштық сәні — батырлық, батырлық сәні — қайырымдылық». Әйелдердің мың кемшілігі және үш адамгершілік қасиеті бар: олар — шаңырақты ұстау, ұрпақты жалғастыру және ерімен бірге о дүниелік болу. «Қонған масаларды қууға жарамайтын иттің құйрығынан, пайдаға аспайтын білімділіктен не

пайда?», «Махаббат рахатын көрмесең денсаулықтан, табандылығың мен ұлылығыңнан не пайда?», «Арыстанды шатқалда, құсты аспанда, балықты суда ұстауға болады, ал әйелдің беймаза жүрегін еш уақытта да ұстай алмайсың». Үндінің көркемдік мәдениетінде махаббат мәселесі мен әйелдер табиғатына ерекше орын берілген. Әйелдердің жаратылуы жайындағы мифтерде ойнақылық — мысқылдау сарыны айқын аңғарылады. Мына бір әңгіме осы бір пікірімізді дәлелдей түссе керек. «Еркекті жаратуға бүкіл материалдарды жұмсап қойғандықтан, әйелдерді жаратуға материал таппай жаратушы Твашт-ри құдай қатты сасады. Біраз ойланғаннан кейін ол әйелді жаратудың жолын да, әйелдердің бойына лайық қасиеттерді де табады. Олар: гүлдің әсемдігі, жапырақтың жеңілдігі, сәуленің құбылмалығы, желдің өзгергіштігі, бұлттардың жыласы, қоянның жасқаншақтығы, тотының паңдығы, жолбарыстың қаһарлығы, оттың қызуы, қардың ызғары, балдың тәттілігі, алмастың қаттылығы, жабайы үйректің адалдығы, торғайдың сөзуарлығы, тырнаның залымдығы және тағы да басқа қасиеттерді араластырып жасап еркектің қолына берген екен».

Махаббат құдайы Кама мен оның әйелі Рати үнді ақындары мен жазушыларының ерекше құрметіне бөленген. Карма өмірдің қызығын қызықтауға тыйым салмайды. Тіпті қолдарынан өнер тамған әрі өнерлі, әрі ақылды «махаббат оттары» куртизанкалармен көңіл көтеруді күнә деп санамайды. V ғасырда өмір сүрген үнді ақыны Махараши Вацияна өзінің «Кама-Сутра» деген өлеңмен жазылған шығармасында жыныстық қатынастар мәдениеті, әйел мен еркек арасындағы қарым-қатынастар, сезімдік рахаттану мен дене сұлулығын жақсартатын әдістер мен тәсілдер кеңінен сипатталып, баяндалған. XIX—XX ғасырларда бұл кітап Батыс Еуропа елдерінде кеңінен тарады және ол бойынша бірнеше кинофильмдер түсірілді. Мұндай діни-эротикалық мазмұндағы шығармалар XVII—XIX ғасырлар аралығында Үнді елінде көптеп жазылды. Олардың авторлары: Бихари Лала (XVII ғ.), Чинтамани (XVII ғ.), Бхаратчандро Рая (XVIII ғ.), Рангина (XIX ғ. басы), Джан Сахаба (XIX ғ.).

Буддизмде мұндай эротикалық сарындағы еңбектер жазуға жол берілмеді. Мұнда адамзатты қоршаған тіршілік дүниесіне көзқарастар былай сипатталды: «Тіршілік иелерінің ешқайсысын да өлтіруге болмайды, ұрлық жасауға, әйелінің немесе ерінің көзіне шөп салуға болмайды» (монахтарға әйелдерге жақындауға мүлде рұхсат етілмеді). Өтірік айтуға, арақ-шарап ішуге қатаң тыйым салынды. Бірақ, буддизм джайнизмнің тағылыққа дейін жетіп, киім киюден бас тартушылыққа дейін жететін аскеттік қылықтарын өткір сынға алды. Үндістанда театр мен драмалық әдебиет кең түрде дамыды. Ерекше атап өтетін бір жәйт, театр өзінің тамырын Ведалардағы гимндер мен диалогтардан алды. Кришна жайындағы көптеген аңыздарды халық арасында насихаттауда театрға ерекше орын берілді, ал оған Бхаса, Ашвагхоши сияқты аса көрнекті үнді драматургтері өз үлестерін қосты. Әсіресе Ашвагхоши аса ірі үнді драматургтарының бірі болды. Ол діни тақырыптарды өз шығармаларының арқауы етті. Қытай мен Тибетте кеңінен тараған, қасиетті Будданың өміріне арналған «Буддачарита» — оның төл туындысы. Біздің заманымыздың IV ғасырында өмір сүрген Калидастың шығармашылығы Батыс Еуропа елдеріне кеңінен танымал. Ол лирикалық «Облако — вестник» және «Малаявика и Агнимитра», «Мужеством обретенная Урваши», «Шакунтала» сияқты танымал драмалардың авторы.

«Рамаяна» тақырыбына жазылған «Махабирачарита», «Уттарарамачарита» және «Малатимадхава» драмаларының авторы Бхаббахутидің (VIII ғ.) мерейі үстем болды. Аталған драмалардың жазылуы хинда, бенгал, маратхи, гуджарати, ория, ассам сияқты тағы да басқа үнді халықтарының әдеби тілдерінің қалыптасып, одан әрі дамуына зор ықпал жасады. Үнді әдебиетінің алып тұлғаларының бірі — ауыз әдебиетіне негізделіп жазылған «Рамаяна» және Кришнаға арналып жазылған «Кришнавали» поэмаларының авторы Тулеи Дас (1532—1624).

Ағылшын отаршылдығы кезеңінде үнді-будда мәдениетінің даму қарқыны бәсеңдей бастағанымен, ұлт-азаттық қозғалыстың басталуына байланысты мәдениет пен

өнер қайта жанданып, өнер адамдарының шығармашылық белсенділігі жаңа арнаға түсті. XIX ғасырда Үндістанда мәдениеттің жаңа сатыға көтеріліп, гүлденуіне Динобандху Митро, Б. Чоттопадхайя, А. Навалар, Р. Айр, Нармадасанкар және т.б. жазушылар үлкен еңбек сіңірді. Әдеби туындыларын бенгаль тілінде жазған, үнді әдебиетінің ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзілік әдебиеттің алып тұлғаларының бірі — мандай алдысы Рабиндранат Тагордың алатын орны айрықша. Оның «Таулар», «Үй мен бейбітшілік» атты романдары әлемге өйгілі, ал «Джанаганамана» деп аталатын өлеңі Үндістанның мемлекеттік гимніне айналды. Рабиндранат Тагордың әдебиет саласындағы ұланғайыр еңбегі өте жоғары бағаланып, оған 1913 жылы Нобель сыйлығы тапсырылды.

Үнді-будда мәдениеті жүйесінде ғылыми білім қалай дамыды? Осы мәселеге байланысты ұлы ғалым А. Эйнштейн өзінің бір хатында былай деп жазды: «Батыс ғылымының дамуы екі ұлы жетістікке тікелей байланысты болды. Оның біріншісі, грек философтарының формалды логикалық жүйесі (Евклид геометриясы) және Қайта Жаңғыру дәуіріндегі себептік қатынастарды жүйелі тәжірибенің көмегімен ашуға болатындығы туралы жаңалықтар болды. Мен қытай даналары бұл жаңалықтарды бұрыш неге ашпады екен деп танданбаймын, менің таң қалатыным — бұл жаңалықтардың ашылуында»⁽¹¹⁾. XX ғасырдың ұлы физигінің бұл пікірінің астарында үнді-будда дінінің қойнауында жоғары дамыған ағартушылық пен білімге қарамастан бұл елдегі ғылым өз деңгейінде неге дамымаған, неге ол Батыс Еуропа елдерінен әкелінген деген орынды сұрақтар бар.

Әрине, үнді-будда дінінің білімге үлкен құрметпен қараған- дығын ешкім де жоққа шығара алмас. Көне үнді афоризмдерінде ғылымның маңызы мен мәні жоғары бағаланған. Оған дәлел ретінде ғылым мен білімге байланысты мына бір қанатты сөздерді мысалға келтіргенді жөн көрдік: «Адамның ең қасиетті игілігі — ғылым мен білім, оларға ешбір баға да жетпейді және олар еш уақытта да сарқылмайды», «Билік пен білімділікті салыстыруға болмайды», «Патшаны өз елінде ғана сыйласа, ғалым барлық жерде де құрметке ие», «Білімсіз адам малмен тең» және т.б. Үнді математиктері, дәрігерлері араб, парсы және Орта Азия елдерінде жоғары бағаланған, сондықтан болса керек, көптеген адамдар білім бұлағынан сусындау үшін үнді еліне келетін болған. Үндістанның кейбір қалаларында ашылған университет- терде діни-философиялық текстер, астрономия, астрология, математика, медицина мәселелері жан-жақты оқытылатын болған. Бенарес көп уақытқа дейін үнді мемлекетінің басты ғылыми орталықтарының бірі болған. Көне Үндістанда астрономия мен математика жоғары бағаланған. «Ноль» белгісі мен санаудың ондық жүйесін ойлап тапқан да үнді ғалымдары болатын. V—XII ғасырларда Ариабхатта (V ғ.), Брахмагупта (VII ғ.), Магавира (IX ғ.), Бхаскара (XII ғ.) сияқты дарынды математиктер мен астрономдардың мерейі үстем болды.

Үнді химиктерінің химия саласындағы жаңалықтары бояу, дәрі және т.б. дайындауда кеңінен қолданылды. Үнді дәрігерлері де терапия және хирургия жайында тамаша ғылыми еңбектер жазды. Қанның айналысы жөніндегі ғылыми тұжырымдарымен үнділіктер атақты дәрігер Гарвейден де асып түсті. Бірақ, өкінішке орай, үнді-будда мәдениетінің дәстүрлері рационалистік сипатқа толық ие бола алмады. Ғылыми білімнің құрылымының логикалық негіздері үнді ғалымдарын онша қызықтырмады. Одан да олар адамзатты қоршаған дүниенің сан құпиялары мен әртүрлі салада жаңалықтар ашумен айна- лысқанды жақсы көрді. Тіпті, тарихи зерттеулерге де онша мән-мағына бермеді. Ғасырлар бойғы үнді халқының мәдени жетістіктері, халықтардың миграциясы, шаруашылық өмір, патшалықтардың арғы-бергі тарихы сияқты маңызды мәселелерге онша назар аударылмады. Соның салдарынан көне заман тарихынан сыр шертетін еңбектер санаулы ғана болды. Солардың бірі — Кашмирдің тарихы жайындағы тарихшы Калханидің (б.з. XII ғ.) *«Раджатарангити»* атты еңбегі.

Өз тарихына немқұрайлы қарау, нақты өмірден алшақтау, өмірге көзқарастардың көмескілігі сияқты келеңсіз жағдайлардың орын алуы мәдениеттің дамуына нұқсан келтірді. Қоғамдық өмірді тұрақтандыруда дін қаншама рөл атқарғанымен де, үнді

мемлекеті ғылым мен білім жолына, яғни өркениетті ел болу жолына түсуі — тарихи қажеттілік болды. Заман ағымында бұл асқаралы міндеттері біртіндеп жүзеге асырыла бастады да, асырыла бермек те.

Лекция 7. Ежелгі Қытай дәстүріндегі діннің рөлі

Қаратырылатын мәселелер: Конфуциандық пен даосизм. Қытайдың рухани және күнделікті салт-дәстүрлерінің ерекшеліктері. Қытай діндеріндегі дін мен дәстүр байланысы.

Конфуцийлік және Қиыр Шығыстың дәстүрлері. Даосизм. Қытайдағы тәрбиелеу және білім беру жүйесі. Конфуцийшіліктегі тыйым салу мен ережелер. Қытайда жазалау жүйесі. Қытайдағы отбасы-неке қатынастары. Конфуцийшіліктегі шіркеулер мен мерекелер. Қытай этикеті. Шай рәсімі.

Аспан асты елі: іргелі идеялар мен мәдени дәстүрлер. «Қытай сауаттылығы» және каллиграфия. Органикалық үштік идеясы: аспан - жер - адам. Менталитеттің негіздері. Конфуциандық дәстүр мен канон: этикалық және салт-дәстүрлі стандарттау. Қазіргі мәдени кеңістіктегі қытай синкретизмі: мәдени және идеологиялық доминанттар.

Конфуцийлік-даосистік мәдениет. Қытай этносы қытай халқының басқа халықтардан өзгеше мәдениетінің қалыптасуына ерекше ықпал жасады. Қытайлықтар болмыс құпиялары мен өмір мен өлім мәселелерінен гөрі жарылқаушыларға бас иіп, оларға еліктеуді өздерінің қасиетгі парызы деп санады. Қытай елінде о дүниедегі рахат өмірді уағыздаушылардан гөрі, осы нақты өмірдің мән-мағынасын терең түсіне отырып «*өмір үшін өмір сүруге*» үйретушілерді ұлылар қатарына жатқызып, олардың даналық қағидаларына бас иген. Дәстүрлі қытай мәдениетінің өзіндік бет-бейнесінің қалыптасуына діннен гөрі, салттық этиканың ерекше әсер етуі де осы жағдайға тікелей байланысты болса керек.

Қытай қоғамында орын алған мұндай жағдайлардың бәрі де адамзатты қоршаған дүниенің бейнесі жайындағы нақты ұғымдардың қалыптасуына да, оның эволюциялық сипатына да өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Мысалы, Қытайдың діни құрылымында дін адамдарының рөлі алғашқы кездерде онша жоғары бола қойған жоқ. Оған дәлел ретінде Аспан құрметіне бай-ланысты өткізілетін діни рәсімдерді ғалым адамдардың емін-еркін атқара беретіндігін атап көрсетуге болады. Өйткені, Қытайда сол заманның өзінде-ақ ғалымдарға ерекше құрмет көрсетіліп, оларды жоғары сословиеге жатқызған, бірақ олар мұндай абыздық қызметтерден гөрі мемлекеттік істерге өте жақын тұрды. Қытайдың діни құрылымының бұл ерекшелігі сонау көне заманда, атап айтқанда, б.з.б. екінші ғасырдан бастап-ақ қалыптаса бастаған болатын.

Қытайлар да дүние жүзінің басқа халықтары сияқты құдайлар мен рухтардың құрметтеріне құрбандықтар шалды (кей жағдайларда қанды құрбандықтар да берілетін болған). Бірақ, уақыт өткен сайын көп құдайлар мен рухтардың ішінен Ұлы Құдай дәрежесіне жетіп, аты аңызға айналған Шанди басты орынға шықты. Әрине, діннің даму тарихындағы мұндай дара тұлғалар әлемдік басқа діндерде де жиі кездеседі (мысалы, Египетте). Бірақ, Қытайда Ұлы Құдай Шандиді өз халқының мұңын жоқтап, жағдайын ойлайтын, оған барынша қамқорлық жасайтын қамқоршы және арғы ата-бабаларының, ата-тектерінің негізін қалаушы ретінде де қабылдаған. Сондықтан да болар, қытай халқының тұрмыс-тіршілігіндегі барлық мәселелердің түйінін шешу — Шанди құдайға табынумен, оған жалбарынумен тығыз байланысты болған.

Қытайдың қоғамдық-саяси өмірінде орын алған түбегейлі өзгерістерге байланысты, кейіннен, яғни Чжоудинастиясы кезеңінде (б.з.б. XI ғ.) Шанди құдайға табынушылықтың орнын Аспанға табынушылық басты. Сонымен қатар Чжоу династиясының билеушісі Аспан тәңірінің ұлы деп, ал Қытай империясы Аспан аясындағы қасиетті империя деп жарияланды. Бұл атақ пен қытай елінің бұл аты XX ғасырға дейін сақталып отыр. Қытайлықтардың ел билеушілерін осыншама дәріптеп, оларға жоғары атақ бергеніне

қарағанда, олар ел басшылары құдайлармен генетикалық байланыста деп түсінгендігін айқын аңғаруға болады. Чжоу дәуірінен бастап Аспан қытайлықтардың басты құдайына айналды. Аспанға табынушылықта моральдық-этикалық сарын басым болды. Қытайлықтар Аспан қайырымдыларды, рахымшылдарды жарылқап, ал мейірімсіз қатыгез адамдарды аяусыз жазалайды деп түсінген. Адамгершілік, қайырымдылық және т.б. ұғымдар Аспанның космостық күштерінен қуат алған, онымен ұдайы байланыста болған, халықтың қамын ойлаушы ел билеушісінің бойындағы ізгі қасиеттермен байланыстырылып қарастырылады. Қайырымды, дана билеуші ғана өз елін, өз халқын басқара алады, ал бұл қасиеттерден ада болғандар ел басқару құқысынан айырылады. Ежелгі қытайлықтар өмірдің мәнін адамдардың космос кеңістігімен дұрыс қарым-қатынастар орната білуімен де байланыстырады.

Олай болса, қытай халқының салт-дәстүрінде, әдет-ғұрыптарында және т.б. дін этикалық нормаларға айналды. Аспанға табынуда моральдық және адамгершілік жақтарға баса назар аударылды. Ерекше атап өтетін бір жайт, Қытайда халық Аспан еркінің жаршысы деп жарияланып, рухтарға қарағанда халықтың жағдайына ерекше мән берілді, ал бұл жағдай Қытай мәдениетінің дамуына өз әсерін тигізбей қалған жоқ. Мәдениет тарихына тереңірек үніліп қарасақ, табиғат дүниесімен етене байланыста болып, оған ерекше сезіммен, әрі сеніммен қарау 88 қытай халқының бойында қалыптасқан табиғи қасиет екендігін аңғарамыз. Табиғат пен адам жанының үндестігі, табиғатты аялау, оған деген сәбилік махаббат сезімі халықтық мәдени туындыларды одан әрі нәрлендіре түсті. Табиғатқа табыну және оның өзіндік табиғи қасиеттерін бағалаудың арқасында қытайлықтар жан-жақты жетілген, ізгілікке толы дүниенің бейнесін жасады. Олардың ұғымынша, дүние — қарама-қайшылықтардың абсолютті үйлесімділігі үстемдік еткен шым-шытырық дүние, бірақ мұнда қандай жағдай болса да, олар бірін-бірі еш уақытта да жоққа шығармайды, қайта бірін-бірі толықтырып өзара үйлесімділік тауып отырады. Табиғаттың әрбір құбылысы — табиғат атаулының, бүкіл тіршілік атаулының жалынды жаршысы. Әрбір табиғи құбылыстың өзіндік құпиясы, өзіндік сыры бар — олардан даналық лебі еседі. Демек, Қытай халқының түсінігіндегі дүние бейнесі өзінің тұтастығымен, өзара үйлесімділігімен таң қалдырады. Қытай халқы табиғаттың бес қайнар бұлағын бес қасиетпен байланыстырады. Олар: адамгершілік (жень), парыз сезімі (и), әдепті қылық (ли), ізгілік (синь) және даналық (чжи).

Қытай мәдениеті космостық ырғаққа, оның ырқына байланысты іс-әрекетке шақырады, өйткені адамның әрбір іс-әрекеті, тіпті оның шығармашылық қасиеттері де Аспанға, оның құдіретіне тікелей байланысты. Мұндай тәңірілік көңіл күйді қытайлықтар былайша білдіреді: «Мен сөйлеп тұрған жоқпын, мен баяндап тұрмын». Ұлы уағызгер Конфуцийдің көзқарасынша, адам бойындағы қасиеттердің барлығы да табиғатпен тығыз байланысты. Табиғат адамға дарын береді, ал дарындылық — табиғаттағы шығармашылық процестердің заңды нәтижесі болып табылады. Демек, қоғам мен табиғаттың өзара үйлесімділігі негізінде Аспан әлемімен, оның табиғи іс-әрекеттерімен байланыстырыла қарастырылатын әлеуметтік-этикалық мазмұндағы идеялар жатыр. Бұл идеялар даосизм және Конфуций ілімінде одан әрі түрленіп, толықтырыла түсті. Халық тарапынан қолдау тапқан бұл идеяны Қытай мәдениетінің рухани өзегіне айналған будда діні де кеңінен пайдаланып, одан әрі дамыта түсті. Соның нәтижесінде будда діні даосизм мен Конфуций ілімдерімен қосыла отырып философиялық-діни үштікті (Сань цзяо) құрады.

Даосизм адамзатты табиғатпен бірлікке шақырды. Сонау көне заманда басталған бұл тамаша дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, күні бүгінге дейін өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Сондықтан да қытай халқының мәдени туындыларында адамның табиғатпен байланыстары жан-жақты көрсетіліп, тамаша бейнеленеді. Даосизмнің негізін қалаушы — Лао-Цзы өз заманында «кәрі дана» деген атаққа ие болған. Бұл діни жүйе діннен гөрі философияға жақындау болып келеді. Даосизм жергілікті дін ретінде б.з.б. VI ғасырда қалыптаса бастаған. Лао-Цзының өмірі туралы мәліметтер өте аз, әрі жұмбақ

жақтары да аз емес. Сол кезеңдегі тарихи деректерге сүйенсек, этикалық ілімнің негізін қалаушы Конфуций Лао-Цзыға арнайы келіп одан өзінің шығармашылық қызметі жайындағы пікірін білгісі келетіндігін білдіреді. Бірақ, «Көрі дана» Конфуцийді «Әлеуметтік жобалар мен реформалар жасауға босқа уақыт кетірдің, оның барлығы да бос әурешілік» деп қатты сынға алады. Лао-Цзының тұжырымдауынша, халық даоны (дао — жол деген мағынаны береді) негізге алуы қажет, өйткені даосизм ілімінің негізі табиғатпен байланысты. Одан әрі ол былай деп пайымдайды: «Адамзат Жерге, Жер Аспанға тәуелді, Аспан даоны, ал өз кезегінде дао табиғилықты қажет етеді». Олай болса дао — адамзат баласының тіршілігі мен бізді қоршаған жарық дүниенің дәнекершісі болып табылады. Дао — жер бетіндегі тіршілік атаулының негізі, бүкіл заттық дүние мен табиғат құбылыстарының қайнар көзі. «Дао ілімінде жеке адамның адамгершілік тұрғыдан жетілуі — өзін қоршаған ортамен үйлесімділігімен байланыста қарастырылады. Лао-Цзының бұл атақты философиялық-діни қағидалары «О пути к добродетели» атты еңбегінде жан-жақты баяндалады.

Қытай мәдениетінің екінші бір қайнар бұлағы — Конфуций ілімі болып саналады. Оның негізін қалаушы Кун Фуцзы, яғни Кун — ұстаз. Конфуций б.з.б. 551 жылы шамасында өмірге келген. Бала кезінен-ақ білімге өте құштар болған Ұлы уағызгер көне заман тарихын қызыға оқып, ескі салт-дәстүрлерді өте жақсы көрген. Өмір жолында талай қиындықтарды басынан кешірген Конфуцийдің бойында өзі өмір сүрген ортаға көңілі толмаушылық сезімі белең алды. Ол елдегі бей-берекетсіздіктен құтылу және халықтың тұрмыс-тіршілігін дұрыс жолға қоюдың басты жолы — ата-бабалар дәстүрлері мен заңдарына, көне заман тәртібіне оралу деп санады. Конфуцийдің ойынша, бұл мақсатты жүзеге асыру жолындағы шараларды әрбір адам саналы түрде жүзеге асыруы, өз-өзіне жоғары талаптар қоя білуі және қабылданған ережелер мен канондарды мүлтіксіз орындай білуі шарт, міне, сонда ғана қоғамда келелі өзгерістерді жүзеге асыруға мүмкіндік туады. Бұл қағида — оның этикалық-әлеуметтік бағдарламасының негізі болып табылады және Қытайдың мәдени-тарихи дамуына ерекше ықпал жасады.

Конфуций өзінің өмірлік қағидаларын қағаз бетіне түсірген жоқ, бірақ оның айтқан ой тұжырымдарын шәкірттері жазба түрінде «Суждения и беседы» деген еңбекте жан-жақты баян-дайды. Кітаптағы әрбір қағида, ой толғаулары «Ұстаз былай деген екен» деп басталады. Бұл баға жетпес құнды еңбек Ұлы дананың ілімінен толық мағлұмат беретін жалғыз жазбаша дерек болып табылады. Өзі өмір сүрген ортаны өткір сынға алып, болашақтан үлкен үміт күткен Конфуций екі заманды өзара салыстыра отырып «Жетілген адамның» (цзюнь цзы) идеалын жасады. Жан-жақты толысқан, адамгершілік қасиеттері мол «жетілген адамның бойында», негізінен екі қасиет болуы қажет, олар: адамгершілік пен парыз сезімі. Ол былай дейді: «Мемлекетті басқаратын адам — халқын шын ықыласымен сүюімен қатар парасатты және шыншыл болуы шарт». Нағыз «цзюнь цзы» болу үшін тек қана адамгершілік қасиет жеткіліксіз. Ол үшін тағы да басты қасиет — парыз сезімі керек. Парыз — бұл моральдық міндет болып саналады. Парызды сезіне білудің өзі білім мен жоғарғы принципке, жалпы алғанда, адам бойындағы ізгі қасиеттерге тікелей байланысты болып келеді. Осы орайда Конфуций «Қайырымды ердің» бейнесін жасап, оны «қасиетсіз ерлерге» (сяо жень) қарама-қарсы қойды. «Қайырымды ер» өз парыздарын терең түсіне біледі, қоғамдық заңдарды бұлжытпай орындайды, ол «қасиетсіз ер» болса тек өз қара басының құлы ғана, бас пайдасын ойлаудан аспайды. Алғашқысы өз-өзіне талаптар қоя білсе, екіншісі басқалардан талап етуді ғана біледі. Алғашқысына жауапты істерді сеніп тапсыруға бо-лады, адамдармен татулық қарым-қатынастарда болады, қайғы мен қуанышқа ортақтаса біледі, қажет болған жағдайларда өз өмірін қияды және қандай құрбандықтарға болса да бара алады, ал екіншісі болса бұл айтылған қасиеттерден мүлде жұрдай қасиетсіз адам. «Қайырымды ер» үш нәрседен қорқады, олар: киелі Аспан, ұлы адамдар мен даналардың айтқан сөздері, ал «қасиетсіз ер» көктен де сескенбейді, ұлыларды жек көреді, дана адамдардың сөзін ескерусіз қалдырады.

Уақыт өткен сайын Конфуцийдің беделі өсіп, оның ілімі қытай қоғамында ғана емес, адамдар санасында, олардың бүкіл тұрмыс-тіршілігінде де берік орныға түсті. Б.з.б. III ғасырда және б.з. III ғасырларында оның ілімі Хань династиясының тұрақты идеологиясына айналды, тіпті жоғары мемлекеттік қызметке қабылданатын адамдарға Ұлы ұстаздың ілімін терең игеру талаптары қатаң қойыла бастады. Бірақ, заман ағымындағы орын алған түбегейлі терең өзгерістерге байланысты Конфуций ілімі айтарлықтай өзгерістерге ұшырады. Оның тұрақты идеологияға айналуына байланысты бұл ілімнің рухына нұқсан келді. Дәлірек айтқанда, өткенге құрметпен қарау, үлкендерді сыйлау сияқты адамгершілік ізгі қасиеттер жасандылық сипат алып, жалғандыққа, қанағатсыздыққа, пайдакүнемдікке жол берілді. Кейіннен, яғни ортағасырлық Қытайда біртіндеп әрбір адамның қоғамдағы алатын орнына байланысты тұрақты ережелер мен стереотиптердің белгілі бір жүйесі қалыптаса бастады. Бұл заңды қағидалар қытай салтанаттарында айқын аңғарылды. Өмірдің әрбір жағдайына байланысты барлық адамдар үшін міндетті түрде орындалуға тиісті тәртіп ережелері қалыптасты. Конфуцийлік ережелер бойынша адам қандай жағдайда болса да өзін тежеп ұстауы керек, ішкі жан-сезімдерін ақылға билеттіруі қажет. Демек, адамның еркі қалыптасқан ережелерге тәуелді болды, өз дегенін жүзеге асыра алмады. Конфуцийдің ілімі бойынша, әрбір адам өзінің қоғамда алатын орнын жете білуі қажет. Адамдар өз құқын, өзіне тиісті орнын, қандай жағдайда не істеу қажет екендігін толық білгенде ғана қоғамда тәртіп орнап, тыныштық жағдай қалыптасады. Мұндай қоғамдық-әлеуметтік тәртіпті Конфуций және оның жолын қуушылар мәңгілік, әрі мүлде өзгермейді деп есептеді. Сөйтіп, қытай қоғамы жоғарыдағылар және төмендегілер болып екіге бөлінді, алғашқылары мемлекетті басқару істерімен шұғылданса, соңғылары қарапайым еңбекпен шұғылданып, бағыныштылық жағдайда болулары тиіс болды. Қоғамды жоғарыдағылар және төмендегілер деп жікке бөлудегі басты өлшем тек қана байлық қана емес, сонымен қатар қытай азаматтарының «цзюнь-цзы» идеалдарына жақындығы және оған жан-тәнімен берілгендігі болып саналады. Формалды түрде бұл жағдай кез келген қытайлыққа жоғарыдағылар қатарына жол ашқанымен, шын мәнісінде, мүлде олай емес еді, өйткені шенеуіктер сословиесі қарапайым халықтан алынбас қамалмен бөлінген болатын. Ол қамал — сауаттылық, яғни «иероглифтер» қамалы болатын. Қытай елінің бүкіл тарихында адамның қоғамда алатын орны мен оның әлеуметтік жағдайы сауаттылықпен өлшеніп келгендігін еске алсақ және қарапайым халықтың бұл межеге шыға бермейтіндігін ескерсек, қалыптасқан жағдайдың сырын түсінуге толық мүмкіндік аламыз.

“”Конфуций ел басқарудың басты мақсаты”” — халықтың мүддесі деп жариялады. Оның әрбір қағидасын ескере отырып, ұлы уағызгердің ізбасарлары мемлекеттің үш ең басты элементтерін атап көрсетті, олар: біріншісі — халық, екіншісі — құдай, үшіншісі — әмірші-патша. Бірақ, халықты бірінші орынға қоя отырып конфуцийшілдер «қарапайым халықтың мүдделері өздеріне де түсініксіз, сондықтан да олар білімді ел билеушілердің көмегінсіз мүлде өмір сүре алмайды» деп санады. Конфуцийдің әлеуметтік тәртібінің басты қағидаларының бірі — үлкендерді сыйлау, оларға бағыну. Олар үлкен бедел иелері, олай болса олардың айтқандарын мүлтіксіз орындап, еркіне бағыну — мемлекет ішіндегі мүлтіксіз орындалуға тиісті ережелер болып есептелінеді. Бұл жағдай отбасылық өмірге де қатысты болды. Сондықтан да болар, Конфуцийдің «Мемлекет дегеніміз — үлкен отбасы, ал отбасы — кіші мемлекет» деген қағидасы Қытай елінде берік орнығып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Оның басты нәтижесі күні бүгінге дейін қытайлықтардың ата-анасын және үлкендерді сыйлап-құрметтеуді ұлттық дәстүрге айналдырғандығы болып табылады. Отбасылық — мемлекеттік бағыныштылық принциптерінің өміршеңдігін 1989 жылы Таньаньмэнь алаңындағы (Пекинде) студенттер қозғалысының жеңілісінің қорытындыларынан айқын аңғаруға болады. Ғасырлар бойы үлкендер мен ата-анасын сыйлауды дәріптеген қытай қоғамы саяси билікте мемлекеттік даналықты бойына жинақтаған ел басшысына қарсылықты батыл айыптады.

«Ата-бабаларға» табыну — ежелгі Қытайда кеңінен орын алғаны тарихтан белгілі. Осы бір ежелден қалыптасқан дәстүрдің мазмұны мен түрін ғана өзгерткен Конфуций оған ерекше мән бере отырып, бұл табынушылықты әрбір қытай азаматының қоғамдағы басты міндетіне, тәртіп нормасына айналдырды. Сөйтіп, осындай мақсатты жүзеге асыруға негізделген «Сяо» — яғни «Балалар құрметі» ілімі өмірге келді. Конфуцийдің пайымдауынша, «сяо» — адамгершіліктің негізі болып саналады. «Сяо» ережелері — ата-анаға қалтқысыз құрмет көрсетуді, оларды «ли» дәстүрімен жерлеуді және дәл осы тәртіппен ата-аналар құрметіне құрбандықтар шалып отыруды қатаң талап етеді. «Сяо» тәртіптері бойынша қандай жағдай болса да, тіпті әкесі ұры немесе кісі өлтірсе де балалары әке-шеше алдындағы борышын адал атқаруы шарт.

Уақыт өткен сайын «сяоның» ата-ананы құрметтеу туралы өмірлік қағидалары қытай қоғамында тамырын терең жайып, халықтың шексіз құрметіне бөленді. Айтылған пікіріміз дәлелді болу үшін баланың ата-анаға қарым-қатынасын көрсететін бірнеше мысалдар келтірейік. Бірінші мысал: Сегіз жасар бала маса өзін қанша шақса да, әке-шешесін мазаламайын деген оймен оларды ешбір қақпай осы бір азапқа төзіп, шыдамдылық танытады. Екінші мысал: Аштық жылында әбден әлсіреген әкесінің өмірін сақтап қалу үшін «үлгілі бала» өз етінен ет кесіп әкесіне сорпа пісіріп береді. Бұл мысал-әңгімелерден қытайлықтардың өз балаларын жас кезінен бастап-ақ, әке-шеше үшін қандай құрбандықтарға болса да дайын болуға тәрбиелейтіндіктерін байқауға болады. Осы орайда, қытайлықтардың бүкіл өмірі ата-бабалардың қатал да, талапшыл «қазылардың» алдында ұдайы есеп берумен өтті ме екен деген сияқты ойға да қаламыз. Қытайлықтар, тіпті өлілер де тірілердің іс-әрекеттерін бақылайды деп түсінген.

Конфуцийдің «ата-бабаларды» құрметтеу және «сяо» ережелері қытайлықтарды отбасын ыдыратпай, тату-тәтті өмірге тәрбиеледі. Отбасы — қоғамның негізгі тірегі деп саналды, отбасылық мүдделер жеке адамдардың мүддесінен жоғары қойылды. Сондықтан да болар, олар махаббатты жәй ғана сезімдік құбылыс деп санап, оны отбасы мүддесінен төмен алып қарады. Жас жұбайлар арасында махаббат болмауы да мүмкін, бірақ бұл жағдай отбасының тату-тәтті өмір сүруіне ешбір нұқсан келтірмеуі және ерлі-зайыптылардың қоғам алдындағы әлеуметтік-отбасылық парыздарын ойдағыдай өтеуіне ешбір кедергі жасамауы керек болды. Ұрпақты жалғастыру мәселесіне дәл осындай мемлекеттік дәрежеде мән берілуінің арқасында Қытайда отбасыларының саны өсіп, ал өз кезегінде, бұл жағдай халық санының күрт өсуіне себепкер болған. Бір атап өтетін жәйт, Қытайда үлкен отбасылар өте көп болған. Олардың құрамында ағайындылардың отбасыларымен қатар, ағайынды адамдардың туған-туысқандары, немерелері де болған. Мұндай отбасылардың іргесі, әдетте, әкесі қайтыс болған жағдайда ғана бөлінетін болған. Әкесі қазаға ұшыраса үлкен ұлы отбасының бүкіл билігін қолына алған, әкеден қалған мұраның үлкен үлесі де үлкен баланың еншісіне тиген, ал қалған дүние-мүліктер басқа отбасылар арасында тепе-тең бөлінген. Өз кезегінде, жаңадан бөлініп шыққан отбасылар көп уақытқа дейін үлкен ағасына тәуелді болып, оның айтқандарын мүлтіксіз орындап отыруға тиісті болған. Отбасылық берік тәртіп және ынтымақ пен бірлік үстемдік еткен мұндай шаңырақтар қиын жағдайларда бір-біріне қол ұшын беріп, көмектесіп отырған. Мұндай туысқан отбасылар топтары көп жағдайларда үлкен ауылдар тұрғындарының басым көпшілігін құраған. Олардың күші мен беделінің жоғары болғандығы соншалық, туысқандар топтарының пікірлерімен өкімет орындары да санасып отыруға мәжбүр болған. Ағайындар тобының өздерінің жеке меншіктерінде рулық храмдары және жерлері болған. Оларды өкімет тарапынан озбырлық жасап, тартып алуға қатаң тыйым салынған. Рулық храмдарда мейрам күндері жүздеген ағайын туысқандар бас қосып, мәжіліс құрған. Бұл бас қосуларда тұрмыс-тіршілікке қатысты көптеген мәселелер шешіліп отырған.

Қытайдағы түрлі мәдени дәстүрлер тоғысында конфуцийлік ағым даосизм мен буддизмнен де басым болып, өзінің өміршеңдігін танытты. Бірақ, Конфуций ілімі оларды мүлде ығыстырған екен деген ұғым туып қалмауы керек. Қалай болғанда да, император У-дидің билігі кезінде Конфуций ілімі жұлдызы жанып үш діннен (сянь цзяо) де мерейі

үстем болып, қытай қоғамында ерекше орынға ие болды. Конфуций ілімінің үстемдігін кездейсоқ жағдай деп қарастыруға мүлде болмайды, олай болатын себебі бұл жүйе осы бір ұлан-байтақ империяны басқаруға өте қолайлы болса, екінші жағынан, қарапайым халықты бағыныштылықта ұстаудың басты кепілі болды. Оның үстіне шенеуіктер аппараты осы діннің қағидаларына сүйене отырып, кей кездерде императорларға да ықпал ете алатындай дәрежеге жетті. Өйткені, императорға елді басқаруда шексіз билік берілгеніне қарамастан, император Конфуций қағидаларынан ауытқыса, немесе шектен тыс астамшылық жасап өз билігін дұрыс жүргізбесе, қоғамда экономикалық және әлеуметтік тоқырауларға жол берсе, сөйтіп өзінің сүреңсіз іс-әрекеттерімен халық наразылығын тудырса өз құқықтарынан мүлде айырылатын еді. Міне, сондықтан да бұл тезис Конфуций ережелерінен ауытқыған императорларға үлкен ескерту сияқты болатын. Осы тұрғыдан алып қарастырғанда, Конфуций ілімі саясатқа да, әкімшілік жүйенің қалыптасуына да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Бұл ілім қытай қоғамының сан-саласын жан-жақты қамтып қана қоймай, бүкіл қытай халқының ұлттық мәдениетінің қалыптасуына орасан зор ықпал жасады. Сонымен қатар бұл ілім дінге қарағанда мемлекеттік идеологияға және мемлекеттік адамгершілік заңдар жүйесіне өте жақын екендігін ерекше атап өткенді жөн көрдік.

Қытай мәдениеті, қытай өнері даналық өмірлік қағидалар мен терең философиялық идеяларды өз бойына сіңіре білген өзіндік бет-бейнесі бар ерекше мәдениет. Қытай халқының мәдени туындыларында адамзатты қоршаған дүние әсемдігі мен табиғат үйлесімділігі тамаша көрініс тапқан. Адамзат баласы мен табиғаттың біртұтастығы, олардың өзара үйлесімділік жағдайында болуы — қытай өнерінің негізгі арнасы болды. Басқаны былай қойғанда, қытайлықтардың жазу өнерінің өзі де өте әдемі болып келеді және бұл өнерді игеру басқа мәдениет өкілдерінің қолынан келе бермейді. Орта ғасырларда латын жазуы Еуропа елдерінде қандай рөл атқарса, қытай иероглифтері де Шығыс Азия мемлекеттерінде дәл сондай дәрежеге көтерілді, вьетнамдықтар мен корейлер ұлттық жазу жүйелеріне көшкенге дейін қытай иероглифтерін кеңінен пайдаланған, ал жапондар болса күні бүгінге дейін қытай жазуын пайдаланып келеді. Қытайлықтар иероглифтердің әдемі жазылуына, қағаз бен сияның сапасына, оның түстеріне де қатты мән берген. Шығыс мәдениетінде иероглифтер — көркемдік шығармалар моделінің идеалды түрі болып есептелінеді. Иероглифтік жазудың ықпалын сәулет өнері, қолданбалы өнер туындыларынан айқын аңғаруға болады. Тіпті табиғаттағы ағаш бұтақтарының өзара орналасуы мен өсімдіктер дүниесінің өзі де қытай иероглифтерін еріксіз еске түсіреді.

Каллиграфиялық белгіні қабылдау — дәстүрлі қытай мәдениетінде эстетикалық қана емес, сонымен қатар этиканың ерекше бір саласы ретінде қарастырылады. Қытайлықтар иероглиф белгілердің каллиграфиясына (қалай жазылуына қарай) қарап, автордың ішкі жан дүниесінің қандай күйде болғандығын, оны жазған адамның мінез-құлқын анықтайтын болған. Каллиграфияға осынша мән берілгені соншалық, оны өнердің жеке саласы деп те қарастырған. Қытай каллиграфиясының әдемілігі — оның пластикалық элементтерінің әсерлілігінде, табиғи тепе-теңдіктің сақталуында, әдемі орналасуында. Кескіндеме өнерінің туындыларын бағалауда да каллиграфияға үлкен мән берілген. Каллиграфияны би өнерімен теңестіру өнер адамдарының байқампаздығын, талғампаздығын байқататын сияқты. Өйткені мұз айдынындағы билердің өзі де «*мұз каллиграфиясына*», яғни бишілердің мұз айдынындағы іздері арқылы бағаланады ғой. Иероглифтердің жазылуына осыншама жоғары талаптардың қойылуының сыры оның табиғатпен үндестік табуына байланысты сияқты. Міне, сондықтан да болар еуропалық мәдениет бүгінгі таңда экологиялық апаттың алғашқы зардаптарын бастан кешіру жағдайында дүниені мәдениет пен өнер арқылы басқаша қабылдаудың түрлі жолдарын қарастыруда. Осы орайда әсем гүлдер мен құстарға, жұпар иісті шөптер мен жан-жануарлар дүниесіне толы табиғаттың «эстетикалық бағын» сақтап, оның қайталанбас табиғи сұлулығын, әсемдігін одан әрі

арттыру, — яғни табиғатты аялау, мәдени дамудың асқаралы міндеті екендігіне ешкімнің дауы бола қоймас. Оған дәлел — Қытай елі, Қытай мәдениеті. **Қытай** — әсем де, нәзік «гүлдер мен құстардың», «шөптер мен жәндіктердің» отаны. Осы бір табиғаттың құдіреті Қытай елінде өнер саласындағы «гүлдер мен құстар» жанрының туындауына қолайлы жағдайлар туғызды. IX ғасырда өмірге келген бұл жанрдың басты ерекшелігі — өмірге деген көзқарастың жан-жақтылығын да, табиғат пен өмірдің кез келген құбылыстарына эстетикалық көзқараспен қарауда, табиғилық пен әсемдікті терең сезіне білуде. Осы аталған қасиеттерді өз бойына сіңіре білген әрбір өнер адамының шығармашылық тойымсыздығының болуы да осы бір ерекшеліктерге тығыз байланысты болса керек.

Көне заманда жазылған «Слово о живописи из Сада с горчичное зерно» деп аталатын трактатта осы жанрға тікелей қатысты көркемдік шығармаларды бейнелеу және орындау әдістерінің үлгілері тамаша көрсетілген, бірақ олар, негізінен, даосизм философиясына тән космологиялық принциптерді де өз бойына сіңіре білген. Бұл стильдегі өнер туындаларында бізді қоршаған дүние гүлдер мен ағаштар арқылы бейнеленеді. Гүлдер Күнді бейнелеп, ол «ян» принципі бойынша құрылса, ал ағаштың өзі, оның бұтақтары мен жапырақтары Жерді, оның құпия күші «иньді» бейнеледі. Қытайлықтар өсімдіктер дүниесінің мән-мағынасын түсіне білуге үлкен мән берген. Осы орайда өмірге мынадай қағида келген: «Гүлге зат деп қарау тағылық, ал жүрегінде гүлдер әлеміне жылылығы жоқ адам — хайуан». Демек, адам гүлдің қожайыны емес, оның қызметшісі, әрбір адам өзінің әйелін қалай сүйсе, гүлді де солай аялап, құрметтеуі керек. Тан дәуірінің (VII—X ғғ.) императоры өзінің жасыл бағына әнші-бишілерді көктемде, гүл-бәйшешектің құлпырып гүлдеген кезінде шақыратын болған. Көне заманның ақын-жазушылары өздерінің құпия сырларын тек гүлдермен ғана бөлісетін болған. Бұл тамаша дәстүр бүгінгі заманда мүлде жоғалып кетті деп айтуға болмайды. Оған дәлел, атақты қытай суретшісі Ци Байшидің өзінің шәкіртіне арнап салған «Сырласу» атты суреті. Бұл мұнды да, сырлы өнер туындысында бір-біріне қарама-қарсы екі орхидей гүлі салынған. Жан тебіренерлік бұл табиғи көрініс екі гүлдің бір-бірімен сырласуы, шын жүректен шыққан сұхбаты іспеттес.

Адамды қоршаған дүниенің сан қырлы құпиялары, табиғаттың әсем көріністері пейзаждық кескіндемеде де жан-жақты бейнеленеді. Пейзажист-суретшілер табиғат сұлулығын көрсетуде әсем көріністерді адам бейнелерімен толықтырып отырған. Мұндай суреттерден күннің батуын, таң шапағын және тағы да басқа табиғаттың таңғажайып көріністерін тамашалап тұрған адамдарды көреміз. Мұндағы мақсат — адамды табиғатқа етене жақындастыру, оның жан дүниесін табиғат құбылыстарымен үндестіру. Бұл игі мақсатқа өздерінің қомақты үлестерін қосқан қытайлық және жапондық суретші-пейзажистер — пейзаждық стильдің өрісінің кеңеюіне, оның дамуына даңғыл жол ашып берді.

Қытай мәдениетінде сұлу да, айбынды таулар, тау-тастар өнер адамдарының, оның ішінде, ақындар мен суретшілердің басты назарында болған. Қытайлықтардың тастарға үлкен эстетикалық талғаммен қарағандығы соншалық, көптеген монастырьлар жанынан даңққа бөленген «Тастар бақтары» жасалынған. Нефрит сияқты асыл тастардан сәнді әшекей бұйымдарын жасау халық шеберлерінің үйреншікті кәсібі болса, ал қарапайым тастар элиталық поэзия мен сурет өнерінен кең орын алған. Тастардың қытай елінде өте жоғары бағаланғандығы соншалық, кейбір суретшілер өздерінің аты-жөндеріне «шин (тас) иероглифін қосатын болған. Даолық өнер туындыларында су айдындары, сарқырамалар, ақша бұлттар және тағы да басқа табиғаттың әсем құбылыстары әсерлі бейнеленіп, олар жайында арнайы даосистік трактаттар жазылған.

Қытай эстетикасында сурет өнерін бағалауда каллиграфиямен қатар философия ғылымы да ерекше рөл атқарды. «Өнер өнер үшін» деген қағидадан бас тартқан қытай суретшілері өздерінің табиғи дарындылықтарын адам бойындағы адамгершілік, ізгілік қасиеттерді баса көрсетуге бағыттады. Сондықтан да болар, конфуцийлік-даосистік мәдениеттің ғасырлар бойғы бай тәжірибесі, дәлірек айтқанда, өнердің сан саласы арқылы

табиғат сұлулығын жан-жақты көрсетуі арқылы адамдардың бұл өмірге деген шынайы көзқарасын қалыптастыруда ерекше орын алып отыр.

Конфуцийлік-даосистік мәдениет шеңберіндегі білімнің сипаты білімді батыс еуропалық тұрғыдан түсінуден мүлде басқаша болып келеді. XX ғасырда Еуропа ойшылдары қытай халқы мен қытай даналарының рухани және интеллектуалдық жетістіктеріне немқұрайлы, менсінбеушілік тұрғысынан қарап келді. Басқаны былай қойғанда, атақты Гегельдің өзі де қытай философтарының еңбектерін жете бағаламаған. Ол Конфуций жайында былай деп мәлімдеді: «Оның ілімі философиялық тұжырымдардан жұрдай, ал оның шығармаларына баға беретін болсам, автордың беделін сақтау үшін оларды шет тілдеріне аудармай-ақ қойған жөн болар еді». Бұл мәселе төңірегінде көптеген ғылыми зерттеулер жүргізген Батыс Еуропалық ғалым М. Каррьер былай деп жазады: «Әрине, қытайлықтардың еуропалықтардан бұрын талай жаңалықтар ашқандығына ешкім шүбә келтірмейді, бірақ олар тек өз пайдаларын ғана көздеді, сондықтан да бұл жетістіктер нағыз ғылым дәрежесіне көтеріле алмақ емес». Мұндай үзілді-кесілді айтылған пікірлер бізді мынандай ойға жетелейді: білім дегеніміздің өзі не, ал егер ол адамзаттың игілігі үшін қызмет ететін болса білімнің өзі қытай мәдениетінде қандай орын алған? Осы орайда, білімнің қоғамдық-тарихи тәжірибе арқылы тексерілген, ғасырлар ағымында ой елегінен өткізілген өмірлік шындықты тану процесінің заңды нәтижесі болып табылатындығын ешкім де жоққа шығара алмас. Түрлі салаларға бөлінетін «білім жүйесі» мәдениетпен, оның дәстүрлерімен және құндылықтар дүниесімен тығыз байланыста болады. Олай болса, әрбір тарихи кезең мәдениетінің өзіндік менталитеті, өзіндік құндылықтары бар. Сонда төлтума мәдениеттен басқа мәдениеттерді қалай бағалауымыз керек? Бұл жайында В.М. Алексеев былай деп жазады: «Мәселе біздің жат елдің мәдениетін қалай қабылдауымызда емес, мәселе сол мәдениетті жасаушы қытайлықтардың өздеріне байланысты. Біздің әсеріміз, ой-пікіріміз қытайлықтардың өздері рахаттанып, ал біздердің таң қалған сәтімізден басталады»

Білім туралы конфуцийлік ілім әлеуметтік — өнегелілік мәселелерге арналған. Конфуций үшін «білу» — ол адамдарды танып-білу болып табылады. Бір ғажабы, қытай халқының ғылыми-техникалық саладағы тамаша жетістіктеріне қарамастан, табиғатты танып-білу Конфуцийді онша қызықтырмаған. Шындығында да, қытай ғалымдары ғылым мен техника саласында қомақты табыстарға жеткен. Тіпті Конфуций өмір сүрген кезеңнен бір мың жыл бұрын Хуанхэ жазығының байырғы тұрғындары күнтізбені, иероглифтерді және т.б. білген. Одан кейін олар компасты, оқ-дәріні ойлап тапқан, фарфор және жібек жасауды меңгерген. Бірақ Конфуций ғылыми-техникалық білім өте қауіпті, ол адамдардың рухани жетілуіне кедергі жасайды деп түсінген. Ол адам бойындағы табиғи қасиеттерді одан әрі дамытуды және оның кемшіліктерін жоюды өзінің басты азаматтық парызы деп түсінген. Ұлы ғұлама өз шәкірттеріне «Адамды ұлылыққа жеткізетін шындық емес, керісінше шындықты ұлылық дәрежеге жеткізетін — адам» деп қайталауды өте жақсы көрген. Конфуций адам бойындағы қателік-кемшіліктерді сырттай бақылап қана қоймай, оның жіберген қателіктерін мұқият зерттеуді өз шәкірттерінен қатаң талап етіп отырған. Ол кітаби білімді өмірден алшақ, сондықтан да ол ақылды адамның өзін де ақымаққа айналдырып жібереді деп есептеп, бұл ойын былай деп тұжырымдаған: «Сіз канонның үш жүз өлеңін жатқа айтуыңыз ғажап емес, бірақ сіз мемлекет сеніп тапсырған тиісті қызметіңізді ойдағыдай атқара алмасаңыз қаншама ғұлама бол- саңыз да сіздің білімділігіңізден не пайда?»

Конфуций үшін тәжірибе — ең алдымен адамдар арасындағы қарым-қатынастар болып саналады. Дана адамның бойындағы ең басты қасиеттер — халықтан алшақтамауында, халық қалай өмір сүрсе, дәл солай тіршілік жасауында, қоғамдық салт-дәстүрлерді қатаң сақтай отырып, өмірден моральдық жағынан қанағат алуды басты орынға қоюында. Қытай қоғамында салт-дәстүрлер, салт-жоралар өмір сүрудің басты шарттары болып саналады. Демек, Конфуций үшін де салт-жоралар адам тіршілігінің, оның қоғамдық қызметінің негізі, адамгершілік қасиеттердің басты өлшемі, адамның

белгілі бір ортада өзін-өзі ұстай білуі жөнінде «Әңгімелер мен ой толғаулары» атты еңбегінде мынандай ақыл-кеңестер береді: «Қай ортада отырсаң да өзінді құрметті қонақтарды қабылдап отырғандай ұстауға дағдылан. Қызмет бабында да өзінді салтанатты құрбандықтарға басшылық жасап отырған адамдай сезін. Өзің қаламаған нәрсені басқаларға жасаудан сақтан. Осы айтылған өмірлік қағидаларды мүлтіксіз орындағанда отбасына ғана емес, сонымен бірге мемлекет мүддесіне ешқандай нұқсан келтірмейсің».

Конфуций ілімі бойынша, салт-жораларды қатаң сақтаушы адамдар өзін қоршаған барлық адамдармен де татулық қарым-қатынаста өмір сүреді. Салт-жораларды сақтауда, әсіресе адам бойындағы «ұстамдылық» қасиетке айрықша мән-мағына берілді, өйткені ұлы ойшылдың пайымдауынша, ұстамдылық — өмір сүрудің негізгі шарты болып саналады. Сонымен қатар адамгершілік қасиеттер аясында саналылық пен ақылдылық және парыз бен қарызға да ерекше мән берілді. Осы сияқты адамгершілік қасиеттерді аяққа таптаған адамдарды қытайша «сөйлейтін жануар» деп атаған. Демек, Конфуций үшін адамгершілік — адамның мәдениеттілігінің ғана емес, сонымен бірге адам бойындағы бүкіл ізгілік қасиеттердің басты өлшемі болып саналады. Адамгершілік — адамның өз-өзіне жол табуы, ал ол жолды әрбір адам өзі таңдауы қажет. Ұлы данадан «Даналық дегеніміз не?» деп сұрағанда ол «даналық дегеніміз — халықтың болашағы мен игілігі үшін аянбай қызмет ету және рухтарды қастерлей білу» деп жауап берген екен. Ал «құдайлар мен ата-бабалар рухына қалай қызмет ету керек?» деген сұраққа «Сен адамға қалай қызмет етуді білмей тұрып, рухтарға қалай қызмет жасамақсың» деген жауап алынған екен. Рухтардың бар екендігін мойындай отырып, Конфуций салт-жоралардың тәрбиелік және адамгершілік жақтарына баса назар аударады. Ендеше, оған діннен гөрі этиканың өте жақын болғандығы даусыз. Осы орайда: «Ұлы дана дінге деген көзқарасын айқындап, неге белгілемеген?» деген орынды сұрақ туады. Оның сыры — Конфуций ілімінің бүркенші дін болуында, бұл адамның өмірлік принциптерін діни тұрғыдан қарастырады, сол арқылы адамгершілік және моральдық құндылықтарды қалыптастырады. Конфуций іліміндегі адамның моральдық қасиеттері мәдениет түрінде көрініс тапқан. Өзін қоршаған ортаның қаталдығы мен зұлымдықтары жағдайында, басына қаншама тауқымет түсіп қиналса да ұлы уағызгер ешбір мойымаған, тіпті өмірінің сын сағаттарында да өзін-өзі ұстай білген. Ол мұндай сәттерде Көк тәңірінің құдіретіне қатты сеніп: «Көк менің қазаға ұшырауыма жол беруі мүмкін емес» деп қайталауды жақсы көрген.

Демек, Көк тәңірінің қалауын сезініп-білу деген сөз — бұл өмірде өз жолыңды, өз тағдырыңды табу деген сөз. Жол (дао) ұғымы өз ілімін өз тағдырымен тығыз байланыста қарастырған Конфуций үшін басты нәрсе болып табылады. Ол үшін «дао» — шындық және әділдік жолы. «Дао» — жеке адамның ғана емес, бүкіл халық өмірінің шындығы. Шындық жолынан адамды да, халықты да күшпен, зорлықпен тайдыруға болмайды, ол адамның рухани байлығымен, адамдардың бірін-бірі түсінісе білу қасиеттерімен сабақтасады. Оның пайымдауынша, «шындық жолы» өз бастауын адам табиғатынан алып, адамдар арасындағы қалыптасқан шынайы қасиеттердің нәтижесінде одан әрі толыса түседі. «Шындық жолы» идеясы — адам мен көктің арасындағы көзге шалынбайтын, бірақ еш уақытта да үзілмейтін өзара байланыстардың бар екендігін айқындайды. «Адамның жан-жақты жетілуі» туралы мәселеге үлкен мән бере отырып, ол иерархиялық білім жүйесін жасады. Оның ойынша, «білімді адамдар» қоғамда қаншама жоғары бағаланса да, олардың адамгершілік қасиеттері әр уақытта да бірінші орында тұруы қажет. Білімділік адамды келелі істерге бастаса, адамгершілік дегеніміздің өзі — білімді жүзеге асыру болып шығады. Білім адамзатқа даналықпен бірге адамгершілікті де сыйлайды. Ол былай деді: «Адамды ұлылыққа жеткізетін дао (жол) емес, керісінше, даоны (жолды) ұлы қылатын адам».

Бүгінгі таңда Конфуций идеялары қытай мәдениетінде кеңінен орын алып, өзінің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Талай жантүршігерлік қоғамдық-саяси күйзелістерді бастарынан кешірген Қытай, Корея, Жапония, Оңтүстік-шығыс халықтары даосистік-

конфуцийлік мәдениеттен рухани азық алуға. Жапонияның, Қытайдың, Тайваньның, Оңтүстік Кореяның қазіргі замандағы таңқаларлық мәдени жетістіктерінің сыры осында болса керек. Керек десе, Қытай елінде Конфуций ілімі тағы да елдің рухани өмірінің негізі деп жарияланып отыр. Олай болса, конфуцийлік-даосистік мәдениеттің тамыры тереңде жатыр, ол қоғамның шығармашылық мүмкіндіктерінің қозғаушы ұлы факторына айналып отыр.

Модуль 2. Шығыс халықтарының діні мен салт-дәстүрлері

8 лекция. Жапониядағы синтоизм. Жапонияның рухани және материалдық салт-дәстүрлері

Қарастырылатын мәселелер: Жапониядағы синтоизм. Жапонияның рухани және материалдық салт-дәстүрлері. Жапониядағы синтоизм: пайда болу және негізгі ережелер. Жапон менталитеті: тарихи контекст. Жапон өнері ерекшелігі. Мәдени құндылық және жапондықтарда мәдени құндылықтарды сақтау. Жапониядағы императорлық билікке табыну. Тұрмыстық мәдениет: икебана, шай рәсімі. Жапониядағы бизнес мәдениеті. Жапониядағы отбасылық өмір. Клан және үлкен отбасы жүйесі. Жапониядағы білім беру және оқыту жүйесі. Жапондық мерекелер. Жапондық этикет.

Жапония-қойнауы терең тарихы мен жоғары мәдениетімен ерекшеленетін мемлекет. Географиялық жағдайына сәйкес Жапония басқа мемлекеттерден оқшаулау тұрды және соның арқасында Еуропа елдеріне қарамай экономикасын, халық жағдайын, мәдениетін дамытқан ел. Жапонияны «Күншығыс елі» деп те атайды. Жапония-салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарымен әлемге белгілі өте қызық ел. Жапония мәдениеті көпжақты және бай. Жапонияға ғана тән салт-дәстүрлер оның тарихи дамуы нәтижесінде қалыптасты. Біртіндеп Жапония халқының бір ұлттылығы мен менталитеті бар біртұтас қуатты мемлекетке айналып отыр. Қазіргі уақытта Жапония-алдыңғы қатарлы дамушы мемлекеттің бірі. Жапония мәдениетінің ерекше түрі оның философиясы болып табылады.

Жапониядағы философияның қалыптасуында 3 үлкен кезең қарастырылады: 1) патриархаттық алғашқы қауымдық қоғам; 2) феодалдық қоғам (6 ғасырдың ортасы- б.з. 19 ғасырдың ортасы); 3) Жаңа Жапония кезеңі (19 ғасырдың ортасынан бастап). Екінші кезеңде ерте феодализм (Асука, 552-645; Нара, 645-794; Хэйан, 794-1185, династиялары), жетілген феодализм (Камакура, 1185-1333; Муромоти, 1333-1578) және кеш феодализм (Мамоёма, 1573-1614, мен Эдо, 1614-1869, династиялары). Дүниегекөзқарастық қарым-қатынаста алғашқы кезең-буддалыққа дейінгі, екінші және үшінші-буддалық. Буддалық дейінгі кезеңде Жапония алғашында өзінің мәдени дамуында Қытайдан қалып отырды. Сондықтан, б.з. 1 ғасырынан бастап жапон мәдениетінен қарағанда Хань династиясы кезеңіндегі Қытай мәдениеті үлкен әсер етті. Корей және Қытай адамдарының Жапонияға келуінен Конфуций ілімі кең таралады. Бірақ жапондықтардың дүниеге көзқарасы ертедегі жапон мифологиясында болып қалады. Ол «Кодзики» деген атпен 8 ғасырдағы ескерткіште сақталады. Ертедегі жапон мифологиясына табиғатқа табыну (натуризм) мен оның жандануы (анимизм) тән. Натуризмде Күнге табыну маңызды орынға ие болды. Сонымен қатар Айға да, әр түрлі құбылыстарға да, ағаштарға да, бұлақтарға да және т.б. табынды. Бұл натурализм болып табылады. [1]

Дәстүрлі жапон табынушылық түрі синто жапон анимизмі мен шаманизмінің бірігуі нәтижесінде қалыптасты. Синто (Құдай жолы)- сонму құдайларына табыну деген сөз. Аматаэрасу- Күн құдайы. Күн өзінің патшалық сарайы мен құдай кеңесі бар аспат әлемінің иесі деп есептелді. Синтоистік храмдар пайда болды. Онда дінге арналған суреттер болмады. Синтоға император (тэнио) мен оның ата-бабаларының табынуы (тэниосум) тән. Династиялық синтоизм- құдаймен қандас болып, императорлық отбасымен болатын табыну. Храмдық синтоизм- храмдардағы әр түрлі құдайларға табынуы. Күнделікті синтоизм- Аматаэрасу құдайы мен оның әр түрлі қасиетті заттары бар

киоталарының (грек тілінен kibotos- қорап, сандық) табынуы. Халықтық синтоизм- халық арасындағы әр түрлі түсініктерді құрайды. 1945 жылы Жапония да шіркеу мемлекеттен бөлінді және императорлар табынуы жойылды. Енді династиялық табыну- император отбасысының жеке мәселесі болып есептелді. Қазіргі уақытта Жапонияда 10 миллионнан астам неосинтоисттер бар.

«Кодзики»- синтоизмнің қасиетті кітабы. «Кодзикидің» бірінші бөлімінде бастапқы әлемнің көрінісі хаос бейнесінде, аспан мен жер бөлінуі деп суреттеледі. Бұл бастапқы кезең алғашқы үштік құдаймен байланысты.

«Кодзикидің» екінші бөлімі жаратылысты, жақсылықты, жарық пен жоюды, өлімді білдіретін Идзанаги (ер құдайы) мен Идзанами (әйел құдайы) құдайлары арасындағы қақтығыс туралы баяндайды. Идзанаги Ай құдайы Цукуемиді, Күн құдайы Аматерасуді, су құдайы Сусаноо жасайды. Идзанаги мен Идзанами арасындағы қақтығыс Аматэрасу мен Сусаноо арасында жалғасады. Құдайлар жерге түсіп, адамдармен байланыс жасайды. Жапония- Идзанаги мен Идзанами жасаған сегіз үлкен аралдары бар үлкен мемлекет.

Буддалық кезеңде Жапонияның мемлекеттік діні синтоизм атанады. Буддизм Жапонияға Қытайдан Корей түбегі арқылы келеді. Жапонияға қытай және корей архитекторлар, мүсіншілер келе бастайды. Буддалық монастрлар сала бастайды. Сондай-ақ жапондықтардың Қытайға баруына жол ашылады. 607 жылы қытай сарайына жапон елшісі келіп, бейбіт қарым-қатынас орнатады. 645 жылы жердің мемлекеттік меншігі жеке феодалдар меншігіне айналады.

9 ғасырдың екінші жартысында жапонның жеке жазу-сызуы пайда болады, бірақ қытай тілі заңнамалық, теологиялық, тарихи құжаттары сақталады. Б.з.д. 894 жылы Жапония мен Қытай арасындағы байланыс үзіледі. Қатайланған буддизм жапондандырылады. Синто құдайлары буддалық пантеонның бөлшегі ретінде қарастырылады. Ребо-синто (екі бөлімдік синто) қалыптасады. [2]

Жапон бағы. Жапон бақ өнері-қайталанбас құбылыс, ол мұқият жинақталған философиялық-эстетикалық құндылықтардың жиынтық көрінісі. Алғаш рет “нива,, (бақ) сөзі біздің заманымыздың 720 жылдарынды кездеседі. Ол “құдайға табынуға арналған бос кеңістік,, деген мағынаны білдіреді. Жапон бақтарындағы басты элементтер су мен тас болып табылады. Су әйел күшінің белгісі-инь, ал тастар еркек күшінің белгісі-янь. Олардың мәңгілік өзара қарсылығы мен айырылмас біртұтастығы ежелгі дуалистік түсінік бойынша әлемнің өмір сүруінің негізі болып табылады. Жапон бағы-Басқа нағыз өмірге ашылатын ерекше терзе іспетті, онда адам баласы табиғаттың таусылмас әдемілігімен, тылсым күдіретімен таныса алады.

Жапония мәдениетіндегі табиғат. Табиғатқа табыну ертеректе барлық халыққа тән құбылыс болса, жапондықтар үшін ол ұлттық дін-“құдай жолы,, синтоның арқасында бекіп, одан әрі дами бастады. Өйткені бұл дін түрлі табиғат құбылыстарына табынуға бағыталған.

Жапондықтардың әрбір жыл мезгіліне байланысты белгілі әдет-ғұрпы мен салты бар. Ерекше танымал түрлеріне “ханами,, (гүлдерді тамашалау), “цукими,, (Айды тамашалау), “кжими,, (қарды тамашалау), жатады, ал оларды біріктіріп жалпы атпен “сэкутэка,, (қар, ай, гүлдер) деп атайды. Қарағай мен бамбук ежелден-ақ қытайларда ұзақ өмір, беріктік, ішкі мықты күшті бейнелейтін жүйеге енген. Тазалықтың белгісі деп есептелген қараөрікпен бірге осы үш өсімдік “суық қыстың досы,, деген. Жапонияда өсімдік күнтізбесі құрылған: қаңтар-қарағай, ақпан-қараөрік, наурыз-шабдалы, алмұрт, сәуір-сакура (жапон шиесі), мамыр-азалия, пион, маусым-жылан-қияқ (ирис) шілде-шырмауық, тамыз-лотос, қыркүйек-күздің жеті шөбі, қараша-үйеңкі, желтоқсан-камелия.

Кимоно. Жапон тілінде “кимоно,, “киім,, деген мағына береді. Кимононың алғашқы негізі-қытай, корей және моңғолия киімдері. Кимононың бірнеше түрі бар: ерлерге және әйелдерге арналған, жоғарғы және төменгі, үйшілік және жатын орындық.

Жақсы кимоно өте қымбат тұрады. Оларға арналған матаны қолдан тоқып, өрнектейді. Бір кимоно үшін 4-5 мың жібек қуыршағы қажет. Жапон әйелі балалық шағында сатып алған кимоносын өмір бойы кие береді. Оның ең басты сәндік бөлігі-оби белдігі болып табылады. Ол үшін парча мен қалың жібектен ұзындығы төрт метрлік арнаулы мата тоқылады. Ертеректе белдіктегі түйінге қарап, жапон әйелінің қандай әлеуметтік топқа жататынын білуге болатын.

Шай рәсімі(тя-но-ю). Шай рәсімі эстетикалық салт болып табылады. Шайды дәріптеуді жапондықтар қытайдан қабылдап алған. Жапонияға шай он үшінші ғасырда келген. Алғашқы шай плантацияларын Киотодағы Хэйдзан қасиетті тауы етегінде 802 жылы Сайсе монахы өсірген болатын. Бірақ та Жапонияда шайдың таралуы тек он екінші ғасырда ғана кең етек алды. Шай рәсімінің төрт негізгі принципі: үйлесім-“ва”, терең құрмет-“кэй”, тазалық-“сэй” және тыныштық, дамыл-“сэки”, ұғымдарын алғаш рет Сюко Мурата он бесінші ғасырдың соңында қалыптастырған. Ұлы шеберлер көмегімен жасалған шай рәсімі өзінің эстетикалық және философиялық мәні арқылы осындай әдемілікке табынуға қарсылық көрсететін күштерді жеңу мақсатын көздейді.

Кабуки. Жапониядағы классикалық драма театрының түрі: ка-“ән”, бу-“би”, ки-“шеберлік”, деген мағынаны білдіреді. Кабуки тетарында қазір тек қана ерлер ойнайды, бірақ негізінен он жетінші ғасырдың басында рәсімдік билерді орындаумен даңқы шыққан храм бишісі-Одари қалаған. Театр жоғары ықыласқа бөленді, ал үкімет бұл қоғамдық адамгершіліктің құлдырауына себепші болуы мүмкін деп есептеп, 1629 жылы Токугава Сегунаты әйелдерге өнер көрсетуге тыйым салынған жарлық шығарды. Бұл жарлық кейінен жас балаларға да өнер көрсетуге тыйым салды. Сол кезден бері жапон классикалық театрындағы барлық рөлді, оның ішінде әйелдер рөлінде тек ересек ер адамдар ойнайтын болды. Бұл рөлдің ерекше түрі оннагата деп аталды. Дәстүр бойынша Кабуки репертуарында 300-ге жуық спектакльдер болады. Олардың жартысы актерлердің сямисен, барабан, флейтадан құрылған оркестр сүйемелдеуімен орындалатын би қозғалыстарынан тұрады. Кабукидің нағыз актері болу үшін бір ғана табиғи талантты болу жеткілікті емес, әсіресе дармалық, вокальдық және би өнерінің шеберлігін бір мезгілде меңгеру және жетілдіру үшін бала жастан көп еңбек ету қажет.

9 лекция. Иудаизмдегі дәстүрдің көріністері

Қарастырылатын мәселелер: Иудаизмнің пайда болуы. Иудаизмнің діни дәстүрлері. Иудаизм рәсімдік жүйе ретінде. Иудаизм мәдениетінің ерекшеліктері мен ондағы дәстүрдің көріністері. Иудаизмдегі діни табынушылық, әдет-ғұрыптар, мейрамдар. Күнтізбелік рәсім циклы. Күні бойы дұғалар мен салт-жоралар. Иудаизмдегі дәстүрлі монотеизм. Апталық намаздар мен салт-жоралар. Жыл сайынғы мерекелер мен қасиетті күндер. Өмір бойындағы рәсімдік цикл. Канондық емес рәсімдер. Діни әлеуметтік мекемелер. Синагога. Қоғамдастық.

Еврейлер арасында таралған. Яһуди діні сенімдегілердің басым көпшілігі Израиль мен АҚШ мемлекеттерінде шоғырланған. Б.з.б. 13 ғасырда батыс семиткөшпелі тайпаларын Египет перғауыны Палестинадан далалы аймаққа ығыстырды. Палестинадан қуылғандар Яхве атты Құдайға сенетін тайпалық одаққа бірігіп, “Израил” атын алды. Б.з.б. 622 жылы Иудей патшасы Иосия діни реформа жасады да, жергілікті әулиелердің шырақтарын жойып, Иерусалим ғибадатханасын Яхве Құдайға құлшылық етудің орталық деп жариялады. Содан бастап дүниеде бір Құдай бар, ол – Яхве, ол әлемді билеп, өз халқы – еврейлерге қамқорлық жасайды деп уағыздалды. Израиль тайпалары мен Яхве арасындағы ерекше “келісім” туралы концепция пайда болды. Яһуди діні нені уағыздап, неге тыйым салатыны жайлы Тора, Мишне, Талмуд сияқты киелі кітаптарда жазылған. Яһуди дініне сенушілер құлшылық ғибадаттарын раввиннің басшылығымен синагогаларда атқарады. Раввиндер діни қауымдастық мүшелерінің

азаматтық - құқықтық тұрмысына да басшылық жасайды. Яһуди діні ішінде каббала атты діни мистикалық ағым таралып, соның ықпалымен діни - философия иудейлік әдебиет (сенім иелерінің өмірін ұсақ-түйегіне дейін реттейтін “Шулхан Арух” атты 16 ғасырда Иосиф Каро жасаған этикалық - құқықтық жинақ) пайда болды. Яһуди дінінің маңызды мерекелерінің бірі сенбі күні ғибадаттан басқа барлық қызметке тыйым салынады.

Иудаизм тарихы

Біздің дәуірімізге дейінгі II мың жылдықта Солтүстік Арабияның көшпелі еврей тайпаларының полиатеистік сенімдері мен ырымдарының негізінде пайда болды. Біздің дәуірімізге дейінгі XIII ғасыр Палестинаны (Ханаан) жаулап алады. Иудаизмнің қалыптасуына Яхве құдайын асқақтатушы Иуда тайпасы (атауы осыдан шыққан) ерекше ықпал еткен. Соңынан Яхве жалғыз құдайға айналады. Иуды тайпасынан шыққан Давид патша (біздің дәуірімізге дейінгі 977 жылы шамасы) заманында Израил-Иудейлік патшалық күшейіп, иудейлер тегі пұрсатты жағдайға ие болды. Иудаизмде діни ілім мен асқақтату ертеден басталады. Оларға жататындар:

1. Құдай, Дүние, Адам жайлы ілім;
2. діни асқақтатудың тәртібі;
3. моральдық-өнегелік қарым-қатынастар кодексі;
4. діни институттар жүйесі;
5. Құдай аңдамалылығының тұжырымы;
6. Мессианизм - Құдайдың елшісінің немесе маңдайына бақ қонғандардың

Мессияға келуі, Құдай патшалығының орнауы.

Иудаизмнің қасиетті кітаптары

Танах

Иудаизмнің қасиетті кітабы - **Сфарим**, ежелгі еврейлік аббревиатурада - Танах, христиандықта - Көне Өсиет. Оған Тора (ілім), немесе Мұса пайғамбар жазды деп саналатын

- Бес кітап (Тұрмыс, Нәтиже, Левит, Сандар, Екінші заңдылық);
- Нэвиим (Пайғамбарлар) - діни-саяси және тарихи-хронологиялық сипаттағы 21 кітап;
- Кэтувим (Жазбалар) – әр түрлі діни жанрлардағы 13 кітап кіреді. Көне Өсиеттің ең ежелгі бөлігі біздің дәуірімізге дейінгі X ғасыр белгіленеді. Танахтың Канонизациясы біздің дәуірімізге дейінгі III-VI ғасыр аяқталып, басқыншылық соғыстарының нәтижесінде еврейлердің Жерорта теңізі бойына шашылып, бытырауы басталады, диаспоралар пайда болады; еврей Библиясын грек тіліне аудару басталды (соңғы аудармасы - Септуагинта).

Кейінгі кітаптар

Иудаизм тарихындағы келесі кезең - **раввиндікомитеталмудтық** - XIX ғасыр басына дейін созылды. II-III ғасыр Құқықтық ережелер жинағы пайда болды - Мишна (Қайталау). Мишнаға Галаха (Заң) ережелік актілерінің жинағы және Талмуд пен Галахаға түсініктеме берген - Аггада (Аңыз) кіреді. IV-V ғасыр Аммораи (түсініктемелер) Мишнаға жаңа заңдық ережелер қосылды. Гемара (Аяқтау) жинағы пайда болды. Гемара Мишнамен бірге Талмудты (ілім) құрады. Талмудтың екі түрі ажыратылады: • иерусалимдік - Палестинада және вавилондық диаспораларда қалыптасқан. Талмуд - моральдық, этикалық кодекстің заңнамалық негізі. Талмуд соңғы рет III-V ғғ. өңделді. Онда еврейлерге нұсқаулар берілген (613 нұсқау). • модернистік - шын мәнінде, иудаизмнің нақтылы уақыт пен жерге ыңғайлануы.

Талмуд канонизациясынан кейін екі жаңа бағыт пайда болды: рационалистік және мистикалық бағыт. Соңғысы Каббалаға негізделеді, шынайы құдайлық жаңалықты ашу мақсатында Тораның әріптік символикасын шешуге талпынады. Қасиетті кітап - Зогар (Құбылу). Каббала хасидизмге (ежелгі еврейше "хасид" - тақуа) әсер етті.

Талмудта қылмыстық және азаматтық сипаттағы заңдар, адамгершілік заңдар, отбасылық және жеке адам өміріне қатысты кеңестер бар. Талмудта 365 тыйым және 248 бұйрық әмірлер жинақталған иудей әдет-ғұрыптар жүйесі бар. Иудей діни ілімінің негізі дүниені жаратушы бір күдіретті Яхве Құдайына деген сенім. Иудаизмде құтқарушының келуіне деген сенім бар, ол мессия (мәсіх) деп аталады. Иудаизм бойынша мессия жер бетінде әділетті тәртіп орнатады деп есептеледі.

Ақырзаман және өлілердің қайта тірілуіне сенім – еврей ұлтының Жаратушының таңдаулы халқы екендігіне сенім. Бұл түсінік бойынша Моисей (Мұса) арқылы израиль халқына заң (Тора) беріп, одақ құрған.

XIX ғасыр ортасында Батыс Еуропада және АҚШ-та иудаизмнің нұсқауларын жеңілдету яғни, реформаланған иудаизм қозғалысы құрылды. XIX ғасыр аяғынан сионизм - еврей қоғамдық ойының иудаизмді саясиландырған бағыты қалыптасты. Қазіргі кезде иудаизм Израильде, АҚШ-та, Солтүстік және Оңтүстік Африкада, Еуропада кеңінен таралған. Израильде мемлекеттік дін болмағанымен, оның институттары мемлекеттік құрылымдармен тығыз байланысты. Израильдің Жоғарғы раввинаты және діни-саяси партиялар қызмет етеді.

Иудаизмнің діни институттары

Израильде Иудаизмнің діни институттары мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады. Жоғарғы раввинат діни ұйымдар мен бірлестіктерді қадағалайды. Парламент және үкіметте раввинаттың мүддесін қорғайтын басты діни — саяси партия Мафдал болып табылады. Таяу Шығыс, Солтүстік Африка Балқан елінен келгендер Сефард қауымын құрады. Еуропа, Америка, Австралия, ОАР-дан келушілер ашкеназиялық қауымды құрады. 1921 жылы Сефард және Ашкеназийлік бас раввиндер басқаратын жоғары раввинат кеңесі сайланды. Израиль мемлекетінің қалалары мен елді мекендерінде 200 діни кеңестер (моацот, датиот) жұмыс жасайды, Израиль елінде 24 раввинат соттар бар. Діни мектептер (ешибот) үлесі орта білім беру орындарының 17%-ын құрайды. Израильдің барлық мектептерінде діни пәндер оқытылады. Білікті дін мамандары діни институттарда дайындалады.

Иудаизмнің қағидаттары

Иудаизмнің негізгі қағидаттары XII ғасырда өмір сүрген атақты философ-талмудшы, рабби Моисей мен Маймон (1135-1204) іліміне сүйенген төмендегідей 13 ережелерден тұрады: 1. Құдай бар. 2. Құдай бір. 3. Құдай денелік пішінде болмайды. 4. Құдай мәңгі. 5. Иудейлер тек бір Құдайға табынуы тиіс. 6. Құдаймен қарым-қатынас тек пайғамбар арқылы болады. 7. Моисей (Мұса) – ең ұлы пайғамбар. 8. Тораның шығуы қасиетті. 9. Тора өзінің мән-мағынасын еш жоғалтпайды. 10. Құдай адамдардың барлық іс-әрекетін біледі. 11. Құдай зұлымдықты жазалап, қайырымдылықты мадақтайды. 12. Құдай өзінің Мессиясын жібереді. 13. Құдай өлілерді қайта тірілтеді. Сенім қағидаттары "Йигдаль" (ивритше – "ұлылық") әнұранында баяндалған. "Өмір беруші Құдай ұлылығы мен даңқы шексіз", – бұл әнұранды Иудаизмді ұстанушылар синагогада орындайды.

Әдет-ғұрыптары

Маңызды әдет-ғұрыптық талаптар қатарына мыналар жатады:

- Сүндетке отырғызу, ұл балалар дүниеге келген соң сегізінші күні жасалады. Бұл Яхвеге сыйынушылар қатарына қосылу белгісі. Сүндетке отырғызуды моголь атқарады.

- Сенбі күнін тыныштық пен дұға жасау күні ретінде қастерлеу. Ивритте сенбі – **шаббат** деп аталады. Сенбі күні жұмыс жасауға болмайды (малаха);

Іс-әрекеттің шұғыл формалары: жедел жәрдем, полиция, өрт сөндірушілер және т.б. рұқсат етіледі. Үйде жұмыс істеуге тыйым салынады. Сенбі күні өлген адамдарды жерлеуге болмайды және т.б.

"Шаббат басында, яғни жұма күні күн батар кешқұрым мезгілде отбасы анасының батасымен сенбілік шырағдан жағылады. Отбасы синагогаға барады. Үйіне келген соң ол балаларына бата береді және әйелін Соломон Өсиет кітабының 31-тарауының сөздерімен

мадақтайды. Отбасы сенбілік тамақ ішуге кіріседі. Тамақ ішер алдында нан және шарап негізінде бата жасалады. **Шаббат** күні от жағуға болмайды. Егер от бұрыннан жанып тұрса, онда жанып тұра береді.

Сенбі күні ұзақ сапарға шығуға болмайды. Кеме бортында отырған жолаушыларға борттан түсуге болмайды. Ортодоксалды еврей синагогадан жаяу жүретіндей қашықтықта тұрады. Өйткені, ол сенбі күні автомобиль жүргізе алмайды. Ол қоғамдық көлікті де пайдалана алмайды”.

- Күшейтілген дұға жасау, (тфила) дұға жасауға (кавана) толық берілу қажет. Қол жуарда, тамақ алдында және тамақтан кейін дұға оқу керек. Тамақтың әрбір түрі үшін өзіндік дұға мәтіні болады. Сенбілік, мерекелік шырағданды жағар алдында да дұға оқылады.

Синагогада біріккен құлшылық ету он ересек адамның, яғни "діни қатынаста құқығы бар еркек болғанда ғана жүргізіледі. Бірақ, ерекше жағдайда жалғыз дұға жасауға болады”.

- Пост (ауыз бекіту) – күнәдан тазару, тәубаға келу күндері, ұлы апат және т.б. Иудейлік діни ілім бойынша, тек күйіс қайыратын жануарлардың, шехит ережесі бойынша бауыздалған үй құстарының етін жеуге болады. Шошқа, жылқы, қоян етін жеуге, бір уақытта ет және сүт тамақтарын қолдануға тыйым салынады. Егер тамақ алдында иудей сүт тағамын ішсе, онда ет тағамдарын жеу алдында, олар ауыз шайқауы немесе бейтарап (нан түйірін) тағам жеуі керек. Тамаққа қанды қолдануға айырықша тыйым салынған.

- Шавуот (шабуот) – апта мейрамы немесе Мұсаға Синай тауында Тораның берілуіне байланысты мейрам. Иудей діни ойшылдарының пікірінше, бұл мейрам пасханың бірінші күнінен соң 50-ші күні өткізіледі.

Иудаизмнің көп ғасырлық тарихында жікшілдік, секталар, бағыттар, қозғалыстар пайда болды. Бүгінгі уақытта, ғалымдардың пікірінше, мынадай иудаизм бағыттары қалыптасты: караим, хасидизм, реформаторлық, консерваторлық, ортодоксалды. XII-XIII ғасырда еврей діни ойшылдарының арасында Каббала философиялық көзқарастар жүйесі тарала бастады. Каббалистердің қасиетті кітабы – "Зогар" ("Шұғыла").

Иудаизмнің діни мейрамдары:

1. **Рошха-Ашана** (Рош-Хашана) – діни Жаңа жыл, бұл күнді керней дыбыстары күні деп те атайды. Бұл мейрам жаман, зұлым рухтарды керней дыбыстарымен аластайтын ай мейрамымен байланысты. Вавилондық тұтқындалудан кейін, вавилондық мәдениет ықпалымен бұл мейрам "аспан соты" мейрамына айналды. Бұл күні Яхве бүкіл тіршілікке үкім шығарады.

2. **Йом-Киппур** – сот күні, кешірім, тәубеге келу және күнәдан арылу, о дүниелік болған ата-ана, жақын туысқандарды еске түсіру күндері. Раввиндер іліміне сәйкес, Рош-Ашанадан кейін 10 күн ішінде (тәубеге келу күндері) Яхве барлық адамдардың іс-шаруасын тексереді және әрбір адамның келесі жылғы тағдыры туралы өзінің соңғы шешімін дайындайды.

Бұл шешім Йом-Киппур күні жарияланады.

1. Ханука – жарық мейрамы (Оттардың 8 күндік мейрамы).
2. Пурим (ежелгі грек сөзі "пур" – жеребе) – Эсфири (Есфири) құрметіндегі мейрам. Бұл күні парсы патшасы Артаксеркс (б.з.д. IV ғ.) уақытында зұлым Аманның қиянатынан азат болу атап өтіледі. Бұл оқиға жайлы Інжілдік кітап "Есфирьде" әңгіме болады. Бұл – вавилондық тұтқындалудан азат болу.

3. Песах – пасха; азаттық мейрамы – Египеттен еврейлердің шығуын еске түсіруге арналған сегіз күндік мейрам.

4. Йом Га-Шоа – Апат күні немесе Холокосты еске түсіру күні. "Шоа" ивритте "құйын" мағынасын береді. Алғашқыда қаралы күн "холокост" және қаһармандық күні деп аталды. Бұл күнді 1951 жылы Израиль парламенті белгіледі. Варшавалық гетто көтерілісінің жылдық мерзімін Ниссан айының 27-сі күні атап өтеді. Бұл күнді зайырлы

билік енгізуіне байланысты иудей ультраортодокстары мойындамайды. Көптеген еврейлердің пікірінше, айырықша мемориалды күнді белгілеу дәстүрге қайшы келеді

Қазіргі заманғы иудаизм

Қазіргі заманғы иудаизм негізгі үш ағымға бөлінеді: ортодоксальдық, реформалық және консервативтік. Ортодокстар ішінде өз кезегінде бейортодокстар мен ХаБад хасид қозғалысы бөлінеді.

Ортодоксальдық иудаизм жиырма жүзжылдықтар ішінде өзгергені шамалы. Ортодокстар Талмұтта жазылған ережелерді қатаң сақтайды. Бейортодокстар сионизм мен қазіргі заманғы мәдениетті танымайды, синагогаға сенбі күні бару үшін көлік пайдалануға рұқсат бермейді. ХаБад хасидтері сионизмді және қазіргі заман мәдениетін таниды, еврейлерді Тораның барлық өсиеттерін қатаң сақтауға шақырады.

Реформистік иудаизм - дін ілімінің либералды түрі, онда Талмұт ережелері мен дәстүрлеріне мән аз беріледі. Бастысы - рәсімдерді сақтау емес, қоғамдық белсенділік. Алайда барлық реформистік иудаизмнің діни жүйесі қатаң бір құдайға сенуге негізделген.

Қазіргі заман иудаизмінің үшінші тармағы - ортодоксальды және либералды бағыттар арасында аралық орынға ие консервативтік ағым. Иудаист-консерваторлар еврей мерекелерін сақтайды және негізгі дәстүрлерді ұстанады. Сондай-ақ олар заңды қазіргі заман мәдениетімен және философиямен байланыстырып жаңаша байқап түсіндіруге тырысады, олар Талмұт - ақылгөйлер Тораны өмірмен қалай байланыстыру керектігін ақылдасатын дамушы жүйе деп есептейді.

Иудаизм Қазақстанда

Қазақстанда иудаизм бастапқыда басында қағанмен хазар ақсүйектерінің шектелген тобымен қабылданды. XIV ғасырда еврейлердің Түркістанға Парсы елінен көшіп келуі туралы тарихи мәліметтер бар. Бұдан басқа XIX соңында - XX ғасыр басында Қазақстан аумағында еврей - қол өнершілері пайда болды. Еврей халқының республикаға жаппай көшуі Сталин жазалау шараларымен және қазақ халқының еврей халқына деген үлкен төзімділігімен байланысты, бұндай жағдайда Украинада және КСРО Еуропа бөлігінде зардабы көптеген еврейлердің және еуропалық бөліктен Қазақстанға көшіп келуіне себеп болған «дәрігерлер ісінен» белгілі. Республикада қазіргі уақытта қазіргі заман иудаизмінің барлық үш тармағы бар, ол Израильмен және АҚШ пен халықаралық байланысты нығайтумен негізделген. Қазақстанда мұсылмандар мен еврейлердің көптеген жылдар бойына қатар өмір сүруі конфессияаралық келісімнің оң мысалы бола алады. «Иерусалим Пост» Израиль газеті былай деп жазады: «Қазақстан - соңғы үш жыл ішінде он жаңа синагога іргетасы қаланған әлемдегі жалғыз мұсылман елі болып табылады». Қазіргі уақытта синагогалар Астанада, Алматы, Ақтөбе, Қызылорда, Петропавл, Тараз, Теміртау, Шымкент қалаларында жұмыс істейді. 2001 жылы тамыз айында Павлодар қаласында жаңа еврейлер ғибадатханасы ашылды. Республиканың барлық облыстарында жеке еврейлік діни қоғамдастықтар құрылған. Иудаизмді нығайтудың нақты адымы 2002 жылы 21-22 қазанда Алматы қаласында болып өткен Еуроазиялық раввиндер конгресінің отырысы болды. Конгресстің негізгі міндеттері конфессияаралық келісімді нығайтуға және діни еврей қоғамдастық қызметтерін қазіргі заман шындығымен үйлестіруге арналған раввинаттар стратегиясын әзірлеу болды. Еуроазиятық раввиндер конгресінің мүшелерін Елбасы Н.Ә. Назарбаев қабылдады.

Қазақстанның бірнеше қалаларында синагогалар салынды. Барлық ірі қалаларда еврей жексенбілік (воскресенье) мектептері бар. 2004 жылы Қазақстан еврейлері, сондай-ақ дүниежүзілік еврейлер үшін үшін маңызды іс-шара Астана қаласында Орталық Азиядағы ең ірі ғибадатхана «Бейт Рахель - Хабад Любавич» ашылуы болды. Оған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев, қазақстандық мемлекет қайраткерлері, бүкіл әлем раввиндері және Израильдің, АҚШ, Еуропа мен ТМД қоғамдық еврей ұйымдарының өкілдері қатысты.

Еврей күнтізбесіне сәйкес жыл сайын көне еврей мерекелерін тойлау өтеді, ең қызықтысы Пурим, Песах, Лаг Баомер және Ханука болып табылады. 1996 жылдан бері

Қазақстанның бас раввині Ешяя Коген (Израильде 11 желтоқсанда 1971 жылы туған) Астана қаласында ғибадатхана раввині - Юда Кубалкин, Павлодар қаласында - Шмуэль Карнаух. 2002 жылдан бастап Қазақстанда «Шалом» (құрылтайшысы - Қазақстанның Еврейлер конгресі) газеті шығады. Қазақстанда 10-ға жуық синагогалар, 70 мыңға жуық дін ұстанушылар бар. Елімізде Қазақстан еврейлер конгресі қызмет жасауда

Жақұт- яһудилер. Бұл термин Құранға Медине дәуірінде енді, Мұхаммедпен (с.а.у.) замандас Яһудиліктарды немесе жалпы Яһудиліктарды білдіреді. Мединеге дейін Яһудилік қасиетті әңгімеге көптеген сілтемелер жасалғанда, негізінен, бәни Исраилдың «Әзірейілдің ұлдары» деген анықтамасы қолданылатын. Құранда яһудилерге деген екі ұшты көзқарас көрініс тапқан. Бір жағынан, олар мұсылмандар сияқты бір Құдайға табыну қағидасын ұстанып, Ибраһимге байланысты болса да, Ислам яһуди ілімі жоғалтып алған, бір Құдайға қатаң табынушылықты тазалап, қалпына келтірген. Яһудилер ам әл-кітап категориясына - «Жазу адамдарына» жатқызылатын. Меккеде және Мединеде болған кезінің басында Мұхаммед (с.а.у.) яһудилер арасынан серіктестерін және өзінің ісін жалғастырушыларды іздеген болатын, яһудилер Медине халқының едәуір бөлігінде, Солтүстік Араб жерінің көптеген алқаптарында қоныстанған еді. Рухы жағынан жақын адамдар ретінде Құран оларға да бағытталған. Алайда, Меккенің яһудилері Мұхаммедті (с.а.у.) Пайғамбар деп мойындамады, (сенімсіздік білдіріп, келеке етті, содан кейін құрайыштармен одақтасып, ашық түрде қарсыласа бастады. Нәтижесінде хижраның «алғашқы жылдарында мұсылмандар мен яһуди ілімін уағыздаған йасрибтықтар арасында бірқатар қақтығыстар болды. Бұл қақтығыстар қайнұқ, құрайза және нәдір тайпалары мүшелерінің Мединеден қуылуына әкеп соқты, содан кейін яһуди орталықтары Хайбар, Фалакқа, т.б. жорықтар жасалды.

Арабтың яһуди қауымдарымен жауласу жағдайы да Құранда көрініс тапқан. Діни тұрғыдан алғанда Мединелік кезеңде Мұхаммед (с.а.у.) Исламды яһуди ілімі мен христиандықтан бөлек жеке дін ретінде сезініп қабылдады, Ислам діні басқа діндердің шығуына ықпал етті.

Құранның жалпы діншілдік қағидасы Жақұтты аһл әл-кітап сияқты дінге сенушілер мен дінге сенбеушілер арасындағы аралық қалыпқа қояды. Ибраһим еврейлер мен арабтардың ортақ арғы аталары боп саналған, мұсылман мен яһудилердің құрметтеу қастерлейтін ортақ кейіпкерлері мен қасиетті орындары көп-ақ (мәселен, Иерусалим, әл-Халилдегі Ибраһимнің мазары). Мұсылмандық құқықтық теорияға сәйкес жақұт аһл-аз-зимма категориясына енеді, бұлар мұсылмандық мемлекеттің қарауындағы адамдар. Жақұттың қауымдары өз жетекшілеріне бағынған. Ал олар жақұт қауымдарының ішкі істеріне араласпайтын мұсылман басқарушыларымен бүкіл қарым-қатынасты жүргізіп отырған.

Орта ғасырларда Мұхаммед (с.а.у.) араб түбегін Исламнан басқа кез-келген діннен тазалауды тапсырыпты-мыс делінсе де, жақұттар мұсылман дүниесіне барлық аудандарында, тіпті Оңтүстік Араб елінде де тату-тәтті өмір сүрген. Мұсылман мемлекеттерінде, әсіресе, VIII - IX ғасырларда Исламды қабылдаған және өзінің дінін сақтаған жақұттар көрнекті әкімшілік басшы орындарда қызмет істеді. Яһудилік саудагерлер ортағасырлық мұсылмандардың экономикалық өмірінде аса үлкен рөл атқарған. Мұсылман елдеріндегі Яһудилік қауымдарда ортағасырларда белсенді мәдени қызмет дамытылды. Құдайға сиынатын және филос, мектептер ашылды. Көркем әдебиет пайда бола бастады. Діндері бөлек қауымдардың мәдениеті өздерінің айналасындағы халықтардың мәдениеттерімен араласып, біте қайнасып жатты. Алғашқыда, VIII - IX ғасырларда араб-мұсылман мәдениеті Яһудилік қоғамның тарихи көріністерінен, аңыз-сюжеттерінен және Құдайға сиыну идеяларынан нәр алған болатынды. Бірте-бірте кері процесс пайда болды. Мұсылмандық аңыздар, көркем әдебиет, грамм, оқытулар, филос, идеялар Яһудилік ортаға ене бастады. Орта ғасырларда араб тілі Таяу Шығыс яһудилерінің тұрмыста қолданатын тілі боп саналған. Еврей әрпімен араб тілінде бірқатар

хаттар жазылды, ертегілер мен аңыздар қағазға түсірілді, өзіндік әдебиет қалыптаса бастады. Отаршылдық дәуірле европалық мемлекеттер Яһудилік және христиандық қауымдарды мұсылмандық Шығыс елдеріне ену мақсатында пайдалана бастады. XX ғасырларда араб елдерінің Яһудилік қауымдарында сионистік насихат кеңінен тарай бастады. Бұл көптеген жағдайларда қауымдардың өзара қарым-қатынасының күрт шиеленісуіне әкеп соқты. 1918 жылы Израил мемлекеті құрылғаннан кейін, араб және мұсылман елдеріндегі көптеген яһудилер сол жаққа кешті, сөйтіп Израилдегі халықтың ерекше бөлігін құрады. Шағын Яһудилік қауымдар әлі күнге дейін кейбір мұсылман елдерінде, мәселен Мароккода, Иракта, Сирияда бар.

Модуль 3. Әлемдік діндердегі дәстүрдің рөлі

10 лекция. Буддизмдегі дін мен дәстүр

Сабақта қарастырылатын мәселелер: Буддизм діни дәстүрінің салт-дәртүрмен сабақтастығы. Буддизмнің эстетикалық дәстүрі. Сәулет дәстүрі: ступа, храмдар кешені, шай. Мүсін және мүсіндік рельеф. Монументалды және мозғақ кескіндеме. Мандаланың символизм және бояу ерекшеліктері. Буддизмнің әдеби мұрасы.

Буддизм – алғаш әлемді бейбіт түрде мойындатқан дін. Үнді жерінен бастау алып, кейіннен шығыс елдеріне кең етек жая бастаған. Буддизм әлемдік үш діннің қатарына кіреді. Будда бір мезгілде индуизм, даосизм, синтоизм, немесе кез келген басқа «жергілікті» дін болуы мүмкін, сондықтан да әлемдегі буддистердің нақты санын белгілеу өте қиын. Қазіргі уақытта, тек буддалық монахтар шамамен бір миллион болып табылады.

Буддизм алғашқы сәттен бастап діни өмір формаларына және барлық салт-жоралғыларға, сонымен қатар абстрактілі догмалық ізденіске, брахмандық дәстүрге қарсы болды. Ортақ мәселе ретінде буддизм тұлғаның бар болуын қарастырды. Буддизмнің ерекшелік сипаты оның теориялық емес, этикалық бағдар алуында. Мақсаты – адамдарды түрлі рухани азаптан босату және оған жету жолдарын іздестіру болды.

Буддизмнің негізгі мазмұны Будданың төрт игілікті ақиқатты уағызы: 1. Өмір азапқа толы; 2. Ол азаптардың өзіндік себебі бар; 3. Азаптарды тоқтатудың мүмкіншіліктері бар; 4. Азаптан құтылу кезі бар. Оларды түсіндіру және ережелерін дамыту буддизмнің құрылуына арналған.

Буддизм адамның азапқа түсуі, оның қанағатсыздық, құштарлық, әуестену сезімдерінің нәтижесінен деп түсіндірді. Яғни, азаптың басты пайда болу факторларын осылайша айқындады. Және келесі кезекте осы азаптардан құтылудың жолдарын қарастырды. Буддизмнің пікірінше, азаптан құтылу арғы дүниеде емес, осы дүниеде іске асады. Ол үшін адам баласы талабын азайтып, нәпсісін басу керек деп тұжырымдады. Сонда ғана адам жаны тыныштыққа жетеді деді, оны «нирвана» деп атады.

Діни ілімдері мен әдет – ғұрыптары. Табыну дауысты музыка аспаптарымен, Кейде неше түрлі киімдер киіп, беттеріне қорқынышты маскалар киген монахтар жүреді. Храмнан алып шыққан Будданың мүсіндерін көтеріп, көптеген адамдардың көшеде жүргенін көруге болады. Діни әдет – ғұрыптары мол, әртүрлі өмірдегі әрбір қадамын діни әдет – ғұрыптарды өткізетіндер - өз дініне берілген діндар адамдар. Буддолог С.Радхакришнан буддизмдегі көптеген ілімдерді зерттей келіп: «Дегенмен буддизмнің барлық формасының көзқарасы бойынша, буддизмнің негізін қалаушы Будда. Ол бодхи ағашының түбінде отырып, қиындықтан қалай құтылу жолын, яғни келесі өмірдегі қиындықтан құтылу жолын айтып, мәңгі жасауға ұмтылысты көрсетті. Міне осы түйін буддизмнің Индия жерінен басқа елдерге тарағандағы қызықтырған себепкер болды». Буддизмнің ілімі, оның ілімінің маңызы басқа діндер сияқты келесі, мәңгілік өмірде жақсылыққа жету болса, бұл өмірден де, келесі о дүниедегі өмірден де түгелдей құтылу керектігін уағыздайды. Қасиетті жерлердің бірі Будданың тісі туралы айтуға болады. Бір

тіс аспандағы құдайдың сыйынатын қасиетті жері есебінде, бірі Гандхарада, үшіншісі – Колинге, төртіншісі жыландар еліне түскен дейді. Ал, ең қасиеттісі біздің дәуірге дейінгі 2 ғасырда алғашқыда Индияда сақталған, кейін паша Хеммаланың беруімен Шри – Ланкаға жіберіліп, сонда Зуба храмы салынған. Қайыр – садақаны буддистердің орталығы болған осы жерге көбірек беріп, буддистер табыну үшін жиылып, әр жылы үлкен мереке өткізеді. Ол мереке бүгінге дейін тойланады. Бұдан да басқа көптеген діни әдет – ғұрыптар, мерекелер өткізіледі. Будда теориясы буддизмнің дінсіздігі, нақтылай айтқанда, жаратушы Құдай - әлемді билеушіге сенбеушілік сияқты дәйектерді түсіндіреді. Бұл дінде барлық дүниені және адамды жаратушы – Құдай жоқ., Будда мұндай құдайлықтан жоғары дегенді айтады. Ол ештеңені жаратқан емес, сондықтан адамдарды қорғау жағынан уәде бермейді. Ол сенушінің көзін ашып, әлемдегі шындықты түсінуге, қайғы – қасіреттен, зорлықтан, теңсіздіктен арылуға жол көрсетеді дейді.

Буддизм де өзге әлемдік діндер сияқты біртұтас емес. Дүние жүзінде бұл діннің тармақтары өте көп. Хинаяна немесе тхеравада және махаяна негізгі бағыттары болып табылады.

Хинаяна – “құтылудың тар жолы” ілімі бойынша архат – кемелденген адам нирванаға жеткен соң жерге қайтып келмейді. Мұндағы дінге сенушілер рухтармен, перілермен, қорғаушы құдайлармен тығыз араласады. Оларға арнап діни рәсімдер өткізіп, өздеріне көмек сұрайды. Хинаяна бағыты Үндістан, Шри-Ланка, Бангладеш, Бирма, Тайланд, Лаос, Камбоджа, Малайзияда тараған. Қазір Шри-Ланкада хинаяна – ресми мемлекеттік дін. Мұнда буддалық сангханың үш үлкен бағыты және 20-дан астам ұсақ монахтық бірлестіктері бар.

Негізгі бағыттардың бірі – сиамдық бағыт аралдың орталық аудандарында, ал амарапура мен рама бағыттары шеткі жағалауларда таралған. Канди қаласындағы Буддаға арналған Далада Малигава храмы буддашылардың қасиетті діни орны болып есептеледі. Осы орталық ауданда олардың табынатын қасиетті жерлері шоғырланған. Сиам-никай Канди қауымдастығының монахтары осы жерлерде діни саяхат жасаушыларды қабылдап, діни мейрамдар мен ғұрыптарды өткізеді. Қазіргі кезеңдегі буддизм ілімінің сақтаушылары және ошағы кандилық сангха деп есептеледі. Буддизмнің мемлекеттік мәртебесі Шри-Ланканың Конституциясымен бекітілген. Мемлекеттік туларында қылыш ұстаған арыстанмен қоса Буддаға шындық ашылған қасиетті Бодхи ағашының жапырақтары бейнеленген, тудың түсі де сарғыш, монахтардың дәстүрлі киімдерінің түсімен боялған.

Қазіргі Шри-Ланкада 20 мыңнан астам монах өмір сүреді, орта есеппен алғанда әр храмға 3 монахтан, 1300 буддашыға бір храмнан келеді. Жалпы елде 8000 буддалық храм мен монастырлар бар. Бұл храмдарды Шри-Ланканың тарихи ескерткіштері мен мәдениетінің жиынтық орталықтары десе болады.

Үндіқытай түбегіндегі елдердің 94%-ы буддизмді ұстанады. Тұрғындардың 80%-ы хинаяна бағытында, тек Вьетнамда махаяна бағыты тараған. Буддизм қауымдары – бұл елдерде феодалдық қоғам кезеңінен сақталған күрделі иерархиялық жүйе. XX ғасырдың 60-80-ші жылдарынан бастап буддизмді жаңа ғасыр жағдайына бейімдеу мәселесі көтерілген болатын, әр елде бұл өзгерістер әрқалай жүруде. Тайландта тұрғындардың 93%-ы, Камбоджа, Лаоста 90%-ы буддизмді ұстанады. Бұл елдердегі сангханың діни-саяси, әлеуметтік қызметтері жүйелі бағытта дамытылып отырады.

Махаяна (құтылудың кең жолы) Орта Азия елдерінің көбінде тараған. Бұл бағыттағы кемелденген адам (боддхисатва) нирванаға жетіп, жер бетіндегі адамдарға көмек беру үшін қайта оралады. Махаяна бағыты Қытайда біздің дәуіріміздің бірінші мыңжылдығында пайда болып, ерекше даму жолын тапты. Қытайдың дәстүрлі діндері – конфуцийшілдіқты, даосизмді ысырып, бірнеше рет мемлекеттік дін деңгейіне көтерілгендігі тарихтан белгілі. Буддизм Қытай мәдениетіне елеулі ықпал еткенін қазіргі қытай әдебиетінен, сурет және сәулет өнерінен көреміз.

Қазіргі кезеңдегі буддизм өте күрделі, қарама – қарсы құбылыстарға тап болған жағдайлар да кездеседі. Кейбір халықтарда орта ғасырлардан қалған әдет-ғұрыптар, ілімдер, ағымдар сақталғанымен дінге көптеген өзгерістер енгізіліп, көп жағдайда көптеген ережелерін қалдырған. АҚШ «буддизмді оқыту институтын» құрды. Ондағы ойы бұл дінді құрметтеу емес еді, жердегі дүниеге, өмірге қызықпау мәселесін үгіттеп, жоғарғы өмірге қызықтыруға жасалған агрессорлық бағыт еді. Азия елдерінде социалистік идеологияның тарауынан буддистердің арасында қызығушылық пайда болып, «буддизм социализмі» деген ұран пайда болды. Бұл ұран бүкіл Азия елдерін жайлады. Цейлон, Бирма, Кампучия, Лаос, Тайланд, Жапон елдерінің буддистері бұл ұранмен социалистік режимді қолдағандарын білдіріп, социализм құруда халықпен бірге болды.

Лекция 11-12. Христиандық дін мен дәстүр

Қарастырылатын мәселелер: Христиан дініндегі дәстүрдің орны. Христиан дініндегі дәстүрлердің көрінісі, Мүсін өнеріндегі христиандықтың көрінісі, Христиан дінінің әдебиет пен философиядағы көрінісі. Діни және зайырлы дәстүр: олардың христиандардың өміріндегі қарым-қатынасы. Христиан әлемінің іргелі құндылықтары. Сенім: догматикалық негіз. Шіркеу туралы үйрету. Шіркеу институты. Мистикалық өмір: қауымдар мен намаз. Христианның өміріндегі маңызды оқиғалар: туылу (физикалық және рухани); үйлену тойы; махаббат, жерлеу рәсімі. Христиан өмірінің мақсаты мен мазмұны: құтқарылу.

Христиан діні (гр. *Χριστός, Khristos*, сөзбе-сөз аудармасы *мәсіхтелгендер*) **Ибраһимдік дін** (грекше *Χριστός (Khristós)* ағылшын тілінде 'anointed' - орыс тілі 'помазанный' - қазақша 'басты уқалау, сулау немесе басқа мәсіһ шалу') — Христостың өмірі мен **Жаңа Әсиет** іліміне негізделген **монотеистік дін** ^[1].

Әлем бойынша ең көп таралған дін. Шамамен 2.2 млрд христиандар ^{[2][3][4][5][6][7]} христиандардың басым бөлігі Исаның **Құдайдың ұлы** және **Көне әсиетте** айтылған **адамзатты** құтқарушы екеніне сенеді. Сондықтан христиандар Исаны Христ немесе Мессия көреді.

Христиан **теологиясы** Христиандықты ұстанушылар мойындаған **экумендік сенімдерді** негізге алады.

Христиандық пен **Інжілді** түсіндіруде ортақ бір пікірлер жоқ. Бірақ бүкіл христиандар діннің негізі болатын, келісілген ортақ ұстанымдар бар екенін айтады. Аса көп таралған тармақтары - **католицизм**, **православтық** және **протестантизм**.

Христиан діні әдебиеті негізгі төрт жанрдан тұрады:

1. **Інжілдер** (Матфей, Марк, Лука, Ионн);
2. апостолдардың арнаулы хаттары;
3. Христос шәкірттерінің істері туралы жазбалар;
4. ақыр заман туралы әсиет.

Рождество Христово мерекесі - христиандықтардың басты мерекелерінің бірі. Бұл мереке Иисус Христостың Вифлеемде дүниеге келуі құрметіне орай атап өтіледі.

Қазіргі таңда да Православ Рождествосы католиктердің мерекесінен 13 күннен кейін тойланады. Католиктер Рождество мерекесін 25 желтоқсанда тойласа, православтықтар мерекені 7 қаңтарда атап өтеді. Пасха - **христиандық** бойынша Христостың қайта тірілуінің нұрлы мейрамы христиан дінінің ежелгі әрі ең маңызды мейрамы, Христостың өліп, қайта тірілуінің құрметіне тойланады. 2 ғасырдан бастап, Пасха христиандардың ресми діни мейрамына айналған. Осылайша, 325 жылдан бастап Пасханы көктемгі күн мен түннің теңелуі күнінен (бұл құбылыс Наурызға сәйкес, наурыздың 21-інде болады) кейін бірінші толған айдан кейін келесі жексенбіде тойлайды. Осылайша, Пасханың уақыты әр жылы әр күнге түсіп отырады, бірақ сәуір айында немесе мамыр айының басында болады. Бұл мейрамның тойлайтын күні ай күнтізбесі және күнтізбесінің екеуі бойынша есептеледі.

Христиандар Пасха күнінде жұмыртқаларын түрлі түске бояйды, ал Ресей мен Балқан елдерінде сол түрлі-түсті жұмыртқаларын бір-бірімен қақтығыстырады. Бұрын орыс селоларында жұмыртқаларды төбенің басынан домалатып жарыс ұйымдастыру дәстүрі болған.

Балқан елдерінде Пасха мейрамында мұсылмандар Құрбан айттағыдай қой сойып, салтанатты тағамдарын дайындайды. Бұлғарстанда бір мейрамында бір қойын түгелдей қуырылып дастарқанға қояды. Бір қойды таба алмаса, қой санынан дөнер кәуап сияқты «бедро» деген тағам жасайды немесе шашлық кәуапты ғана қуырып жасайды.

Еуропада католиктер мен протестанттар Пасхалық қояндарын жасайды. Оны ойыншық немесе қоянның сипаты бар шоколад түрінде жасайды. Германияда түрлі-түсті жұмыртқаларымен фонтандарды, хауыздарды және бұлақ көздерін әшекейлейді.

Православ христиандар бір-бірін бетінен сүйеді, Пасха мейрамымен құттықтайды, бір-біріне «Христос тірілді!» дейді, оған «Шынымен тірілді!» деп жауап береді

Иван Купала мерекесі-көне замандардан бері славяндар үшін күн мейрамы. «Иван Купала» – кезінде маусым айының 23-нен 24-не қараған түні (жаңаша 7 шілде) аталынып өтілетін және жазғы күннің тоқырауына сәйкестендірілетін мейрам. Бұл түні адамдар ұйықтамай таңды күткен, бұл уақытта, арам күштер, су перісі, мыстан тіріліп келеді деген наным болған. Сиқырлы құпияға толы бұл күнді адамдар таңғажайып елестермен байланыстырады. Бұл күні алаулар жағып, адамдар өзендерге шомылған.

От тазалықтың нышаны саналып, жастары алаудың үстінен секіріп, өздерін тазалайтын болған. Жыл сайын бұл түні әлемнің тағдыры шешіледі: не Жарық дүние орнайды, не әлемді қара Түнек жалмайды деп саналған.

Әр жылы шайқаста Жақсылық күштері жеңіп шығады. Және осы мереке кезінде көп нәрсені істеп үлгеру керек деп саналған, яғни, далаға жағылған оттан секіріп өту, сауықтыратын суларда жуыну, Купала түнінде ғана ерекше емдік күшке ие болатын шөптерді жинау, сүйіктісіне бал ашу, қырыққұлақ гүлін табу, қазынаны іздеңіздер, сиқырлы гүл шоғын жинаңыз, тілек тілеңіз.

Оған қоса, малдан барлық ауруларды аластату үшін үйірді шоғы сөнбеген күлден айдап өту керек.

Үштік – Құдай үш бейнеде (ипостасияда) деген сенімге негізделген христиан догматы. Үштік догматы бойынша Құдай әке, Құдай ұл, киелі рух Құдайы бар. Осы үшеуі киелі Үштікті құрайды деп біледі. Киелі Үштік мейрамы Пасхадан 50 күннен соң тойланады.

Христиан діни салт-жоралар мен мерекелер көп. Олардың әр түрлілігіне қарамастан, олардың жалпы функциясы бар: олар сұлу табиғатқа, кереметтерге, жанның және өлкенің өлместігіне сенімін нығайтады. Діни мейрамдар мен салт-жоралар діни табынудың маңызды бөлігі болып табылады, сенушілерге зияткерлік және эмоционалды-психологиялық әсер ету тәсілі, олардың ақыл-ойы мен мінез-құлқындағы діни стереотиптерді қалыптастыру құралы.

Христиандықтың салттық іс-әрекеттерінің арасында «Құдайдың көзге көрінбейтін рақымы адал адамдарға көрінетін бейнесі арқылы берілетін» қасиетті орындар бар. Айта кету керек, барлық христиан діни ағымдар, протестанттық қозғалыстардың көпшілігі тек шомылдыру рәсімінен өтуді және қасиетті бауырластығын жүзеге асырады.

Лекция 13-14. Исламдағы дін мен дәстүр

Исламның пайда болуы және таралуы. Исламның негізгі догмалары (Құран, ислам мұсылмандарының ұғымы, Исламның бес парызы, жихад). Исламдағы күнтізбе, дін және мерекелер. Исламдағы тыйым салу және тағдыр. Ислам мәдениетіндегі отбасы, неке және балалар. Исламның құндылық бағдары: Ислам рационализмі және этикалық стандарты. Ислам қоғамының этикалық нормалары және әлеуметтік ұйым принциптері. Нормативтік шариғат. Исламның білім беру дәстүрлері. Медресе. Исламдық даналық. Улем мәртебесі.

Құранның даналығы мен мұсылман күнделікті өміріндегі жихад түсінігі. Культтік тәжірибесі. Мазхабтардың дәстүрге көзқарасы.

Ислам (араб.: إسلام — (әлемдік монотеисттік-ибраһимдік дін. Христиандықтан кейін дүниедегі ең көп таралған дін болып табылады. «Ислам» сөзі «бейбітшілік», (Аллаһтың заңдарына)[1] «мойынсыну, бағыну» болып табылады. Ал шариғат терминологиясында «ислам» — толық мойынсыну, Аллаһтың алдында парыздарды орындау, одан басқа құдайларға табынбау болып есептеледі. Ислам дінін ұстанушы жан мұсылман деп аталады. Мұсылмандардың негізгі діни кітабы Құран Кәрім (араб.: القرآن — (классикалық әдеби араб тілінде (араб.: الفصحى) (Аллаһ тарапынан түсірілген. Исламдық көзқарас бойынша, жаратушы Аллаһ әрдайым адамзат баласын тура жолға салып тұру үшін әр түрлі пайғамбарлар жіберіп отырған. Олардың ішінде Ибраһим (Авраам), Мұса (Моисей), Иса (Иисус) т.б. бар.[2]. Мұсылмандардың сенімі бойынша ең соңғы пайғамбар — Аллаһтың елшісі Мұхаммед

Исламның негіздері

Иман

Ислам

Ихсан

Иман (араб.: الإيمان) — мұсылмандықтың ең үлкен дәрежесі. Иман алты негізден құралып, көбінесе адамның ішкі қасиеттерін реттейді:

1. Аллаһқа иман келтіру
2. Періштелерге иман келтіру
3. Қасиетті кітаптарға (Құран, Інжіл, Тәурат, Забур) иман келтіру
4. Пайғамбарларға иман келтіру
5. Ақырет күніне иман келтіру
6. Тағдыр мен қазаға иман келтіру

Ислам дінінің екінші мәртебесі — **Ислам**. Бес негізден құралып, көбінесе адамның сыртқы қасиеттері мен істерін реттейді:

1. Екі куәлікті (шаһадат) «Лә иләһә илл-Аллаһ Мухаммад расулу-Ллаһ» айту
2. Бес уақыт парыз намазды орындау
3. Рамазан айында ораза тұту
4. Мал-мүлкі белгілі мөлшерден асқан адамға одан зекет беру
5. Өмірінде бір рет қажылыққа бару

Ихсан

Ислам дінінің үшінші мәртебесі — **ихсан** (араб.: الإحسان). Ихсанда бір негіз бар:

• Аллаһқа Оны көріп тұрғандай құлшылық қылу, ал егер олай істей алмасаң, Аллаһ сені көріп тұрғандай құлшылық қылу.

Бұл парыздар мұсылманның мойнына бойжеткеннен бастап жүктеледі

Ислам шариғаты және фикһы

Ислам шариғаты — ол адамның Аллаһпен, басқа адамдармен, қауыммен және қоршаған ортамен қарым-қатынасын, рұқсат етілген және тиым салынған нәрселерді реттейтін Құран, Сүннет және сәләфтардың (шииттерде — Әһлі-бейттің) сөздерімен, ғалымдардың иджтиһадымен міндетті болған заңдар жинағы. Бұл заңдардың ең маңыздысы — Исламның бес парызы

Шариғаттағы амал түрлері

Шариғат амалдары сегізге бөлінеді^[82]:

1. Парыз
2. Уәжіп
3. Сүннет
4. Мұстахаб
5. Мубах
6. Харам
7. Мәкрүһ

8. Муфсид

Осы сегіздің алғашқы бесеуін орындауы, соңғы үшеуінен бойын аулақ ұстауы, яғни жасамауы

Парыз

Парыз – анық, бұлтартпас дәлелдермен әмір етілген діни іс-әрекеттер мен міндеттер. Мәселен, зекет беру.

Парыз өз ішінде «айн» және «кифая» болып екіге бөлінеді:

- «Айн парыз». Әрбір мұсылманға тікелей жүктеліп, өтеуге борышты парыздар. Мұны орындауға тиіс. Біреудің парызын басқа біреу өтей алмайды. Намаз бен ораза секілді.
- «Кифая парыз»: жалпы мұсылманға парыз бола тұрса да, кейбір мұсылманда мұсылманның мойнынан түсетін парыздар. Алайда, ешкім орындамаса, барлық қоғам жауапты.

Уәжіп

Уәжіп – орындалуы дәл парыз секілді талап етілмеген, бірақ қуатты дәлелдермен анықталған құрбан шалу, үтір және айт намазын оқу, т.б.

Сүннет

Сүннет – парыз бен уәжіптен бөлек, Мұхаммед пайғамбардың (Аллаһтың оған салауаты мен сәлемі болсын) жасаған және «жасаңдар» деген әрі жасалуына ризалығын білдірген іс-әрекеттер.

Сүннет үшке бөлінеді:

1. Муәккәд сүннет (бекітілген сүннет)
2. Ғайру муәккәд сүннет (бекітілмеген сүннет)
3. Зәуәид сүннет (артық сүннет)

Мұстахаб

Мұстахаб – таңдаулы, ең көркем амал. Діни терминде Мұхаммед пайғамбардың ﷺ кейде жасап, кейде жасамаған іс-әрекеттері. Сәске намазы секілді кейбір нәпіл намаз бен оразалар осыған жатады. Сонымен қатар таң намазын айналаға жарық түскенде оқу, жаздың шілдесінде бесін намазын салқын түскенге дейін кешіктіріп оқу, ақшам намазын кірісімен оқу – мұстахап. Мұның үкімін жасағанға – сауап, жасамағанға күнә жоқ. Ибн Абидин мәндуб, мұстахаб, нәпіл терминдерінің бір мағына беретінін айтқан

Мубах

Мубах — жасалуы мен жасалмауында діни жағынан ешқандай тосқауыл болмаған, яғни жауапкердің еркіндегі іс-әрекеттер. Мәселен, тамақ ішу, ұйықтау, т.б.

Харам

Харам — жасалуы мен пайдалануы Исламдық тұрғыдан қатаң тыйым салынған нәрселер. Ішімдік ішу, құмар ойындар ойнау, зина жасау, адам өлтіру, ғайбаттау, жала жабу, т.б. іс-әрекеттер осыған жатады.

Мәкрүһ

Мәкрүһ — сөздікте жағымсыз, ұнамсыз, жек көрілген нәрсе деген мағынаны білдіреді. Діни терминге салсақ, дін тұрғысынан ұнамсыз, жаман іс-әрекет. Дәрет пен ғұсыл алғанда суды ысырап ету секілді іс-әрекеттер осы мәкрүһке жатады.

Мәкрүһ екіге бөлінеді:

1. Харамға жақын мәкрүһ (Тахримән мәкрүһ). Мысалға: дәрет алғанда суды ысырап ету, т.б.
2. Халалға жақын мәкрүһ (Тәнзийһән мәкрүһ). Мысалға: мұрынды оң қолмен шаю, т.б.

Муфсид

Муфсид — басталған ғибадатты бұзатын нәрсе. Муфсидтің әдейі жасалуы күнә тудырады. Қателесіп жасаса, күнә мен азап жоқ. Намазда өз-өзін ұстай алмай күлу секілді іс-әрекеттер осыған жатады.

Фикһ

Фикһ (араб.: **فقه**) — тілдік мағынасы «түсіну»

Шариғат терминологиясында «фиқһ»: шариғаттың амалға қатысты үкімдерін дәлелдер арқылы білу. Кейде сол үкімдердің өзін «фиқһ» деп те атайды. Фиқһтың негіздері:

1. Құран Кәрім
2. Сүннет
3. Ижмағ
4. Қияс

Фиқһ мазһабтары

Фиқһ мазһабтарының ішінде бір ғалымның ойлары мен шариғи мәселелерге көзқарастары болып, бірақ оны тарататын, нақтылайтын шәкірттер болмағасын толықтай дамымаған, бізге көп үкімдері жетпеген жеке мазһабтар бар. Сонымен қатар негізін салған муджтаһид-ғалымдардың көзқарастары шәкірттері арқылы дамуын тауып, кең таралған көпшілік-жамағи мазһабтар бар. Бұл мазһабтар негізін қалаған имамдардың атымен аталып осы күнге шейін жеткен. Бұл мазһабтардың қатарына пайда болу реті бойынша: ханафи мазһабы, малики мазһабы, шафиғи мазһабы және ханбали мазһабы жатады

Ханафи мазһабы — Имам Ағзам Әбу Ханифаға телінетін Әһлі-Сүннет фиқһ мектебі. Қалаушысының есіміне сәйкес «ханафи мазһабы» деп аталады. Шын аты Нуғман ибн Сәбит болған Әбу Ханифа һижраның 80 жылы (699 ж.) Куфақаласында дүниеге келіп, һижраның 150 ж. (767 ж.) сол жерде қайтыс болады. Ханафи мазһабына кіретін ғалымдар Әбу Ханифаны «Имам Ағзам» (ұлы имам) деп атайды.^[92] Кейбір тарих ғалымдары Әбу Ханифаны сахабаларды көрген табиғиндерден деп есептейді, себебі ол сахаба Малик ибн Әнәстан хадистер риуаят еткен. Бірақ басқа тарихшылар оны табиғиндердің ізбасарларынан деп санайды.

Имам Әбу Ханифа Исламның көптеген мәселелерін білген ғалым болғанымен, оның негізгі еңбегі фиқһ саласында болған.

Малики мазһабы — Имам Малик ибн Әнәсқа телінетін Әһлі-Сүннет фиқһ мектебі. Оның негізін қалаған Мәлик ибн Әнәс һижри 96-шы жылы (711 ж.) Медине қаласында дүниеге келіп, 179-шы жылы (795 ж.) қайтыс болған. Имам Мәлик Йеменнен көшіп келген Хумайр патшалық аулетінен шыққан. Оның отбасы шариғи біліммен танымал болып, оның өзі де «Имам дар әл-Һижра („дар әл-Һижра“ — Медине қаласы)» деген атақты алған. Имам Малик хадистерге үлкен көңіл бөліп, өзінен кейін «Муатта» хадистер жинағын қалдырған^[94].

Шафиғи мазһабы

Шафиғи мазһабының негізін салушы — Мұхаммед ибн Идрис әш-Шафиғи. Һижра жыл санауы бойынша 150 жылы Палестинадағы Газа қаласында дүниеге келген. Жеті жасында Құранды жаттап бітірген Мұхаммед ибн Идрис, 15 жасында пәтуа беруге рұқсат алады. Имам әш-Шафиғи атақты ғалымдар: Имам Маликтен, Суфйан ибн Уяйнадан, Имам Мұхаммед әш-Шайбаниден білім алған. Өзінің қысқа ғұмырында әш-Шафиғи Меккеде, Йеменде, Иракта, Мысырда білім алып, сол жерлерде сабақ берумен айналысты. Имам әш-Шафиғи ең бірінші болып «усуль әл-фиқһ» ғылымын енгізіп, сол жайлы «Рисалә» кітабын жазады. Имам Ахмад ибн Ханбал оны өз ұстазы санап, оны Аллаһтың дінді жаңартуға жіберген «муджәддиді» санаған. Һижра жыл санауы бойынша 204 жылы дүниеден озды.

Ханбали мазһабы

Мазһабтың негізін салушы — Имам Ахмад ибн Мұхаммед ибн Ханбал әш-Шәйбани. Һижра жыл санауы бойынша 164-ші жылы (778 ж.) Мерв қаласында дүние келіп, һижри жыл санауы бойынша 241-ші жылы (855 ж.) қайтыс болды. Жастайынан әкесінен жетім қалған Имам Ахмад шариғат пәндеріне, оның ішінде хадис іліміне көп көңіл беріп, ұлы мухадди атанады. Ол Әбу Ханифаның атақты шәкірті Имам Әбу Юсуфтан, Имам әш-Шафиғиден, Уәкиғ ибн әл-Джаррахтан білім алған. Тіпті оның

ұстаздары болған Әбу Дәуд, Имам Муслим, Имам әл-Бұхарилер одан хадис риуаят ететін болған¹⁹⁵¹.

Имам Ахмад билікке келген мутазилиттік сенімді ұстанатын халифтерден көп қысым көреді. Ұзақ уақыт түрмеде қамалып, азапталса да Ислами сенімнен бас тартпаған ол әлі күнге шейін ең атақты діни авторитеттердің бірі саналады.

Имам Ахмад шарифаттағы дәлелдерді Құран мен Сүннеттен алуға шақырып, имамдардың сөздеріне соқыр еруге тыйым салған.

Хадис (араб.: حديث), көпше: ахадис. *Жаңалық, хабар, әңгіме*) — мұсылман қауымы өмірінің әр алуан діни-құқықтық мәселелерін қамтитын, Мұхаммедтің ﷺ сөзі мен істерін дәріптейтін аңыз-әңгімелер. Хадис - Құраннан кейін екінші құқықтық құжат.

Мұхаммед пайғамбардың ﷺ сөзі мен істеріне негізделген мұсылман қауымының әр алуан діни-құқықтық мәселелерін қамтитын ғибрат сөздер, әңгімелер.

Хадис пен сүннәттің айырмашылығы

Мухаддистердің (мухаддис — хадис ғалымы) айтуынша «хадис» және «сүннет» сөздері шарғи мағына жағынан бір-біріне өте жақын. Толығырақ айтқанда, «хадис» және «сүннет» – Пайғамбардың ﷺ айтқан сөздері, істеген амалдары, шарифи үкімдері. Алайда, бұл екі сөздің түпкілікті мағыналарына үңілер болсақ, арасында біршама айырмашылық барын аңғарсақ болады.

«Хадис» – сөйлеу және айту арқылы келген хабар. Әрі Пайғамбардың ﷺ сөзі не болмаса істеген амалы «хадис» деп айтылады. ғұламалардың кейбірі «хадис» сөзінің «жаңа» деген мағынасы бар екенін ескере тұрып, оны «қадим» (ескі, бұрын болған) сөзіне қарсы мәндес сөз ретінде қолданып, «қадим» дегенде қасиетті Құран Кәрімді, ал «хадис» дегенде Пайғамбарымыздың ﷺ сөздерін назар тұтқан. Осы себептен ғұламалардың көпшілігі Аллаһ Тағаланың сөзі болған Қасиетті Құран Кәрімді «хадис» деуден сақтанған.

«Сүннәт» сөзінің тілдік мағынасы – жол. Шарифи мағынасы – Пайғамбарымыздың .ылож инід нағнатысұ ,ісі негетсі ﷺ

Ислами әдеп деп шарифаттан бастау алатын жақсы іс саналатын амалдар мен сөздер жиынтығын атайды. Мысалға: «әс-сәләму ғәлейкум» деп амандасу, оған «уә ғәлейкум әс-сәләм» деп жауа қайту, ас ішуді «бисми-Лләһпен» бастау, тамақты оң қолмен ішу, тамақтан кейін «әл-хамду ли-Лләһ» деу, ер балаларды сүндетке отырғызу, қажетілікті өтегеннен кейін тазалану, адам қайтыс болғандағы рәсімдер, оған жаназасын оқу; бұған әртүрлі дұғалар да жатады: үйден шыққандағы дұға, мешітке кіргендегі дұға, әжетханаға кіргендегі дұға; сонымен қатар басқалардың әуретіне қарамау да әдепке жатады.

Ислам дінінде әһлү сүннә уәл джәмаә болып есептелетін төрт мазһаб бар. Ол Ханафи, Шафи, Малики және Ханбали мазһабтары. Әр мазһаб сол мазһабтың негізін құраушы имамның есімімен аталады.

Бұл төрт мазһабтың шарифат үкімдерінің барлығы Қасиетті Құран Кәрім мен Пайғамбарымыз с.а.у. сүннетіне негізделу мақсатынан ешбірін қате деуге болмайды. Мазһабтардың арасында біршама айырмашылық болғанымен, олардың мәнісі болмашы.

Алғаш аян келген тұста фикһ жоқ болатын. Оның мазмұны исламның Мәдине кезеңінде пайда болып, қалыптасты. Алғаш ислам құқық негіздері Меккеліктердің дәстүр-салты, ғұрпынан тұратын. Исламның нормаларын Құран белгілесе, оны жүзеге асырушы «өнеге» – үлгі көрсетуші – Пайғамбар болды. Сондықтан хз.Мұхаммед пайғамбардың өнегесі кейінгі мұсылмандарға ұлы жол – сунна ретінде қабылданды. Бұл қажеттілік өзін пайғамбар қайтыс болғаннан кейін арта түсті. Нәтижеде «хадис ғылымы» қалыптасты. Құранды ұғынуда, танудағы негіз – Құран, Хадис, Ижма, Қияс болса, осы компоненттердің ішіндегі ижма, яғни, коллектив көзқарастардың жиынтығы ислам құқығының, фикһтың дамуына үлкен үлес қосты. Ол да бір ислам тарихындағы кезеңді білдіреді. Осы сахаба факихтер қатарында саналатын Абдуллах бин Масғұдтың төртінші ұрпақтан жалғасатын, шәкірттердің бірі әрі бірегейі – Әбу Ханифа болатын. Ол – өзі ислам құқық мектебін қалыптастырушы ретінде, қырық адамнан – маманнан тұратын

фиқх мектебін ашты. Бұл мектеп сол дәуір үшін құқық ғылымын дамытып қана қоймады, заңдарды сараптап, жүйеге түсіріп, **дәстүрге** айналдырды.

15 лекция Қазақ халқының діни дәстүрлері

Қазақ халқының исламға дейінгі дәстүрлері. Зардүстілік. Шамандық. Тәңіршілдік. Қазақ халқының салт дәстүрлеріне исламның әсері. Ханафи мазхабы. Қазақ халқының ұмыт бола бастаған дәстүрлерін. Қазақ халқының имани дәстүрлері. Ар-ұят – иманнан. Малым жанымның садағасы, жаным арымның садағасы. Қонақжайлылық – қазақы қасиет. Әдептілік, сыпайылық. Ислам мен қазақ салт-дәстүрлерінің сабақтастығы. Исламның қазақ мәдениетіне, дәстүріне ықпалы.

Қазақтың дәстүрлі тәрбиелік үлгі-өнегелері ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отырады. Халқымыздың салт -дәстүрінің кез келген түрінің түбінде ислами тамыр жатқанын байқаймыз. Дүниеге келген баланың азан шақырылып ат қойғанынан бастап, дүниеден өткен адамның жаназасын оқып, жер қойнына бергенге дейін, яғни тал бесіктен жер бесікке дейінгі аралықта көптеген дәстүрлеріміздің Исламнан нәр алғанын байқайсыз.

Қазақтың ең үлкен дәстүрлі тойларының бірі – шілдехана. Бұл дәстүр жаңа туылған баланың туылғанына қырық күн толғанда жасалады. Шілдехана сөзі парсы тілінен енген. Шил – «40», хана – «той» деген мағынаны білдіреді. Яғни босанған әйелге 40 күн толған күні ел-жұрт жиналып, үлкен той жасап, нәрестені бесікке салады. Баланың дүниеге келуі – тек бір ғана отбасының емес, бүкіл ауылдың, елдің қуанышы болған. Атам қазақтан: «Балалы үй – базар, баласыз үй – мазар» деген сөз қалған. Сондықтан да, ата-бабаларымыз сәби дүниеге келген кезде салт-дәстүр бойынша жаңа туылған нәрестеге арнап қой сойған. Бұл дәстүр шарифатта «ақиқа» деп аталады. Ал қазақ салт-дәстүрі бойынша «қалжа» делінеді. Атаулары бөлек болғанымен негізгі атқаратын міндеттері бірдей. Яғни, туылған нәрестенің амандығы және де жаңа босанған әйелдің күш жинап, әлденіп алуына да пайдасы мол. Қалжаға «ақиқа» қойы ер балаға екі, не бір қой соятын болған. Ал қыз балаға бір қой сойылған. Өйткені, ер бала қыз балаға қарағанда қомағайлау болатындықтан, (анасын көбірек емеді) екі қой сойылатындығы айтылады. Сонымен қатар, бұл үрдіс жаңадан босанған әйелдің аяқ-қолын бауырына алып, ыстық сорпа ішіп, өзіне-өзі келу мақсатында жасалады. Мұндай қамқорлық ертеңгі күнгі баланың дұрыс өсіп, қалыптасуына және әйелдің денсаулығы мықты болуына тигізер әсері көп. Тағы бір мәселе – сойылатын қой семіз әрі күтімді болуы тиіс. Ата-бабаларымыз босанған әйелді 40 күн бойына жылы үйде ұстап, ерекше күтім жасаған. Асыл дініміз Исламда да әйел босанған уақыттан бастап, 40 күн бойы бірқатар жеңілдіктер берілген. Яғни, етеккірі кезінде намаз оқымайды, ораза ұстамайды. Жиналып тұрған топқа жақын келген адам оларға бірінші болып сәлем беруге міндетті. Атты адам жаяу кісіге, жасы кіші үлкендерге бірінші болып сәлем береді. Екі қазақ кездесе қалғанда жасы кішісі жасы үлкеніне «Ассалаумағалейкүм!» деп бірінші болып сәлем береді. Жасы үлкен кісі оған «Уағалайкумассалам!» деп жауап қатады. Тек содан кейін ғана егжей-тегжейлі амансаулық сұрасады. Бұлай сәлемдесу бірін-бірі тіпті танымайтын адамдар үшін де міндетті болып саналады. Дала тұрғындарына тән әдептілік пен сыпайылық, кішіпейілділіктің бір көрінісі — үлкен кісінің есіміне *әке (еке)* сияқты жұрнақ сөз қосып айту. Мәселен, Қазбек — *Қазеке*, Дикан — *Дәке*, Бауыржан — *Бауке* сияқты айтылады. Мұны ХХ ғасырдың бас кезінде белгілі орыс ғалымдарының бірі Л. Баллюзек те байқаған: «Қырғыздардың сыпайылығы, кішіпейілділігі мен әдептілігінің бір көрінісі — жасы үлкен кісілердің есіміне *еке (әке)* сөзін қосып айтуы».

Қазақтарда ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптың бірі - дәм ауыз тию. Үйге бас сұққан кез келген адамды дәмнен ауыз тигізбейінше жібермейтін—«Қуыс үйден құр шығармайтын». Қызылорда өңірі Ұлы Жібек Жол бойында орналасқандықтан керуендер толассыз өтетін болған. Мал шаруашылығымен айналысып отырған ел сауап үшін

арнайы ас әзірлеп қойған. Мақсаты, жолдан шаршап шалдыққан кісіге ас-су әзірлеп қонақ етіп күтетін. Құдайы қонақ дәстүрі әлі де шет ауылдарда жалғасын тауып келеді. Қазақтардың және бір жақсы әдет-ғұрпы - ерулік беру. Басқа жақтан жаңадан көшіп келгендерді оның туған-туыстары немесе көршілері арнайы дастарқанға шақырып, ерулік тамақ беретін болған. Бұл арқылы көшіп келген туыстарына немесе көршілеріне деген ыстық ықыласы мен ізгі ниетін білдірген. Ал көшіп келгендер жаңа қонысқа тез үйреніп, ондағы адамдармен жақсы қарым-қатынас орнатуға ықыласты болатын. Қазақтарда *жылу жинау* әдет-ғұрпы да бар болатын. Оның мәні кездейсоқ жағдайда үйі өртеніп кеткен немесе дұшпанның шабуылынан, қатал қыстың ауыртпалығынан, су тасқынынан, аштықтан зардап шеккен отбасыларына ауылдас немесе туысқан адамдардың көмек көрсетуі болып табылады. Олар зардап шеккен жандарға қолдарынан келгенінше мал береді, киім-кешек, көрпе-төсек, ыдыс-аяқ жағынан көмек көрсетеді, бастарына шаңырақ көтеруіне жәрдемдеседі. Мұның өзі зардап шегіп, қиналған ағайынға жаны ашынғандықтың, қамқорлық жасағандықтың көрінісі еді. Мүмкіндігі бола тұрып, ондай көмек көрсетуден бас тартқан ағайын-туыс ру ішінен қуылып, аластатылатын. Ал мұндай жазаға кесілгендер өз руының тарапынан жанашырлық жақсылық дәмете алмайды. Дала тұрғындарының дәстүрлі әдет-ғұрыптарының бірі — *асар*. Онда ауыл тұрғындары ешқандай ақы алмастан бірлесе жұмылып, біреудің белгілі бір жұмысын бітіріп береді. Мәселен, олар біреудің қысқы баспанасын немесе мал қорасын салып беруге, сондай-ақ құдығын қазып беруге жұмыла көмектеседі. Асар ауылдас отырған рулас адамдардың туысқандығы мен ынтымақ бірлігінің жарқын көрінісі болып табылады. Асарға шақырылғанда оған бармай қалу әдепсіздік саналатын. Қазақтар XX ғасырдың бас кезінде осы әдет-ғұрыпты пайдаланып көптеген жерлерде зайырлы мектептер және мешіттер салып алды. Әрбір қазақ суға кетіп бара жатқан адамға жәрдем қолын созуға, қиналған адамның өтінішін орындауға, шөлдеген адамға сусын беруді міндет деп білген. Мәселен, біздің өңірде малы тұмаған, қысыр қалған үйлерге ағарған, сүтті сатпайтын. Сондай -ақ, дәулетті адамдар уақытша сауын мал беріп, сауап алса, екінші жағынан тұмса малды жуасыту болып табылған. Рулас адамдар жоғалған немесе ұрланған малды бірлесе іздеген. Дала тұрғыны өте-мөте мұқтаж, кейінге қалдыруға болмайтын шұғыл міндетті орындау қажеттігі туған жағдайда кез келген қазақтың жылқы қосынан ат ұстап мініп кете беруге құқықты болған. Бұл үшін ат иесінен рұқсат сұрау міндетті емес-ті. Ондай кезде көлік беруден бас тартқан адамға ат-тон айып салынған және ол туралы жағымсыз қоғамдық пікір қалыптасқан. Пайғамбарымыз(с.ғ.с) Мединеге келген кезде Әбу Аюб әл -Ансаридің үйінде тұрады. Үй иесі Пайғамбарымыздан(с.ғ.с) қалған тамаққа ықыласты болып, әзіз қолдары тиген асты құрметпен жейтін болған. Осы дәстүр әлі күнге дейін жалғасын табуда. Ас асату- әдет-ғұрпы бойынша ауылдың қариялары не құрметті қонағы жас балаларға, үй иесіне ет асатады. Халық сенімі бойынша, сол адамның қолында береке бар деп сенген. Әйелдер үйде қалған балалары мен жақындарына мереке-тойларда барған жерлерінен *сарқыт* ала келеді. Мұның өзі, бір жағынан, тағамға деген құрметті білдірсе, екінші жағынан, болып өткен мереке тойлардан үйде қалғандардың да дәм татып, қатысты болғанын сезінуге тәрбиелейді. Қазақтарда көптен бері көрмеген жақын-туыстарына қымбат бағалы заттардан, әдемі естелік бұйымдардан, қазы-қарта, мүшелі жіліктерден, сүр еттерден *сәлемдеме* беріп жіберу әдет-ғұрпы да болған. Сәлемдемені алған жақ шын ниетімен разы болып, ізгі батасын беретін. Базарлықтар мен сыйлықтарды туған-туыстар, дос-жарандар мен көрші-қоландар өзара бөлісетін. Ауыл тұрғындары бір-біріне қуанышты хабар жеткізгенде *сүйінші* сұрайтын әдет-ғұрып та болған. Қуанышты хабар жеткізген адамға жақсы сыйлық жасалатын. Саят құру кезінде жас аңшы бағалы олжасын өзімен бірге аңға шыққан адамдардың жасы үлкен ақсақалына байлайтын. Ақсақал алақан жайып, батасын береді. *Бата беру* әдет-ғұрпы сар даламызда кеңінен етек алды. Ол әрбір іске кірісер алдында міндетті саналатын. Бата поэтикалық тілмен жалпы жұртқа қарап тұрып беріледі. Онда бата беруші адам өзгелерге ізгі жақсылық, табыс тілейді. Батаны

жасы үлкен адам немесе жолы үлкен қонақ беруі тиіс. Бата беруші Жаратушы Алладан бақытты өмір, материалдық байлық, әрбір істе табысты болуын тілейді. Бата беру «әумин»деген сөзбен аяқталады. Бата адамдарды лайықсыз, теріс қылықтардан сақтандырады, ол жастарды, ізгілікті әрі қайырымды істерге баулиды. Ислам дінінің таралуына байланысты бұл дәстүр бұрынғысынан да күшейе түсті. Қайтыс болған адамның үй-іші мен туған-туыстарына көңіл айту кезінде де бата беріледі, марқұмның өзіне де, артында қалған үрім-бұтағына да ізгі тілектер білдіріледі. Қазақта ежелден бар тұрмыстық әдет-ғұрыптың бірі - *ажырасу көже*. Оның мәні ауылдың бір тұрғыны басқа бір алыс жаққа көшіп кетерде ағайын-туғандарымен, көрші-қоландарымен қоштасу ретінде ажырасу аяқ деп аталатын тамақ беруінде болатын. Ауылдастарына айтпай, үн-түнсіз көшіп кету көргенсіздік, тәрбиесіздік саналатын. Ал көшіп бара жатқан жақ өздерінің туған-туыстарына, құрметті ауылдастарына көзіміздей көріп жүріндер деп, естелік сыйлықтар қалдыратын. Ал ауылдастары өз кезегінде ризашылығын білдіріп, көш көлікті, барған жердегі қоныстарың құтты болсын айтысып, ақсақалдар ақ баталарың беріскен. Исламның дәстүрімізге сіңіп кеткені сонша, көптеген мақал - мәтелдер Пайғамбарымыздың (с.ғ.с) хадисінен алынған. Мысалы, «Үйден бұрын көрші тап, жолға шықпай тұрып жолдас тап»деген хадис бар. Халқымыз осы өсиетті нақылға айналдырып: «Сапарға шықпас бұрын серігіңді сайла, үй алмас бұрын көршінді ойла» деген. Хадисте : «Асықпау -Рахманнан , асығу- шайтаннан »делінсе, халық арасында: «Асығыс - шайтанның ісі» деген нақыл кең тараған. Сондай-ақ, «Кеңес қылған ел азбас»деп пайғамбарымыз өсиет етсе, осы хадисті халқымыз өмірінің өзегіне айналдырып, бертін келе мақал ретінде айтылып, тіпті, қасына ұйқасын келтіріп былай деген: «Кеңес қылған ел азбас, кеңінен пішкен тон тозбас».

Демек, қазақ даласына келген Ислам діні сонау заманнан дәстүрімізге сіңіп кеткені сонша- дін мен ділдің ара жігін ажырату қиынға соғады.